М. Чорманова передовая русская интеллигенция XIX века считала незаурядной личностью, оказавшим определенное влияние на формирование мировоззрения Чокана Валиханова. Именно поэтому нельзя было не остановиться на отношениях Муса Чорманов – Чокан Валиханов. Несомненно связь эта была благоприятной и взаимовыгодной.

Этнограф Э.А. Масанов совершенно справедливо отмечал:

«М.Чорманов испытал значительное влияние Валиханова, которое сказывалось как в его служебной, так и научной деятельности» [11, с. 199].

В связи с этим актуально звучит высказывание академика А.Нысанбаева, о том, что «важно прослеживать ту духовную нить, которая протягивалась между родами Валихановых и Чормановых» [12].

Родного дядю с Чоканом связывали не только родственные узы, но искренняя и крепкая дружба. Чокан получал от дяди духовную и материальную помощь.

Известно также, что по многим вопросам казахской истории, обычного права и этнографии Чокан обращался к своему дяде. Яркой иллюстрацией этих добрых отношений являются совместные статьи, рапорты и т.д. Например, глубокая по содержанию и идейному значению статья М.Чорманова «О кочевках киргиз», полностью посвящена земельному вопросу, и, по всей видимости, является совместной работой с Чоканом [4].

К такому заключению мы пришли после тщательного анализа и сопоставления её с одноименной работой Ч.Ч. Валиханова написанной в 1864г., но впервые опубликованной лишь в 1904 г. в «Сочинениях» ученого, изданных под редакцией Н.И. Веселовского.

Наше мнение подтверждается и тем, что в примечании к ней Г.Н.Потанин пишет: «Подлинник, написанный писарской рукой, получен мною от Мусы Чорманова, дяди Чокана Валиханова. Хотя он имеет вид официальной записки, поданной степному начальству от имени Мусы Чорманова, но я полагаю, что черновик был написан для дяди племянником» [13, с. 321-326].

Мы предполагаем, что статья имела первоначальный вид официального письма М. Чорманова руководству Западной Сибири с проектом об упразднении Баянаульского приказа, однако затем была отредактирована Ч.Ч. Валихановым под научную статью и им же изменено название.

Наш вывод подтверждают комментарий к «Сочинениям Ч.Ч. Валиханова», изданных под редакцией А.Х. Маргулана: «Наиболее достоверной следует считать авторизованную копию (статьи – Р.Е.), сохраняющую многочисленные поправки и добавления, внесенные рукой Валиханова. Она хорошо отредактирована, официальный тон изложения в ней снят и заменен научными объяснениями, и вместо прежнего официального заголовка («Его превосходительству господину генерал-губернатору Западной Сибири») ей дан новый заголовок «О кочевках киргиз» [7, с. 404-405].

Однако ошибочно мнение комментаторов, что данная работа «написана [Ч.Ч. Валихановым] от имени дяди М. Чорманова» [7, с. 404-405]. Видимо, комментаторы обосновали свое мнение вышеприведенным заявлением Г.Н. Потанина.

Крупнейший специалист по истории этнографической науки Казахстана Е.А. Масанов также считал данную статью совместной работой М. Чорманова и Ч.Ч. Валиханова. Однако, он именует её под другим, архаичным названием: «Один из первых и известных проектов, «Докладная записка» полковника Чорманова об упразднении Баянаульского округа, был написан Чормановым совместно с Ч. Валихановым в 1861 г. Проект отстаивал интересы народа и вносил предложение о наделении казахов зимовками и лесными угодьями» [11, с. 200].

Напомним, что статья «О кочевках киргиз» включает в себя основные положения проекта М. Чорманова об упразднении Баянаульского округа. Ч.Ч. Валиханов дополнил статью серьезными памфлетами с требованием соблюдать права казахов как исконных жителей края в наделении земельными участками [4].

Что же касается материальной стороны помощи М. Чорманову своему племяннику, то обратимся к тексту письма Чингиса Валиханова к своему сыну Чокану в Санкт-Петербург: «Передал я Мусе твой привет и твои слова... Он с огромным желанием готов перевести большую сумму» [7].

Чокан высоко ценил благородные дела М. Чорманова, называл его «на редкость чудным человеком» [6, с. 51]. Чокан постоянно получал от своего дяди духовную помощь, именно в нем он видел единомышленника. «В трудные дни, когда осложнились его отношения с отцом, Чокан искал совета и содействия у дяди» - отмечает академик С. Зиманов в своей монографии о Чокане, написанной совместно с А.А. Атишевым [8, с. 61].

Документально известно, что Чокан Валиханов дважды побывал в доме своего дяди: первый раз, будучи курсантом Омского кадетского корпуса, несколько дней отдыхал в урочище Мырзашокы, отстоящего в 25 км к западу от станицы Баян-Аул; второй раз – осенью 1855 г. после поездки в Семиречье заездом был в урочище Аккелин.

Чокан Валиханов высоко ценил человеческое достоинство дяди. Приведем выдержки из писем Чокана, где он касается личных качеств М. Чорманова.

Письмо из Петербурга отцу Чингису Валиханову от 9 августа 1860 г.: «Аллах знает, пришлет или нет мне деньги дядя Муса. Ведь он на редкость чудесный человек, но просить у него деньги я не стану» [7, с. 139].

Письмо из Петербурга отцу Чингису Валиханову от 4 ноября 1860 г. «Бог даст, через месяц выеду из Петербурга в Париж... В такое время было невредно получить помощь от Мусы» [7, с. 156].

Письмо из Омска К.К.Гутковскому от 4 марта 1864 г.: «Муса Чорманов тоже здесь, и мы живем вместе в вашем доме...

Муса Чорманович на Вас немного претендует. Вы послали всем знакомым свои карточки, а нас забыли. Но, тем не менее он (Муса. – Р.Е.) собирается почтой послать Вам свою карточку» [7, с. 160-161].

Письмо из Омска К.К. Гутковскому от 24 марта 1864 г.: «Завтра мы выезжаем: я в Аулие-Ата, ...Муса в Баян-Аул, чтобы подвизаться в доблестях гражданина... Отец мой совсем перестал ездить в Омск. Муса бьётся как рыба об лёд, и туда и сюда, но пристроиться все-таки не может» [7, с. 160-161].

С каким почтением относился генерал-губернатор Западной Сибири Г.Х. Гасфорт к Чингису Валиханову и Мусе Чорманову можно видеть из письма Чингиса сыну от 6 июля 1860 г. Так, он пишет: «Генерал-губернатор по случаю нашего приезда, т.е. моего, Мусы и Шалгынбая (старший султан Каркаралинского округа – Р.Е.), дал обед в Благородном собрании. Собралось все высшее начальство, играл оркестр...». Далее в этом письме есть описание такого интересного эпизода: «Передал я Мусе твой привет и твои слова: «Не в порядке сюрприза, а в порядке помощи». Он покраснел от стыда. И тут же выказал мне свою обиду на тебя: «Он не дал мне китайскую вазу, повёз её к Вам». Я же сказал ему: «Он увёз её с собой в Петербург и не оставил мне». Этим он был очень доволен. Сильно огорченный своим неверным предположением, он сказал: «Я было, затаил обиду на него, подумав, что он ни во что нас не ставит в сравнении со своим отцом. Поскольку он увёз этот сюрприз с собой, то напрасно я обвинил его в неблагородном поступке». [7, с. 201].

В другом письме Чокану от 19 сентября 1860 г. Чингис Валиханов пишет: «Копию твоего письма переслал дяде Мусе» [7, с. 203].

Видный казахский ученый, основатель чокановедения академик А. Маргулан в книге «Шокан туралы естеліктер» пишет: «Одним из близких людей, с которыми постоянно советовались Чингиз Валиханов и Чокан Чингизович, был Муса. Мать Чокана – Зейнеп была младшей сестрой Мусы. Родина Чокана – Сырымбет была любимым местом и Мусы, куда он часто ездил и проводил время. Позднее, в доме сына Мусы Садвокаса, я нашел 30 писем, адресованных Мусе Чоканом. Письма написаны по-казахски арабской вязью. Примечательно, что все письма начинаются со словами «Аяулы мырза ағамызға» (Любимому брату -

мырзе). В одном из писем Чокан приглашает Мусу в Омск: «Возникшие вопросы мы могли бы решить там». Другая группа писем получены Мусой от Г.Н. Потанина и его жены, и от К.К. Гутковского. После смерти Садыка все эти письма были уничтожены» [10]. Уничтожение писем видимо связано с политикой конфискации и последовавшими за ней репрессиями (в 20-30 е гг. XX века были репрессированы многие потомки Чорманбая).

После смерти любимого племянника Муса Чорманов усердно хлопотал перед колониальными властями о сооружении памятника на могиле Чокана Валиханова. Об этом свидетельствуют следующие строки известного русского публициста, общественного деятеля Н.М. Ядринцева: «Много лет спустя мы, видели двух стариков киргизов, родственников Чокана, один из них был султан Муса Чорманов, они приезжали поговорить о сооружении памятника на могиле Чокана Валиханова…

Беседуя со стариками и вспоминая Чокана, мы были свидетелями, как у этих седых представителей киргизской степи полились слезы» [16, с. 39].

Желание Мусы Чорманова – постройка памятника Чокану Валиханову в урочище Алтын-Эмель было осуществлено в 1881 г. туркестанским генерал-губернатором К.П. Кауфманом и генерал-лейтенантом Г.А. Колпаковским [7. с. 66. 361].

Муса Чорманов вложил немало труда в дело посмертной публикации некоторых статей Ч.Валиханова и прежде всего в провинциальной печати. Свидетельством этому являются записи оставленные Г.Н. Потаниным.

Муса Чорманов хорошо знал устное народное творчество и был постоянным корреспондентом Ч.Ч. Валиханова и Г.Н. Потанина, собирал для них казахские сказки, исторические и генеалогические предания – шежире (буквально – родословие) казахского народа, а также многие свои этнографические материалы передал Н.М. Ядринцеву, учителю, близкому другу Чокана, фольклористу, исследователю Востока Н.Ф. Костылецкому. Часть этих материалов хранится в архивах и рукописных фондах России.

Интерес представляет следующее сообщение Г.Н. Потанина: «Возвращаясь из поездки 1880 года, я заехал в Баянаульский округ, где провел неделю в ауле Мусы Чормановича… Господин Чорманов обязательно предложил мне воспользоваться бумагами, которые были приготовлены им для покойного Чокана Валиханова...» [9, с. 17].

Э.А. Масанов отмечал, что «Ч.Ч. Валиханов постоянно поручал

Чорманову сбор этнографических материалов и требовал от него серьезного отношения к делу» [11, с. 200]. Видимо, именно поэтому Мусе удалось позднее написать несколько блестящих по содержанию и языку этнографических записок [1-5].

Подытоживая наше небольшое исследование, хочется еще раз отметить, что Муса Чорманов являлся не только близким родственником Чокана Чингисовича Валиханова, но был его покровителем, единомышленником, информатором и корреспондентом.

Несомненно, Муса Чорманов прямо или косвенно участвовал в становлении личности Чокана. В то же время мы видим явные факты того, что М. Чорманов формировался сам как этнограф-исследователь под непосредственным влиянием Чокана.

1. Чорманов М. О скотоводстве у киргизов Западной Сибири. – Сельское хозяйство и лесоводство. С.-Пб., 1883, №1

2. Чорманов М. Заметки о киргизах Павлодарского уезда. – Записки ЗСОИРГО. Омск, 1906, кн. XXXII

3. Чорманов М. Зимовки или зимние кочевки. – Семипалатинские областные ведомости. Омск, 1871, № 37

4. Чорманов М. О кочевках киргиз. – Семипалатинские областные ведомости. Омск, 1871, № 33

5. Чорманов М. Поминки по усопшим у киргиз. – Семипалатинские областные ведомости. Омск, 1871, № 32. Акмолинские областные ведомости. Омск, 1873, № 18

6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.4. А., «Наука», 1968

7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.5. А., «Наука», 1985

8. Зиманов С.З., Атишев А.А. Политические взгляды Чокана Валиханова. А., 1965

9. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. А., 1972

10. Маргулан О.Х. Шоқан туралы естеліктер. А., 1983

11. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. А., 1966

12. Нысанбаев А. «Порог нового времени мы переступаем вместе с Сатпаевым». – Казахстанская правда. 4 мая 1999 года

13. О кочевках киргиз. – Собрание сочинений Ч.Ч.Валиханова. Под ред. Н.И. Веселовского. СПб., 1904

14. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Ч.Валиханове. – Собрание сочинений Ч.Ч.Валиханова. Под ред. Н.И. Веселовского, СПб., 1904

15. Рахимов Е.К. Муса Шорманов – общественный, государственный деятель и исследователь традиционной культуры казахов. Автореф. дисс. на соискание ученой степени канд. ист. наук. Павлодар, 2007

16. Ядринцев Н.М. Биографические сведения о Ч.Валиханове. – Собрание сочинений Ч.Ч.Валиханова. Под ред. Н.И. Веселовского, СПб., 1904

ШАШАЕВ А.К.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
отдел меңгерушісі, т.ғ.к. (Алматы қ.)

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АҚ ОРДА ХАНЫ ҰРЫС ХАНҒА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ш.Ш. Уәлиханов шығыс деректерін, соның ішінде «Шейбани-намэ», «Ұрыс шежіресі» (Әбілғазы) секілді еңбектерді зерттей отыра, солардың шығыстық теориялық маңызы жөнінен теңдесі жоқ «Қырғыздардың ата-тегі» атты еңбегін жазды. Көне дәуір материалдарын түпнұсқада оқи алатындықтан: «Джами-ат-таварих», «Бабур-наме», «Тарих и-Рашиди», «Тазкиряи ходжаган» және т.б. шығармаларды талдауға алып, өз еңбектерінде пайдаланған.

Ш.Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде: «Ел арасында Ұрыс әулетінің қалай пайда болғанындығы, қазақтарда оның қай ұлын бірінші хан көтергені де белгісіз. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерде, қазақтарда бұрын Жәнібек деген хан өткен деп айтады, бірақ Жәнібек алғаш өзі хан болды ма, әлде оның аталары хан болды ма, ол жағы көмескі. Қадырғали Жалайырдың («Жылнамалар жинағы») шежіресінде де Ұрыс хан мен Жәнібек ханға қатысты қанағаттанарлық мәлімет жоқ, тек сол жылнаманың 14-бетінде, Ұрыс хан әскерінің оң қанатында 2000 қол қаңлылар, ал сол қанатта – Алаш мыңы дейді де қояды» - деп жаза отырып, бұл мәселенің әлі күнге зерттелмегендігін атап өтеді [1].

Енді Шоқан зертеуінен сәл шегініс жасап, мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелеріндегі Ақ Орда хандарының есімдерін берілу ретіне қарай келтіре кетейік: Орда Ежен, Сартақ, Қоныша, Байан, Сасы-Бұға, Ерзен, Мүбәрак, Шымтай, Ұрыс хан, Қойыршақ және Барақ [2].

Ұрыс ханның Ақ Орданы билеген кезі 1361-1377 жылдары. Ш.Ш. Уәлиханов қазақ шежірелері туралы сөз қозғай отырып, қазақтың өткен тарихы туралы Әбілғазы мен Жалаири мәліметтері соншалықты жүдеу болғанымен, орыс жылнамалары көшпелілердің ертедегі өткенін хронологиялық ретпен, там-тұмдап болса да мәлімдеп отырды деп атап көрсетеді. Олар, қазақ аңыздарындағы ең белгілі хан Жәнібектің билік құрған кезеңін құпия пердесін аша түседі. Шоқан, бір кездері өздеріне хан сайлаған, ел санатына (халық) қосылған қазақ қауымында, көне моңғол дәстүрі бойынша да, олардың ішінде аксүйектер болмады деу шындыққа жанаспайды дейді. Олай болса, аксүйектері бар ел хансыз, сұлтансыз,

қожасыз қалды деу ағаттық: «Алаша ханның балаларынан кейін де, міндетті түрде, қазақтардың ханы болған, бірақ олар кімдер еді? Ұрыс есімді әулет туралы тарихи дерек: Ұрыс шыққан әулет, Әбілғазының айтуынша, Жошының кіші ұлдарынан тарайды, олардың аталары Токай Темір (Шыңғыс хан – Жошы – Токай Темір – Үз Темір – Қожа – Бадағұл оғлан – Ұрыс хан) (Әбілғазы, 178-179 бб.) Бату ұрпақтарының билігі үзіліп, Сарай тағына талас басталғанда Тоқтамыспен тізе қосқан Ұрыс қолы хандыққа жетеді.» [3].

Сонымен, жоғарыда Ш. Уәлиханов келтірген деректің растығын дәлелдеу үшін тарихи фактілерге жүгінейік. Ұрыс ханның әкесі Шымтайдың он жеті жылдық билігі кезінде (745(1344/5) ж. – 762(1360/1) ж.) Ақ Орданың нығаюы мен күшеюімен қатар дәл осы кезде Алтын Орда өзара қырқысулар мен бүліктердің жиырма жылдық қиын-қыстау кезеңіне аяқ басқан болатын. Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Алтын Ордада кезекті аласапыран мен сарай төңкерістері басталды, бір мезгілде тақта бірнеше хан таласып, әркайсысы өз теңгелерін соқтырды [4]. Бытыраңқылық күшейіп, орталық билікті мойындамаған тәуелсіз пеліктер құрылып, өз билеушілеріне ие болды. Алтын Орда тағына бірінен кейін бірі, ал кейде бір мезгілде Жошы ұрпақтарының шығыс тармақтарының өкілдері, атап айтқанда: Темір Қожа, Орда-Шейх, Мұрид және т.б. көтерілді. Осы Алтын Ордадағы жағдайды пайдаланып, Ақ Орда аксүйектері де Жошы ұлысының екі бөлігін (сол және оң қанатын) өз биліктері қол астына біріктіргісі келді. Бердібек хан өлген соң Сарай тағына отыруға, мысалы, Ақ Орда ханы Шымтай ресми түрде шақырылды, ол шақыруды қабылдамады. Бірақ оның балалары, әсіресе Ұрыс Алтын Орда тағы үшін күреске белсене араласты. Осы Ұрыс ханды Қадырғали Жалайыр, Муин ад-Дин Натанзи «батыл мінезді, күшті әрі құдіретті билеуші» деп сипаттаған [5].

Ш.Ш. Уәлиханов жалпы, Ұрыс хан туралы шығыстанушы тарихшылар арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін айта келе төмендегідей талдау жасайды: (Григорьев. История монголов. с. 41) Ұрыс ханның арғы тегі Батудан, ол баласы Бұғай сұлтанның өлімі үшін кек қайтару жолында Темірланмен шайқасты. Ары қарай оқимыз (Григорьев); Темір-Құтлық Бұғай сұлтанның ұлы дейді. Григорьевтің бұл мәліметтері Әбілғазы деректерімен қарама-қайшы келеді. Әйгілі «Түрік шежіресінің» авторы Әбілғазы баһадүр Хиуа ханының тұжырымынша: Ұрыс хан Батудың ұрпағы емес, Токай Темірдің ұрпағы. Темір-Құтлық Токай Темірден болғанымен, басқа аталардан: Жошы, Токай Темір, Үз Темір; оның екі ұлы болады: Қожа және Абай. Ұрыс хан Қожаның

немересі дер Темір Кутлық Әли Темірбектің ұлы, яғни Абайдың шөбересі (Обиходы, III б.) [6].

Міне, сонымен Шоқан Уәлиханов орыс шығыстанушысы Григорьевтің [illegible] отырып, олардағы кеткен олқылықтардың қазақ [illegible] әулеттердің ретін дұрыс көрсетпеуден туындағанын [illegible]

Енді Ұрыс ханның шығу тегін анықтап алғаннан кейін оның [illegible] кезеңіне тоқтала кетейік. Сонымен, Алтын Ордада [illegible] дүрбелең Ақ Орданы да айналып өткен жоқ. Ақ Орданың да территориясында дәстүрлі әулеттік билікті танудан бас тарткан: Түй Кожа Оглан ұлысы мен Теңіз-Бұқа ұлысы пайда болды. Алтын Ордадағы [illegible] жағдайлардың әсерімен Шығыс Дәшті Қыпшақта орын алған тұрақтылықтың тұғырын шайқаған көңіл-күйлер Ұрыс ханның біртұтас [illegible] орнау уақытын кейін шегерді [7]. Тек 769 (1367/8) жылы ғана осы және басқа да ұлыстар талқандалып, олардың билеушілері жойылды. Міне, дәл осы уақыттан бастап Сырдарияның орта бөлігінен (Сығанақ) Жайыққа (Сарайшық) дейінгі территория Ұрыс ханның жалғыз билігі астына біріктірілді. 770 (1368/9) жылдан бастап оның билігінің осы аймақтағы нығаюының белгісі ретінде Ұрыс ханның алғашқы ақшасы (монетасы) шығарыла бастады.

Ш. Уәлиханов өз зерттеуінде төмендегідей мәліметтерді келтіреді: «Қалай болған жағдайда да қазақ билеушісі Ұрыс Тоқтамыс ордасынан қуылған соң Алтын Орданың ханы болғаны рас. Тоқтамыс Темірге қашып барып, Мамай батырдың көмегімен хан болғанша сонда тұрды. Ұрыс хан Тоқтамыспен соғыста жеңілді, оның балалары Григорьевтің сендіруінше («История монголов» деген мақаласын қараңыз). Темірланнан бас сауғалап, әр тарапқа қашты. Ұрыс ханның ұлы Құйыршық Ордада хан болды. Карамзин, тарихшы Шарафаддин Әли Иаздидің аударылған еңбектеріне сүйене отырып былай дейді: Темірлан 1395 жылы Тоқтамысқа қарсы екінші жорығында Ұрыстың баласы Құйыршық оғланды хан етті, оның баласы Барақ, Әбілғазының айтуынша, Алтын Ордада хан болды» [8].

Сонымен қатар Ш. Уәлиханов орыс зерттеулеріндегі Ұрыс хан ұрпақтары туралы деректерді де атап көрсетеді: «Орыс жылнамаларында: 1422 ж. (примечание 24-е к 5-му тому, II главы, История Карамзина) Барақ хан тағы бір Құйдадат (Құдайдат) немесе Chundandaht деген ханды ертіп Одоевка келді дейді (История России Соловьева, примечание 27-е, т. IV). Шильдбергер саяхаты кезіндегі жазбаларында: Кебек, Thebac, Керей Бердіні қуған соң, Едіге Зегре хандығын алды, бірақ ол хандықтан

оны (Machmondom) деген куды, көп ұзамай хан Warach [illegible] ордадан куды. Бірак көп ұзамай өзі де куылды. Зегреп [illegible] Махмұтты өлтірді (Шильдбергер). Барак Кыржақұлы (Қуйыршак [illegible] тиісті) орданың 36-шы ханы дейді. Керей Бердіден кейін Ордада [illegible] отырған хандардың реттік саны: 28. Кәрім Берді, 29. Кебек (Токтамыстың баласы), 30. Шегіре, 31. Жабар Керей Берді (Токтамыстың баласы), 32. Сейід-Ахмед, 33. Дервиш (Илагидін ұлы), 34. Мұхаммед, 35. Дәулет Берді Тас Теміріұлы, 36. Барак Кыржақұлы, 37. Ғийас ад-Дин Шәдібек, 38. Мұхаммед Темір ханұлы. Махмет Ордадан куған, тарихтағы Барак, біздің Барак. Әбілғазының айтуынша, Ичкили Хасан оғланның баласы, Токай Темір әулетінен» [9].

Ал енді Ұрыс хан мәселесіне оралар болсак, тарихи деректердің көрсететіні, дәл осы Ұрыс хан кезінде казак халкының саяси ғана емес, этникалык та шекараларын біріктірудің негізгі міндеттері шешілгендігінде жатса керек. Ұрыс ханның билігі кезінде (1361-1377) Ак Ордада біртұтас этноска тән ортак территориясы, материалдык және рухани ортак мәдениеті бар, бір тілде сөйлейтін, ортак тағдырлас және т.б. белгілерге ие халык тіршілік еткен болатын. Кейіннен оның мемлекеті шенберінде халыктын этникалык ынтымактастығы одан ары өрбіген еді.

Көп жағдайда Ұрыс ханның билікке келуін колайлы жағдаймен байланыстырады. Ішкі биліктің әлсіреуімен Алтын Ордадағы өзара кыркысулардың өршуімен. Бірак та оның шынайы себептері неғұрлым теренде жатыр. Ұрыс хан XIII ғ. 30-жылдарынан бері ертіс пен Сырдария аралығындағы территорияны баскарған билеушілердің ұрпағы XIV ғ. ортасында Ак Орданың күш куатын калпына келтіре алды.

Міне, сонымен Ұрыс ханның билігі кезінде, жоғарыда атап өткеніміздей, Ак Орда өзінің тұракты территориясына ие болып, бір тілде сөйлейтін туыскан рулар мен тайпалардың ортак мекеніне айналған болатын. Кейіннен, жүз жылдардан кейін бұл мемлекет Казак хандығы деп аталған еді. Және де онын бұрынғы территориясы және халкының ортак тілі сакталып калды, тіпті билеушілері де сол күйінде болды.

Билікті берік колына алған Ұрыс хан Төменгі Еділ бойына жорык жасады. Бірак та ол Ак Орда мен Алтын Орданы біріктіріп, Жошы ұлысын калпына келтіруге ұмтылған жок. Онын максаты Еділдің солтүстік жағалауын косып алу болды. Әрине, бұған Алтын Орданың бытыранкылығы жағдай жасап тұр еді. Тағы бір айта кететініміз, ол Еділдің он жағалауына жорык жасаған жок және не Мамайға, не бұлғарларға карсы аттанбады да. Онын сырткы саяси шараларының бірі Жетісу жерін мекендеген туыскан рулар мен тайпаларды Ак Орданын құрамына енгізу

болды. Бірақ та бұл әрекет, тек оның тұқымдары Жәнібек пен Керей хандар кезінде ғана жүзеге асты. Ал Ұрыс ханның билігі кезіндегі аса бір ауыр және ұзақ созылған күрес Әмір Темірдің басқыншылығына қарсы жүргізілді, яғни ол Сырдария бойындағы ортағасырлық қалалар – Отырарды, Сығанақты, Сауранды және т.б. өзіне бағындыруға тырысқан болатын.

Ұрыс ханның билігі кезіндегі жоғарыда аталған белгілерге, яғни мемлекеттің бірігуіне қосымша ортақ дін – исламның қосылуын атап өтеміз жөн. XIV ғасырда Қазақстан тұрғындары бұл дінді толығымен қабылдады.

Ұрыс ханның, кейіннен оның мұрагері Тоқтақияның өлімінен кейін Ақ Ордадағы билік Әмір Темірдің көмегімен Ұрыс ханның баласы Темір-Малікті және оған берілген әскерлерді қырып-жойған Тоқтамысқа өтеді.

Тоқтамыс, өзінің әкесінің ұлысын жоғалтып алғанына мойынсұнбастан, ларынсыз әскери-саяси қызметі мен алысты болжай алмайтындығы себепті, асығыс жүргізген шараларының нәтижесінде Ақ Ордада күлдіраушылықтың басталуына ғана емес, тіпті бүкіл Жошы Ұлысының күйзелісіне жол ашқан болатын.

1. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б. (118).

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. II т. – Алматы: «Атамұра», 1998. – 640 б. (109).

3. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-бас. – 120 б.

4. Савельев С.П. Монеты ожучиоов, ожагатаидов, ожаалиридов и орулис, обращавшиеся в Золотой Орде в эпоху Тохтамыша. – Вып. 2. – СПб., 1858. – С. 227-229.

5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – С. 199.

6. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-бас. – 121 б.

7. История казахской государственности (ерте- и средневековье). Монографическое исследование. – Алматы: «Адамдар», 2007. – С. 276.

8. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-бас. – 121 б.

9. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-бас. – 121 б.

СМАГУЛОВА С.О.
т.ғ.к., доцент
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
(Алматы қ.)

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

1913-1918жылдараралығындаказактіліндешығыптұрғанұлтымыздың тұңғыш газеті «Қазақ» казак халкының тарихын, онын ұлы тұлғаларынын өмір жолдарын, халкына сінірген еңбегін халыкка таныстырған бірден-бір басылым болған. Ұлтымыздың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ Шокан Шынғысұлы Уәлихановтың ғалымдык тұлғасын, ғылым саласына коскан үлесін алғаш рет казак тілінде окырмандарына таныткан, оның еңбектерін бағалаған осы «Казак» газеті.

«Қазак» газетіне Шокан Уәлихановтын өмір жолдарын толыктай баяндап жазған ұлт зиялысы Міржакып Дулатов. Оның кайраткерге арналған макаласы «Шокан Шынғысұлы Уәлихан» деп аталады. «Казак» газетін зерттеген ғалымдардын бірі Ө. Әбдіманов Міржакыптын бұл макаласын «...комакты да көлемді, алымды да көрнекті дүние» дей отырып, онын Шокан өмірін шынай көрсетуін үлкен жетістікке бағалаған [1, 146-147-бб.].

М. Дулатовтың бұл макаласы газеттін 1914 жылғы 71,73,76,77 сандарына жарияланды. Осы макаладан бұрын «Казакка» 1913 жылдын 23 мамырында 15 санында «Кыр баласынын» Григорий Николаевич Потанин жайындағы хаты басылып, онын кытай, монғол, казак елдерінің этнографиясы мен фольклоры туралы айткан пікірі жайында сөз козғаған еді. «Потанин дүниедегі тілдердің бәрінде айтылған неше ертегі, макал, өзге сөздерін карастырып, сынап, кай жұрт кай жұрттан өнеге, үлгі алғанын шығарып отыр», - деп жаза, онын окуды Омбы корпусында Шокан Уәлиханмен бірге окығандығын келтірген болатын [2].

Міржакып макаласында Шокан өз артына кітап калдырғандығын, алайда бұл кітап жайлы карапайым казак түгіл окығандардын өздері сирек білетіндігін, осы себепке орай «Казак» аркылы Шоканның кім екендігін көпшілікке таныстырмак ниетте екендігін айтады. Потанин да Шокан кайтыс болғаннан кейін онын бар кезінде казактар шығармасын оки алмағанына катты өкініш білдірген.

Міржакып Шоканнын казактардың кен танымал еместігін уакытка байланыстырды. «...онын опатына биыл 49 жыл өтті. Казак сиякты өнер-

білімнің асылын танымаған, қаламымен қызмет етушілердің қадірін білмеген жұрт» 19 жыл ұмытарлық көп заман», - дей келе, Шоқанның жазғанын оқиды, артында қалдырған сөздерін оқырмандарының түсінуін дұрыс санады. Ол мақаласын Шоқанның шыққан ата-тегінен бастаған. Шоқанның Орта жүздің атақты ханы Абылайдың шөбересі, Уәли ханның немересі. Шынғыс төренің үлкен ұлы екендігін, XIX ғасырдың 40 жылдарында патша үкіметі Уәлихановтарға Сырымбеттен ағаш мешіт салып үй салып бергендігін, Шоқанның әкесі Шынғыс Омбыдағы қазақ-орыс балаларына арналған мектепте оқып келгеннен кейін Сырымбеттен көшіп, Кокшетау уезіне қараған Құсмұрын деген жерді мекен етіп, аға сұлтан болғандығын келтірген.

Жалғы Міржақып Дулатов Уәлихановтар әулетінің қазақ жерінде ғана емес, көршілес жатқан Қытай үкіметінде белгілі болғандығын айта келе, сол әулеттің ішінен Шынғыстың ағасы, Уәлиханның үлкен баласы Абдолланы ерекше бөліп көрсетеді. Абдолланы Орта жүз хан есебінде көтерген. Қытай үкіметі де оның хандық дәрежесін мақұлдап өз тарапынан «уаң» деген дәреже берген. Алайда Ресейлік патша үкіметі оны ұнатпағандықтан жер аударған. Березов деген жерде айдауда жүрген кезінде қайтыс болса керек. Бұл мәліметтерді Міржақып Шоқанмен бірге оқыған досы, әрі кейін атақты ғалым болған Г.Н. Потаниннің жазғандарынан алған.

Міржақып Абдолла жайлы тағы да бір мағлұмат келтіреді. Ол қазақтың көне қарияларының айтуы. Абдолла (Абайділда) айдаудан аман-есен қайтып оралып, еліне қосылған. Бұл жерде ол Орымбай ақынның айтқанын келтіре отырып, осы екі мәліметтің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігіне көз жеткізе алмай отырғандығын. Абдолла хан жайында Шәкәрім шежіресінде де жазылмағандығын жаза келе, келешекте осы мәселенің анық-қанығына жеткенді дұрыс санайды.

Міржақып Дулатов Шоқанның шеше тегін де саралап берген. Шоқанның анасы Зейнеп ханым Баянауылдың атақты биі Қаржас Шорман екендігін, анасының ағасы Мұса мырза Алашқа даңқы шыққан қадірлі би болып, патша үкіметінен полковник шенін алған, Баянауылда аға сұлтан болғандығын, еуропаша үлгідегі адам болып, көп уақыт Омбы қаласында тұрып, Петербургка екі рет барып қайтқандығын келтірген. Ол осы Мұсаның баласы Сәдуақас Шорманов Петербургте өткен мұсылмандар съезіне Семей облысынан қатысқандығын да атап өтеді.

Мақалада Шынғыстың Шоқаннан басқа Махмұд деген кемтарлау баласы мен Нұрида деген қарындасы болғандығы, қарындасы жоғарыда

алынған Сәдуақас Шормановка ұзатылғаны да айтылған. Ол Шоканның туған жылын 1837 жылы деп жансақ берген және оны карынбастарының нақты санын көрсетпеген [3].

М. Дулатовтың мақалада көрсеткен Шоканның інісі жайлы кейінгісі яғни 1916 жылы «Қазақта» Жүсіпұлы Обуһәйренің «Мақы Шынғысұлы Уәлиханов» деген мақаласы жарияланып, онда 22 ақпанда 71 жасында қайтыс болғандығы хабарланып, өмір жолдарын сарлап берді. Шоканның әкесі Шынғыс төре 1855 жылы Петербургке патша ағзамға казак делегациясымен барған уақытында кемтар баласы Мақыны (Махмұд) өзімен бірге ала кетіп, мылқауларды оқытатын мектепке кіргізіп қайтқан. Мақы бұл мектепте елге бармай 12 жыл оқып, сол мектептен суретші болып шыққан. Алайда елге келгеннен кейін мектептегі оқуын толықтыра алмай, тек сурет салу, түрлі ою, орысша, казакша сөздер жазумен машықтанса керек. Мақалада оның ағаштан түйме түйетін шебер, сағат істеуге шебер болғандығын тіпті Омбыда өткен көрмеге жасаған бұйымы қойылғандығы, үкімет қызметінде де болғандығы айтылады. «Ағасы Шоқан кандай іске түссе, бұл кісі де сондай іске түсетін адам. Жұрт тілі бәрін оқыта алмаған кезінде ана Шоканмен бірге жарыстырып Мақыны оқыткан атасы Шынғыс төреге көрген, білген, естіген адамдары алғыс айтуға міндетті» делінді мақалада [4].

Міржақып Шоканның Омбы кадет корпусында оқыған кездерін суреттеп береді. Оны ауылдан шекара басшысының аудармашысы В.И. Добчинский алып келгендігін, әскери оқуға кірісімен-ақ зеректігімен көзге түскендігін келтіреді. Мақалада автор Г. Потаниннің естеліктерін көп қолданған. Шоқан түскен жылы кадет корпусына Петербордан Ждан-Пушкин, Т. Гонсевский сияқты адамдардың келуі жана рух кіргізіп, корпуста тәрбиеленушілердің оқуға деген ынтасының арттырғандығын көрсете отырып, оның ұстаздарына мінездеме береді. Мәселен, Ждан-Пушкинге «ашық, жақсы мінезді, түзу пікірлі, шет тілдеріне жетік, білімді, Европа әдебиеті мен тарихты жақсы білетін» ұстаз десе, ал Казан университетінің Шығыстану факультетін бітірген Н.Ф. Костылецкийді «білімді, өткір мінезді, турашыл, бірнеше тілді білетін ориенталист», Е.И. Старков пен Г.В. Гонсевскийді «ақылды, оқымысты» деп бағалаған. Аталмыш ұстаздардың білімді, шәкірттеріне сыйлы болғандығын, Костылецкийдің ориенталист Березинге казак тіліне, ауызша әдебиетіне, ертегілерге қатысты материалдарды жинап көмектескендігін Г. Потанин 1904 жылы шыққан Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағында атап өткен [5, с. 6-12.].

Сонымен катар К.К. Гутковский, С.Ф. Дуров жайында да шағын

мәліметтер бар. Поляк офицері Гутковский оқымысты жайлы [illegible] ретінде көрсетілген. Негізінде бұл оқымысты жайлы 186[illegible] жылы А. Гейнс күнделіктерінде жазса, Г. Потанин 1913 жылы [illegible] жайлы [illegible] жариялаған естелігінде ол туралы жылы [illegible] ғалымдар Ивкей Марғұлан, С. Зиманов пен А. Атишев [illegible] Шоқанмен етене араласып, Қашқар мәселесі бойынша [illegible] бағдарлама жасағандығын жазған [6].

М. Дулатов Потанин мен Шоқанның арасындағы достықты [illegible] жазады. Екеуінің корпуста бірге оқып, бірге жүргендігін Потанинмен [illegible] сүйене көрсетеді. Потаниннің қазақ тұрмысына [illegible] мағлұматтарды Шоқаннан сұрап, көп нәрселерді үйренгенін [illegible] оның жазып алғанының тұсына Шоқанның қажетті суретті [illegible] салып беретіндігін де атап өтеді.

Шоқанның ғылымға деген бейімділігі 14-15 жасында, яғни [illegible] корпусында оқыған жылдары қалыптасқандығы да айтылады. Бұл [illegible] автор Шоқанның ғылымға деген құлшынысын көп ғылыми кітаптарды оқумен, Орта Азияға қатысты мағлұматтарды жинаумен байланыстырады [7]. Жалпы, ғалымның шығыс халқының тарихын, қазақ халқының үйсін, керей, найман секілді рулардың шежіресін тарихи деректермен салыстырып қарастыруға құштарлығы П.П. Семеновпен танысқаннан кейін ұлғая түскен. Досы Г. Потанин екеуіне Семенов Петербург университетінің шығыстану факультетіне түсуге кеңес берген. Мақалада көрсетілгендей, Шоқан Семеновтың көмегімен Карл Риттердің «Азия» деген кітабымен таныскан [8].

П.П. Семеновтың кім екендігі жайында газеттің 54 санында жарияланған «Қыр баласының» мақаласында шағын мәлімет келтірілген. Онда Карл Риттердің «Азия» кітабын орыс тіліне Г. Потанинмен бірлесе аударғандығы және Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Іле, Алатау, Ыстықкөл, Тан теңізі сияқты жерлерімізді жазғандығы және Шоқанды ғылым жолына бастағандығы айтылған. «1858-ншы жылы Түркістанға барып келе жатып, Омбыда жас офицер Г.Н. Потанинмен біздің қазақтың орысша оқығанының жалғызы Шоқанға жолыққан. Шоқан менен Потанинді ғылым жолына бастаған осы Семенов еді. Семеновтың ақылымен Шоқан, Потанин Петербор барып, университетке келіп тыңдайтын студент болған», - делінді мақалада [9].

Шоқанның декабристермен таныстығы саяси өрлеуіне, көзқарасының кеңеюіне алып келді. Әсіресе, Н.Г. Чернышевскийдің досы Лобадовский, С. Капустин, С.Ф. Дуровпен таныстығы, достығы оның саяхатшы, ғалым, қоғам қайраткері болуына ықпал еткені сөзсіз.

М. Дулатов Ш. Уәлихановты географ, саяхатшы ретінде [illegible] білген. Онын Қашкарияға саяхатын дүниежүзіне қосқан [illegible] деп санаған. Шоқан 1858-1859 жж. осы сапарында [illegible] мен қауіп-катерге карамастан Қашкарияның экономикалық [illegible] құрылысын, тарихын, этнографиясын, рухани өмірін зерттеп, [illegible] туралы мағлұматтар жинаған. Сөйтіп, үш ғасырдан астам зерттеу [illegible] баруға қорыккан бұл жерде ол Әлімбай деген саудагер есебінде [illegible] Қашқар каласы мен Алтын шаһар елі жөнінде сол кезде құны жетпе[illegible] мағлұматтарды әкеледі.

Мақалада Қашкарияға баруға Семейде жасақталған бұл керуенге Шоканнын баска есіммен енуіне көп ықпал еткен түркістандық Бұкаш (бір жерлерде Бокаш деп келтіріледі – С.С.) деген саудагер делінген. Шоканнын өскен ортасын зерттеген С. Өтенияз осы Бокаштың барлық құжаттарда экспедиция бастығы болғанымен, Қашкарияға өзі емес балалары барғандығын, сонымен катар Сырткы Істер министрлігі мұрағатында Шоканнын осы сапарға катысы бар адамдардын тізімін бергенде осы Бокаш Ауыповка сыйлық бергендігі жөнінде жазады [10, 97-б.].

Міржакып көрсеткендей, Бұкаш Шоканды Қашкарияға Семейге келіп, кейіннен Саратовка кетіп, сол жактан кайтпай калған бір кашкарлык саудагердің Ғалым деген баласы ретінде жіберуді ұсынған. Шокан осы Ғалым болып барып, кейін кері Бұкашпен кайткан.

Автор Шоканнын атына айтылған «мұсылманға карсы әрекет етіп, мұсылман шаһарларын алдыртыпты» деген пікірге қосылмайтындығын білдіреді. Оны Шоканға жабылған жала, үкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі, ак жүрек ұлтын сүюші жігіт болғандығын атап өткен. «Шоканнын талабы ғылымға ұмтылу, казак халкына пайда келтіру, казак халкынын тұрмысын, рәсімін, тарихын аныктау жолында болған. Шоканнын ғұмыры ұзын болғанда, артына канша пайдалы нәрсе калдыруында шек жок, казак жайынан жинаған канша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған», -дейді.

Жалпы, М. Дулатов Шокан Шынғысұлы Уәлихановтын жазып калдырған көптеген жазбалары мен жинаған материалдары жарыкка шыкпай жоғалып кеткеніне кынжылыс білдірген. Дегенмен артында калған енбектері 1904 жылы Н.Н. Веселовскийдің жалпы редакциясымен Петербордағы Орыс географиялык императорлык коғамынан 531 бет көлемінде тандамалы жинак ретінде басылып шыккандығын айта келе оған кірген басты енбектерін тізіп көрсетеді. Бұлардын ішінен Абылайхан туралы, 1858-1859 жылғы Алтышар жайынан түгел мағлұмат,

Көгедай төренің өмірі, казак шежіресі жайынан және т.б. [illegible] өтеді. Бұл еңбектерінің казак жайынан көптеген мағлұмат беретіндігі [illegible] көрсетеді [11].

М. Дулатов Шоқанның жарқын бейнесін ол туралы жазылған еңбектерге, естеліктерге және ғалымның нақты еңбектеріне сүйене отырып жазып, күллі казақ оқырмандарына мәшһүр етті.

Жалпы «Казақ» газетіне жарык көрген Шоқан және оның достары, замандастары, ұстаздары жайындағы макалалардың маңызы зор. Кейіннен Шоқан өмірі мен қызметіне, шығармаларына қатысты еңбектерде жазылып, оның ғылым саласына косқан үлесін бағалануына газетке жарияланған макаланың септігі тиді деп нык сеніммен айта аламыз.

1. [illegible]ханов Ө. «Қазақ» газеті. А., 1993. 146-147-бб.
2. Қыр баласы. Григорий Николаевич Потанин // Қазақ. 1913. №15. 23 май.
3. М.Д. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан // Қазақ. 1914. №71. 24 июль.
4. Ақсұтұлы Әбунәйре. Мақы Шыңғысұлы Уәлиханов // Қазақ. 1916. №185. 16 июнь.
5. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Ч. Валиханове // Соч. Ч.Ч. Валиханова. СПб., 1904.
6. Маргулан А.Х. Валиханов по отзывам современников // Вопросы истории. 1967. №4. Зиманов С.З., Атишев А. Политические взгляды Ч. Валиханов. А., 1965.
7. М.Д. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан // Қазақ. 1914. №73. 8 август.
8. М.Д. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан // Қазақ. 1914. №76. 31 август.
9. Қыр баласы. Петр Петрович Семенов // Қазақ. 1914. №54. 16 март.
10. Өтенияз С. Шоқан өскен орта. А., 1995.
11. М.Д. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан // Қазақ. 1914. №77. 7 сентябрь.

ЖҮГЕНБАЕВА Г.

М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты (Алматы)

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ АУЫЗША ТАРИХ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ халкының тарихи санасының қайнар көзі – руханияты. Ауызша дамыған рухани мұрадан ұлттың хас белгісін (ділді) алғаш көре білген, және оны ғылыми әлемге сол тұрғыда таныстыруға ұмтылған Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болатын. Қазақтардың ұлттык діліне, өткеніне, оны сақтаушы - руханиятына деген адалдығы, халықтың аса қабілеттілігі Ш. Ш. Уәлихановқа ғана тән зерделілікпен шебер сипатталып, талдауға алынады.

Қазак оқымыстысы халықтың тарихи зердесінің асыл қазынасына

аталған рухани мұраларды тарихи аңыздар, аңыз-хикаяттар, [illegible] тарихи жыр, шежіре («XVIII ғ. батырлары туралы тарихи аңыздар», «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының аңыздары мен әпсаналары»; «Ал[illegible]», «Қырғыз шежіресі», т.б.) деп атап көрсетіп, із-ізденістерін қалдырды [1].

Деректемелік маңызы зор ғалым еңбектері ұжымдық тарихи [illegible] мәселесінің маңызды сұрақтарын шешуге көзқарас салады. Тіптен [illegible] тарихнамада аталмыш ғылыми нысанды орнықтыру, оның терминология мәселесінің өзі күні бүгінге дейін бірізділіккі түспей келеді. Зерттеу мәселесінің ұғымдық-категориялдық аппаратын қалыптастыруда Шоқан бастамашылдық таныткан. Еңбектерінде халықтың тарихи санасына қатысты сұрақтарды талдауда «халық жады» («народная память») деген сөз тіркесін жиі қолданады [2]. Мұның өзі зерттеушінің халықтың ауызша руханияты түрлі атаулармен аталғанымен, бәрі бірігіп халықтың біртұтас тарихи зердесін құрайтынын дәл танығаны деуге келеді.

Кез-келген ұлттың, мейлі ол қазақ, орыс, үндіс, зулус, француз, моңғол, араб, эвенк болсын, онын өткені, тарихы жайында мәлімет беретін ұлттық төл деректерінің бастауы – фольклоры мен ауыз әдебиеті [3-4]. Өйткені, адамзат жазба мәдениетке дейін де өмір сүріп [5], саналы тіршілік иелері ретінде тұрмыс-тіршілігін, шаруашылық кәсібін, дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, мәдениетін, өз өмірінде басынан өткерген түрлі маңызды оқиғаларды, тарихын артындағы ұрпақтарына тіл-құлақ және жад арқылы ауызша (аталған рухани мұраларында сақтап) жеткізіп келді.

Тарихи деректердің бұл түрінің өміршеңдігі мынада: материалдық деректер уақыт, табиғат сынына шыдай алмаса, халықтың ауызша шығармашылығы адам санасында мәңгі сақталатын қасиетке ие. Сонысымен ол тіптен кейінгі тарихы мүлдем басқаша қалыптасқан, тарихи-саяси жағдайлардың себебінен бір-бірінен ажырап қалған халықтардың түптамырлық, тарихи туыстығын айқындауда негізгі тарихи деректердің қатарында тұра алады. Жазба мәдениеті тұрақсыз немесе өшіп қалған кезендердің өзінде халық ауызша шығармашылығын ұмытпайды.

Адам санасының жаңды тіршілік иелері арасындағы ерекше мүмкіндігімен түсіндірілетін бұл өлшем оны алмастырар күш жоқ екенін ұқтырады.

Сөз өнеріне негізделген ауызша дәстүр жетекші орында тұратын адамзат қоғамын ғылымда дәстүрлі немесе индустриалды-модернды дамуға дейінгі қоғам (Еуропада пайда болып, жаңалық пен прогресті ұстанған және жалпыәлемдік мәдениетке ықпал еткен индустриалдық-модерндік мәдениет) түрінде анықтайды [6].

Осы арада дәстүрлі қоғамның басты сипаттарына, негізгі белгілеріне жете тоқталған жөн. Бұл проблеманы тарихтану тұрғысынан зерттеуге бағытталған методологиялық бағыт болуымен қоса терминологиялық алаңдаушылықтың себебін түсінуге сеп болмақшы.

Алдымен «дәстүр» (лат. Traditio - жеткізу; берілу) [7] терминінің анықтамасын келтірейік. Қазақ тіліндегі «Ұлттық энциклопедия» аталған терминге ұлттық сипатпен көрсетеді: «Дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, ұзақтың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Дәстүр өз ішіне қоғамды басқару жүйесін, әлеуметтік қарым-қатынас пішімдерін, шаруашылық жүргізу тәсілін, әлеуметтік мұра нысандарын (материалдық және рухани құндылықтарды), оларды ұрпақтан ұрпаққа қалдыру үрдістері мен тәсілдерін қамтиды. Белгілі бір қоғамдық тәртіптер, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялар, салт-жоралғылар, т.б. дәстүр ретінде қаралады. Қазақ халқы дәстүрге бай халық. Ұлтымыздың тамаша дәстүрлеріне үлкенді сыйлау, қонақжайлылық, қайырымдылық, бауырмалдық, төзімділік, арлылық т.б. жатады» [8].

«Дәстүр» ұғымының мағынасы кең, қоғамдық өмірдің барлық салаларында кездесетінін, онын ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстылығын естен шығармаған жөн.

Дәстүрлі қоғамдарда руханият синкретті сипат алады. Бұл білімнің салаланбаған, дербестелмеген кезені. Мұнда фольклор, ауыз әдебиеті, халықтық дүниетаным, салт-дәстүр, тарихи сана, өнер бәрі араласып келеді.

Дәстүрлі қоғамның рухани мәдениетіне фольклор мен ауыз әдебиеті жатады. Фольклорды біз калай түсінеміз? Ол үшін 1974 жылы жарық көрген «Тарих» энциклопедиясындағы «фольклор» термині мен ұғымына кезек берелік.

Фольклор (ағылшын тілінде: folklore-халық білімі, халық даналығы), халық поэзиясы, халықтың поэтикалық шығармашылығы, ауызша халық шығармашылығы, - бір немесе бірнеше халықтардың ауызша көркем шығармашылығының сан алуан түрлері мен формаларының жиынтығы. «Фольклор» терминін 1846 жылы ағылшын археологы У. ДЖ. Томс енгізген. Ал ғылыми термин ретінде 1878 жылы құрылған ағылшын «folklore Society» фольклорлық қоғамы ресми қабылдаған.

Адамзаттың тілі калыптаса бастауымен пайда болысымен-ак, ол көне дәуірде рухани мәдениеттің барлық формаларын қамтыды. Оған тұтас синкретизм – функционалды және идеологиялық (фольклордағы

көркемөнердің, тарихи білімнің, ғылымның, діннің және т.б.көріністері) әлеуметтік (фольклордың қоғамның барлық жіктеріне қызмет етуі), жанрлық (эпос, ертегі, аңыз, миф, ән, бірінен-бірі ажырамаған), формалық (сөз - мәтіннен тыс элементтер - екпін, ырғақ, қимыл, мимика, би, кейде қолданбалы өнермен) болу тән.

Ерекшеліктеріне әдебиетпен бірге өмір сүретін сипаты мен оған қарама-қайшы белгілері жатады: ауызшалығы, ұжымдылығы, халықтығы, көп нұсқалығы, сөздің басқа өнер түрлерімен бірлігі. Әрбір шығарма ұжымдық поэтиканың негізінде пайда болды. Тыңдаушылардың белгілі бір тобына арналды, егер ұжым қабылдаса тарихи өмірге не болды. Оған түрлі орындаушылар енгізген өзгерістер әр қилы – стилистік нұсқадан негізгі мағынасын өзгертуге дейін, алайда мұның бәрі кезеңнің идеологиясының шеңберінде және ортаның эстетикалық талғамы тұрғысында жасалды. Фольклордағы шығармашылық процестің ұжымдылығы оның дарасыздығы дегенді білдірмейді. Дарынды шеберлер жаңа әнді, ертегіні шығарумен ғана айналысқан жоқ. Сонымен бірге оның таралуына, жетілуіне, дәстүрлі мәтіннің қоғамның жаңа тұрпатына бейімделуіне ықпал етті». Бұл арада аталмыш тарихи деректің «авторлығы» мәселесі де қозғалатындығын аңғаруға болады. Оның тарихи деректілігі әсіресе, ежелгі, ерте кезеңдерді зерттеуде маңызды. «Халық бұқарасының әлеуметтік психологиясы мен идеологиясының тарихи дамуын анықтауда фольклор (археологиямен бірге) тарихи деректің теңдессіз түрі болып табылады. Мұндағы проблеманың күрделілігі, архаикалық фольклорлық шығармалар XVIII-XX ғғ. жазбаларында ғана немесе кейінгі эстетикалық жүйе ішінде кездеседі».

Фольклордың дамуының ерекшеліктері, қалыптасуының тарихилығы оған қатынастың да ерекше болуын талап етеді. Бұл жайында «фольклорды тарихи конструкцияға пайдалану сақтықты және оған қосымша салыстырушы материалдардың қатысуын қажет етеді. Фольклордың түрлі жанрларында тарихи шындықтың бейнеленуінің ерекшеліктері ескеріледі. Бұл оның эстетикалық, танымдық, ғұрыптық, және басқа да функцияларды түрліше біріктіруін ескеру болып табылады.

Әуелгі шығарушылары - тарихи білім ретінде қараған жанрларды (прозалық тарихи аңыздар мен хикаяттар, жырлық тарихи эпос) зерттеу тәжірибелері көрсетуінше, сюжет, персонаж, олардың іс-әрекет уақыты мен эпикалық географиясының нақты шынайылыққа, ондағы тарихи оқиғалар мен хронологияға, әлеуметтік және географиялық ортаға тура келмейтінін көрсетті».

Тарихи сананың қалыптасуындағы «мифтік санадан» өту фольклорда

айқын көрінеді. «Халықтың көркем-тарихи ойлауы эмпирикалық және оқиғаларды нақты баяндаудан емес, алдымен оның поэтикалануы және анималистік фантастикалық өңдеуі арқылы жүріп, мифологиялық [illegible] шындықтың фантастикалық бейнеленуінің мифологиялық [illegible] көрінуі арқылы басталды (адамзаттың отты, қолөнерді, [illegible] мәдениетін меңгерудегі табыстары және т.б. фольклорда прометейлік [illegible] «мәдениет герой» образында персондалды). Одан батырлық жырға [illegible] басталып, ең соңында тарихи әндерге (шынайы тарихи жағдайлар [illegible], оқиға мен адамдар нақтылығы) немесе тарихи балладаларға [illegible] жоқ геройлар мен киялдан жаралған батырлар реалды-тарихпен жақын жағдайға әрекет етеді) ауысады.

Тарихи аңыздар мен эпикалық әндердің кейбір сюжеттерінде эмпирикалық тарихи фактілер емес, әлеуметтік-тарихи тоғысулар, халықтың саяси және көркемдік санасының тарихи жағдайы және [illegible] ғасырлардағы фольклорлық дәстүрдің қатысулары арқылы қоктей өтіп жүретін тарихи шындық қалыптасты» [9].

Фольклордың пайда болуынан бастап, оның ішкі-сыртқы сипатын жете түсіндіретін тұжырымның - мұраны жаңа таныммен тарихи аспекті де қарастыруға мүмкіндігі мол.

Қазақ халқының фольклоры тым көптігімен және сан түрлілігімен ерекше. Оның ұлттық тарихи деректік қасиетін ерте аңғарып, бағалаған энциклопедист-ғалым Халел Досмұхамедұлы. Х. Досмұхамедұлы өзінің белгілі еңбегінде: «Қазақ әдебиетінің негізін халық әдебиеті құрайды. Қазақтың халық әдебиеті саны жағынан аса бай, мазмұны жағынан өте алуан түрлі. Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады» – деп анықтап, барынша кең тарамдалған классификациясын ұсынды: «1.Жыр (эпос): а) батырлық, ә) тарихи, б) хайуанаттар; 2. Ертек; 3. Мақал мен мәтел; 4. Жұмбақ; 5. Ырым сөз; 6. Жаңылтпаш; 7. Наным-сенім; 8. Әпсана; 9. Он екі жылдық жыл есебі – мүшел (жыл мезгілі, ай, апта күндері, олардың шығуы мен мәні туралы әңгімелер); 10. Перілік хикаялар (Жалмауыз кемпір, Жезтырнақ, Албасты, Марту, Қара, Обыр, Үбе, Жын, Пері); 11. Космогониялық әңгімелер (аспан шырақтары, күн күркіреу, найзағай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, кемпіркосақ т.б.); 12. Түс жору; 13. Ойын және онымен байланысты түрлі мәтел, тақпақ, әңгіме; 14. Аңыз; 15. Шежіре: а) жеке адам, ә) тайпа; б) ру, в) ата, г) хан; 16. Тұрмыстық жыр («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян-сұлу», «Айман-Шолпан», т.б.); 17. Айтыс: а) ру айтысы, ә) тайпа айтысы, б) қыз

бен жігіт айтысы, в) жұмбақ айтыс, г) хат айтыс; 18. Мақтау өлеңдер: а) жеке адамды мақтау, ә) тұтас руды немесе атаны (ата жұртты не белгілі бір жерді), в) қандай да бір оқиғаны, затты, жануарды, т.б. мақтау; 19. Жоқтау: а) қаншыс болған кісіні не жер аударылғанды: ә) ата жұртты, б) жастықты, в) сүйгенін, т.б.; 20. Жылау-сықтау; 21. Көңіл айту, жұбату; 22. Сатира, пропия және эпиграмма (жамандау, мыскыл, келеке, кекесін-келемеш, шолу); 23. Билік сөз; 24. Бата, алғыс; 25. Қарғыс; 26. Күлкі, көңіл ашу сөз; 27. Әзіл; 28. Үгіт өлең; 29. Зарзаман, толғау; 30. Патша мен Қоқан үкіметіне қарсы және чиновниктердің бассыздығына қарсы қыздырушы, намыстандырушы өлең; 31. Болжал өлең; 32. Өсиет өлең; 33. Ғұмырнама мен өмірбаян; 34. Бесік жыры; 35. Үйлену тойы жырлары: а) жар-жар; ә) тойбастар; б) беташар; 36. Ғашықтық өлең (жігіт өлені); 37. Қоштасу өлеңі; 38. Көрісу өлеңі; 39. Сәлем өлеңі; 40. Әруақпен сөйлесу; 41. Емшілік өлеңдер: а) баксының жын шақыруы, ә) оқу, б) арбау, в) кошіру, қағу, г) дем салу, үшкіру, д) садақа сұрау, құдайы, нәзире, ж) кітап ашу, з) бойтұмар, и) құмалақ ашу, жауырын қарау; 42. Өтірік өлең; 43. Жарамазан; 44. Боғауыз өлең; 45. Діни әдебиет; 46. Араб-парсы өмірін көрсететін әдебиет (қысса) [10].

Бұларды мақсатымызға қарай тұрмыс-салт жырлары, эпос, шежіре, тарихи-әлеуметтік жыр-толғаулар деп топтау ыңғайлы.

Аталған халық әдебиеті үлгілері тұтасымен қазақ халқының «ұлттық менін» әйгілеп тұр. Сонысымен-ақ олар сол ұлт жайындағы ең негізгі ұлттық тарихи дерек. Оларды халықтың өзі жаратып, өзі туғызғандығымен деректік салмағы арта түспек. Бұл деректер өзін қажет еткен қоғам туралы сан алуан мағлұматтар беретін дерек көздері.

Енді ауыз әдебиетінің ұлттық тарихи деректік қасиетіне қысқаша тоқталайық. Ауыз әдебиеті дегеніміз – Сөз өнері импровизацияға (шығарманы алдын-ала дайындықсыз өз ойынан суырып салып шығару) негізделген, ауызша шығарылып, ауызша таралған жеке авторлық мұралар [11].

Тарихи бастаулары түркі қағанаттары заманынан көрініс табатын ауыз әдебиеті XIII-XV ғасырлардан бастап дербестелген. Қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір маңызды саласын акын-жыраулардың мұралары – ауыз әдебиеті құрайды.

Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Шәлгез жырау, Доспамбет жырау, Жиембет жырау, Актамберді жырау, Бұқар жырау, Тәтікара акын, Шал акын, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөнкеұлы, Кобылан Бәрібайұлы, Жанақ акын, Есет би, Абыл акын, Жанкісі би, Түбек Байкошкарұлы, Өске Торкаұлы, Махамбет

Алатавского округа и казахов Большой орды Г.А. Колпаковского командующему войсками в Заилийском крае полковнику Генерального штаба А.Э.Циммерману 5 октября 1860 г., показывает, что к султанам испрашивался следующий чин (Аблесу Алиеву – чин майора, Даиру Алиеву – чин подпоручика, Тезеку Нуралиеву – чин подполковника), 3 биям и 1 простому казаху – также следующий чин. Всем, кто не имел чина, в зависимости от заслуг и влияния, испрашивались следующие награды: султанам Абукану Мамырханову из адбаиовских волостей – золотую медаль в петлицу, Султан-Газы Джангазину – чин прапорщика; биям (всего в списке 8 человек) – почетный халат, кавалерийская сабля на портупее, большая серебряная медаль на георгиевской ленте, биям Камбару Аланову из джалаировских волостей – чин прапорщика, батыру Султанбаю Джадигерову – серебряная медаль в петлицу с надписью «за храбрость»; казахам (всего в списке – 24 человека) – похвальный лист с изъявлением признательности начальства, серебряная медаль в петлицу с надписью «за храбрость», Бектаиру Мирхамидову – за дело под Токмаком – знак отличия Военного ордена 4-й степени, а за взятие Пишпека – чин прапорщика [17]. Всего к наградам представлено 42 человека, из них 5 султанов, 11 биев, 1 батыр, 25 простых казаха.

21 октября 1860 года под Узун-Агачом произошло сражение, после которого для России был открыт путь далее в южные районы Казахстана и в Среднюю Азию. Султаны Семиречья теперь закреплены под властью России и стали утрачивать свое политическое влияние в крае.

1. Валиханов Ч.Ч. Взгляд на Ташкент с начала прошлого столетия по 1840 год // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1984. Т.3. С.338.

2. Дадаева Т.Т. Важные политические соглашения в Джунгарии // Туган Өлке – Родной край. №1-2, 2003. С.137.

3. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966. С.112.

4. Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль. Т. С.282-284.

5. ЦГА РУз. Ф. II-715. Оп.1.Д.7.Док.27.Л.89.

6. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1964. док. 163. С. 264.

7. Гейнс А.К. Дневник 1865 г. Путешествие по киргизским степям. Спб,1898. Т.1.С.476.

8. Дадаева Т.Т. Указ. соч. С. 138.

9. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1964. Док. 203. С. 318.

10. ЦГА РУз. Ф. II-715. Оп.1.Д.7.Док.34. Л.101.

11. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1964. Док. 205. С. 319.

12. Там же. Док. 217. С. 340.

13. Там же. Док. 212. С. 335.

14. Бабков И.Ф. Воспоминание о моей службе в Западной Сибири (1859-1875гг.) Спб,1912. С.10.

15. ЦГА РК ФII-3. Д.20. Л.3-13.

[illegible] в XVIII-XIX веках [illegible] Исторических сокровищ и [illegible] 1961. Доп. 245. С. 389.
[illegible] дополнительных фонтанах, асфальтовых [illegible] фирм [illegible] и поступные [illegible] 9 августа 1917 г. Том VIII. Часть I. Сост. [illegible] комментарии и [illegible] Алматы: Данк-Пресс, 2006. – 716 с. [illegible] № 129. С. 556-565.

ДӘУЛЕТХАН Ә.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
т.ғ.к. (Алматы қ.)

ІЛЕ СҰЛТАНАТЫ (1864-1871) ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ МЕН МАНЖУР-ҚЫТАЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ

Шетелдік тарихнамалар мен әдебиеттерде Шығыс Түркістан деген ұғым әр кезде әр түрлі айтылып, әр түрлі жазылып келді. Қытайлар оны «Батыс өнірі» деп атап келсе, Орталық Азиялықтар «Қашкария» немесе «Кіші Бұхара», немесе «Алтышаһар» деп атап келген болатын. Тәнір тауының терістігін Ойрат-қалмақтар басып алғаннан былай қарай Ілені орда еткен бұл елді «Жоңғариялықтар», «Жоңғар хандығы» деп атайтын болды. Ал Тәніртауының онтүстігі тұтастай «Шығыс Түркістан» немесе Кіші Бұхара делініп те «Қашкария», «Алтышаһар» делініп те айтылып та, жазылып та жатты. 1757-58 жылдары Жоңғар хандығын жер бетінен бір жола жойған Манжур-Қытайлар Іледе «Жиянжұн мекемесі» деген әскери-әкімшілік бекіністі ордасын орналастырды. 1759 жылы Алтышаһарды жаулап алғаннан кейін де «Іле Жиянжұн мекемесі» бүкіл Шығыс Түркістанға өкімі жүретін әкімішілік-әскери орталық болып қала берді. Содан былай карай Іле өніріне Манжуриядан сібе-солондарды жаппай көшіріп әкеліп карулы дихандар, шекарашы жасақтар ретінде пайдаланса, онтүстіктегі тұткынға түскен көтерілісшілерді әскери тұткын ретінде айдап әкеліп әскерилердің азық-түлігін дайындайтын басыбайлы құлдарға айналдырды. Дәл сол тұста ілгерінді-кейінді болып ұлы жүздің Албан-Суандары мен Найманның Қызайлары Іле өніріне келіп қоныстана бастайды. Бұдан баска әр кезде келіп орналаскан дүнгендер мен қытайлар және жоңғар қалмақтарының қалдықтары да бар болатын.

XIX-ғасырдың 40-60 жылдарында Іле халқы барынша көбейіп, әлеуметтік-саяси шиеленістерде шектен аса ширыға түскен еді.

Бүкіл Қытайды дүр сілкінткен «Тайпин Тиянгошылар» көтерілісі мен

Үш көрсетілінің батысындағы Шинхай-Гансу өлкелеріндегі дунген-дерлер жаппай қарулы көтерілісіне ілесе Алтышаһар халқының тәуелсіздікке ұмтылған қарулы көтерілісі ілеліктерді де желіктіріп 1863 жылдан былай қарай әр жерде қарулы көтерілістер бой көрсете бастады. Үш жылға созылған қанды шайқастар нәтижелі аяқталып, 1866 жылы Манжур-Қытайлардың отаршылдық ордасына айналған Іле өңірі толық азат етіліп Іле сұлтанаты» құрылғандығы жария болды. 5 жылға созылған тәуелсіз сұлтанның жөнінде тарихшылар мен саясаткерлер түрліше пікір білдіріп, сынап-мінеп жатады. Біз үшін керегі және бағалысы – Іле халқының тәуелсіздік үшін жан аямай қан төгіп, кішкентай да болса ешкімге көз түртті болмай өз алдына, дербес мемлекет туын көтеруі еді. Ал, бұл сұлтанлықтың билеушілердің арасындағы тақталасы мен оңбағандықтары жөнінде айтылар сөз басқа болуға тиіс.

XVIII-ғасырдан бері Қашқария мен Жоңғарияға көз алартып келген екі түрлі күш болған еді. Оның бірі – сонау Моғолстан-Жаркенд-Саидийя хандығы тұсынан бері дәстүрлі түрде қалыптасқан Қохандықтардың ықпал күші болса, екіншісі 1759 жылдан бері ғасырға жуық үстемдік жүргізген Манчин патшалығының тегеуріні болатын. Кіші Бұхара аталған Қашқарияға Орталық Азия хандықтарының әлеуметтік, діндік, дәстүр-салттық, қандастық жақындығы бары, әрі тарихтан бергі араласқұраластығы үзілмегені кімге де болса айқын.

Солай бола тұрамындағанша қырымдықшалғайда жатқан қытайлардың шапқыншылық жасап басып алуы «заңды мемлекет тұтастығын қорғап қалуы» болып ақталатыны қалай. Ал, ғасырлар бойы бірде ол әулет, бірде бұл әулет билеп бір тұтас аумақтық, экономикалық, мәдени және рухани кеңістікте өмір сүріп келген түрік халықтарының өзара ықпалдастығы «Шетелдіктердің шапқыншылығы, Алтышаһарды жаулап алуы» болып сипатталатыны қалай? Мұндай тарихи әділетсіздіктер астам державалар шімірікпестен дәріптеп келген «зорлық күш – жалпы мойындаған ақиқат» деген ұятсыздықтан бастау алатындығын ғана дәлелдеп береді.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан былай қарай Орталық Азиямен Қазақстанға қарай сұғына кірген патшалық Ресей Жоңғария мен Қашқарияға көз алартушы үшінші күш ретінде бой көрсетіп, өзінің ықпалдастық аймағын Ілемен Алтышаһардің іргесіне таяп келген болатын.

Патшалық Ресей өзінің ата жауы санайтын Осман сұлтанаты мен Англия және Қохан хандығының қолдауына ие болған. Якуб бектің Алтышаһар мемлекетінің күн сайын күшейіп, таяуда ғана жаулап алған Жетісу, Шымкент, Ташкент, Самарқан қатарлы Қохан хандығы иелігіндегі

ұшін [illegible] ешкімнен тікелей байланысып жатқанына шыдай алмады. Сондықтан Якуб бектің енді ғана шаңырақ көтерген Іле сұлтандығын өзіне қосып алуға әрекет етуі патшалық Ресейдің қитығына тиді.

1868 жылы Қоқан хандығынан тартып алған Нарын бойына әскери бекініс салып, Алтышаһарға соққы беруге дайындалып қойған болатын. Ал Іле сұлтанлығына қарсы соғыстың алғы шарты да дайын бола кетті.

1870 жылдан бастап Іле сұлтаны Әләхан орыс саудагерлерінің Бұхарамен сауда жасауына тиым салды. Екі ел шекарасында кіші-гірім қақтығыстар жиілеп кетті. Дәл осы тұста Якуб бектің бір бөлім күштерінің Мұзарт асуына қарай жылжығанын естіген орыстар орайды пайдаланып Мұзарт асуын басып алып, оңтүстік пен солтүстіктің байланысын үзіп тастады. Сонымен қатар орыстар Якуб бектің жолын кесіп кана қойған жоқ, Іле сұлтанлығына кірудің әскери дайындығын да көріп қойған еді.

1871 жылдың 15-мамырынан басталған шағын соғыс ұлғая келе 2-шы тамыз күні Әләхан Ресей армиясына тізе бүгіуімен аяқталды. 50 күнге жалғасқан қарсыласу соғысында көптеген адам мерт болып, қалалар мен ауылдар ойрандалды.

Іле сұлтаны Әләхан жеңімпаз генерал Колпаковскидің алдында былай деп мойындады: «Мен өзімнің ісімнің Һақ-дұрыс екеніне сенемін. Алла мені сақтайды. Бас иігізіп бойсұнар болсам таңдырға тән беремін. Егер біз қылмыскер ретінде қараланатын болсақ, билеушісін ғана жазаға тартып, осы күнгі бұхара-халқыма кеншілік етуінізді сұраймын.»[1] Әләхан шағын ғана бір хандықтың қорғансыз басшысы бола тұра, алпауыт империяның жеңімпаз генералына қаскайып шарт қоя сөйлеуі мақтанарлық ерліктің үлгісі ретінде бағалануға ылайық. Сол жылдардағы ұйғыр әдебиетінде Іле сұлтандығын құру жолындағы қанды шайқас ерлері мен ел басшыларының ізгі істерін жырлайтын көптеген ән-жырлар, көлемді дастандар жазылғаны белгілі.

Сонымен Іленің 7360 шақырым аумағы патшалық Ресейдің бақылауында 10 жыл тұрып, 1882 жылдың 30 сәуірінде Манжур-Қытайлардың әскерілеріне толық өткізіп берілді.

Патшалық Ресей империясы Қазақстан мен Орталық Азияны жаулап алумен қанағаттанып отырмағаны, орайы келсе Қашқария мен Жоңғарияны да жұтып коюға дайындалып келгені белгілі. Олар өздерінің басып алған жерлерінің шекарсының тыныштығын сақтау үшін арандатуларға баруын заңды әрекет деп мәлімдеуге дағдыланған еді.

Құлжаға басып кірер алдында Манчиң өкіметіне өзінің шекаралық қауіпсіздігімен орыс саудасының мүддесі тұрғысынан Ілеге әскер кіргізетінін хабарлайды. Патша өкіметі сондай-ақ, «Қытай әскерлері

орыстармен бірлесіп әрекет етуге әзір мәсе[illegible] істен сүрау та салады. Чин империясының Петербор мен Пекиндегі өкілдерімен болған келіссөздерден белгілі болғандай Қытай жағы Ресейдің Шыңжаңдағы соғыс қимылдарына араласа алмайтындығы айқын болған[2]. Екі отарлық империя осылайша ымдасып алғаннан кейін 1871-жылы 6 маусымда генерал Г.А.Колпаковский Іле халқына арнап қолдай қитұрқы үндеу жариялайды: «Шыңжаңдағы бүлік басталған бері Ресейдің шекралық иеліктері де көтерілістің зардабын шегуде. Ұрлар мен барымташылар әрі-бері шекарадан өтіп, біздің қоданалығымызға мұсылман халықтарыдың мазасын алып бітті. Гаранның сұлтаны оңшікшілерді қамқорлығына алып, оны орыс үкіметіне қайтарудан бас тартып, ешқандай шара қолданбады.

Құлжа сұлтаны ақылға көніп, бейбіт қатынасты сақтауды ойламады. Ақыры Әбіл оғлының шектен шыққан әрекеттері күшейіп. Ол шекаралағы қауіпсіздікті одан әрі шиеленістіруде, енді біздің шыдамымыз шегіне жетті. Сондықтан мен, ұлы мәртебелі Ақ патшамның рұқсатымен әскерімді кіргізіп. Құлжадағы сұлтанның әрекетін жазалап, тәртіп орнатуға келдім»[3].

Орыс империясы болсын басқа да ашкөз, алпауыт державалардың әрі бірінің ауызына бірі түкіріп қойғандай шетінен «тәртіп орнатқыш» басқаларға «тыныштық, бақыт» сыйлағыш болып шыға келеді. Ал, бұл күндері империялардың «өмірлік мүддесін қорғау» мен «терроризмге-панкестікке» қарсы тұру дегенді желеулететін болып алды. Демек, империялар барлық уақытта да озбыр, астамшылық табиғатын өзгерте алмайтын болғаны ғой.

Патшалық Ресейдің империялық пиғылы мен бүкіл отарлық агрессиялық әрекетін әшкерелейтін фактілер аз емес қой. Соның ең соңғы әрекетін, ең жаланаш мысалын 1864 жылдың 3 желтоқсанында сыртқы істер министрі Горчаковтың мәлімдемесінен көре аламыз. Ол әлем жұртшылығына ұялмай-қызармай-ақ былай деген болатын:

«Ресейдің Орталық Азияда душар болған жағдайы ешқандай қоғамдық құрылымы болмаған, жартылай жабайы, жартылай көшпенді халықтарға кез болған барлық мәдениетті мемлекеттердің проблемаларымен ұқсас. Осындай жағдайларда соншалықты дамыған мәдениетті елдер де өз шекарасы мен мүдделерін қорғауға мәжбүр болған. Шекара маңында алаасапыран тудырған топтарды жазалағаннан кейін де қарулы күштерімізді кері қайтару мүмкін болмай отыр. Олар берілген жазаны тез ұмытып кетеді, әрі шегініп кетуімізді қалайда біздің әлсіздігімізден болды деп қарайды. Өйткені Азиялықтар көзге көрініп тұрған, жанына бататын дүлей

күшпен басканын кандайын болсын ешкашан құрметтемейді. Біз сол үшін де екінің біріне таңдауға мәжбүр болдық: Не бүкіл енбегімізді еш кетіріп, қолға келтірген сауда-саттықтағы табыстарымыз бен шекара бойлай орналасқан қауіпсіздік шараларымызды тәрік етіп кетуіміз, немесе осынау жаңадан Орта Азия мемлекеттерінің терең тұқпірлеріне бойлай кіруіміз керек еді. Ресей осының екіншісін таңдауға мәжбүр болды. Бұл, кәдімгі Америка Құрама Штаттарының солтүстік Америкада, ағылшындардың Индостанда, французлардың Алжирда және Голландияның өз отарларына істегендерінікіндей бір амал деп ұғуға болады»[4].

Міне, осы өркениетті санайтын Орта Азиялықтарға өркениет пен прогресс жолын ашып берген Ресей шын сыйқы, жауыз бейнесі осы бір қаншасыздың мәлімдемесінен анық байқалады. Генерал Колпаковскийдің Іле сұлтанданына басып кіруінде «үндеу» сымағы да Горчаковтың мәлімдемесінің тікелей жалғасы.

Патшалық Ресейдің ашық мәлімдемелері мен нақты әскери істері бір-біріне мүлде сәйкесетіні бұл күнде жұртқа мәлім.

Генерал Кауфманның генерал Головачевтің 10 зенбірекпен күшейтілген екі пулеметпен қаруланған бөліміне берген мына бұйрығын жаның түршігіп, оқи алмайсың: «...осы жорықта алдыңыздан кез болған кез-келген адамды ер-әйел, жас-кәрі демей түгел жаныштап, қырып жоясың, сөйтіп олар қайтадан бас көтере алмастай күйге түссін»[5].

Дәл осы мазмұндас зұлымдыққа толы бұйрықты Манчиң патшасы Гаузұн (Чиян Лұн) Жоңғария мен Қашқарияны жаулауға аттандырған шапқыншы армиясына бергені туралы бұған дейін арнайы талдағанбыз.

Генерал Колпаковский Іле сұлтандығын басып алардан бұрын Бейжиндегі Манчин үкіметін хабардар етудің сыртында 1871 жылдың 1қыркүйегінде (Ілені басып алғаннан кейін 2 ай өткенде) елшісі Врангел арқылы «Ресей 4-шілдеде Ілені басып алды, бұған қандай шара қолдансақ болады? Еліміз басып алған жерлерін елдерінізге қайтарып беруге әзір»[6] деген қитұрқы мәлімдеме жасатады. Бірақ Қытай мне Ресей арасындағы келіссөз 10 жылға созылып, екі ел арасы талай рет соғыс жағдайына тақап барғаны өз алдына әңгіме.

Ресей империясы Якуб бектің Алтышаһар мемлекетін Манжур-Қытайлар басып алып, ол жерлерден Англия мен Түркиянын және Қоқандықтардың араласу мүмкіндігін жойғаннан кейін қайтарып беруге кіріскені, екі ашкөз империя Қазақстан мен Орталық Азия хандықтары жерін ресми бөлініске салуға көзі жеткеннен кейін мұндай шешімге келгені белгілі еді.

Сонымен патшалық Ресей мен Манчиң үкіметі табан тірескен ұзақ

дипломатиялық талас-тартыстан кейін 1881 жылдың 12 ақпанында 20 баптан тұратын Петербор келісіміне екі жақ қол қойысты.

Біз қарастырып отырған тақырыпқа тікелей қатысы бар осы келісімнің кейбір баптарына тоқталуға тура келеді. Өйткені Іленік ұйғыр, дүнген казақтардың Ресей азаматтығын қабылдап Қазақстанға қошуіне байланысты дүниеге келген өлеңдер мен дастандар, халықтық жырлар өте көп. Сол әдеби туындылардың дүниеге келуінде осы шиеленіскен тарихи оқиғалардан жұртты хабар етуді пайдалы көрдік.

Петербор келісімінің 1-бабында: «Орыс патшасы, 1871 жылы орыс әскерлері уақытша басып алған Іле аймағында Қытай үкіметінің билігінің орнауына келіседі. Осы келісім шартпен УІІ-бабында көрсетілгендей, аймақтың батыс бөлігі Ресей иелігіне өтеді. ...Көтеріліске қатысқан Іленің мұсылман тұрғындарының Қытай өкіметі жазалап қуғындауына кешірім беріледі, ал Чин үкіметі билігінде қалысы келмейтіндердің Іленің Қытайға қайтарылған күннен бастап бір жыл уақыт ішінде Ресейге кедергісіз қоныс аударуына, дүние-мүліктерін өз еріктерімен орнын алып кетуіне рұқсат беріледі. УІІ-баб бойынша, Іленің Ресейге өткен батыс жағы Іленің орыс билігіне өтуге тілек білдірген мұсылман халықтарын қоныстандырады»[7] деп келісілген.

Петербор келісімінде көрсетілген бұл тармақтардың келісім шартқа енуіне қаншалық ықпал еткені күмәнді болса да сол тұстағы Іле халқының үрейлі көңіл-күйін білдіретін, жүздеген ел ағалары қол қойған мына бір хатқа назар аудара кеткен жөн сияқты! «...Жүз жылдан астам уақыт бойы біздің ата-бабаларымыздың тілі жоқ құл және қолік ретінде пайдаланылатын мал ретінде небір сұмдықты бастан кешірді. ...Қытай билеушілерінің жосықсыз қорлығына біздің әйелдеріміз бен балаларымыз үнемі қатал тәртіп шеңберінде төзіп келді. Міне соңғы жеті жылда ғана тыныштықта өмір сүріп, жайбарақат тіршілікке келіп едік. Аяқ астынан, төбеден түскен найзағайдай болған жайсыз хабарды естіп халық есеңгіреп қалды. Біздер орыс патшасының, Құлжаның мұсылман халықтарын өз бодандығына қабылдауын сұраймыз»[8]. Бұл хат, әрине екі оттың ортасында шарасыз қалған қорғансыз халықтың жан сауға сұрауы еді. Әйтпесе содан 7 жыл бұрын орыстың мұздай қаруланған қалың әскерлерімен 50 күн бойы алысқан мұсылмандар жолаушылардың қырғын-сүргін ұмыта коймағаны белгілі.

Толықсыз мәліметтерге қарағанда 1882-1884 жылдар аралығында Іледен Қазақстан мен Орта Азияға 70 мыңдай ұйғыр, қазақ, дүнген қатарлы мұсылмандар көшіп келген[9]. Ал кейбір ұйғыр зерттеушілері оны нақтылап ұйғырлардан 9752 отбасы, 45373 жан, казақтардан

5000 отбасы, 20000 жан, дүнгендерден 1147 отбасы, 4682 жан көшіп шыққанмен жоғарыдағы жазып жүр.[10]

Іле мұсылмандарының осынау қаралы, назалы көші жөнінде, олардың басынан кешкен ащы қиын тағдыры жөнінде Сейіт Мұхамметтін (Қаший) «Шарфи Шикоятə» және Моллла Билал (Назимидін) «Ғазатдəр мулки Чин» деп аталатын эпикалық дастандары жазылған еді.

Жоғарыда айтылғандай Іле сұлтандығының дүниеге келуіне себеп болған 1864 жылғы Іле халқының ұлт-азаттық қозғалысы батырлары мен ел ағаларының ерлікке толы күресіне арналған əдеби, музыкалық шығармалар өте көп. 1864-1884 жылдар аралығында Іле халқы, оның талантты өнер адамдары тудырған əдеби-мəдени мұра басқа қандай кемшіліктерге бай əрі алуан қырлығымен ерекшеленеді.

1. Чарлз Баллер, Якубеллиің тəржімасы, 403 б. Шинжиян халық баспасы, Үрімжі, 1988 (469 б.)
2. Н.Алжыбек. Тарихы таңқыса толы Шинжиян. Алматы, «Қазақстан университеті» баспасы, 2005, 202 б.(432б.)
3. КРООМ, фото 21 ОП-1 Д. 9.Л.1
4. Mehmet Saray 6 Rus shah Osmanli Devleti ile Turkistan Hanlklari arasindaki Siyasi munasvetler (1775-1875). Istanbul, 1984. 64 s. (160 s)
5. Бұл да сонда. 119 б.
6. Шинжиянның жерлікті тарихы. «Шинжиян Халқы» баспасы, 1999, Үрімжі, 492 б. (576 б.)
7. Русско-Китайские отношения, 1689-1916. 55-56 б.
8. Н.Алжыбек. Тарихы таңқыса толы Шинжиян. Алматы, 2005, 231б.(432 б.)
9. Бұл да сонда. 232 б.
10. С.Үйсүрүй, (Үйсірмана), Алматы, 2005, 361 б.(569 б.)

ЖЫЛЫСБАЕВА М.Ғ.
Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының Мұрағат қорларын жариялау және пайдалану қызметінің жетекшісі

Ш. УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының қорларында ғалым, шығыстанушы, саяхатшы, демократ-ағартушы, Орта Азия және Қазақстан халықтарының тарихы мен мəдениетін зерттеуші Ш. Уəлиханов туралы деректер баршылық.

Ш. Уəлихановтың алғашқы ресейлік, европалық білім алуы және оның мəдениетімен таныса бастауы кезеңі Ресейдің Омбы мемлекеттік мұрағатында 1847-1853 жылдары аралықтарында Омбы кадет корпусында оқығандығы жөніндегі құжаттары сақталған.

Ал Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында

1853 жылы Сібір кадет корпусының тәрбиеленушісі Ш. Уәлихановты корнет шеніне қабылдау жөнінде сақталған [illegible] 1853 жылдың қараша айының 30-да Сібір жеке корпусы штабы бастығының Сібір қазақтарын шекаралық басқару міндетін атқарушы генерал-майор Клейстке жазған хатында осы жылдың қазан айында әскери министр, генерал-адъютант, князь Долгоруковтың Сібір кадет корпусының тәрбиеленушісі, қазақтың сұлтаны, майор Уәлихановтың баласы Ш. Уәлихановты Сібір шекаралық казак әскеріне корнет ретінде қабылдау жөніндегі өтінішін орындау және Әскери-оқу орындарының бас бастығы, генерал-адъютант Ростовцовтың оның әкесі, майор Уәлихановқа хабарлау қажеттігі туралы айтылған [1].

Мұрағаттың кеңес өкіметіне дейінгі кезеңдегі қорларында, атап айтсақ, «Областное правление сибирскими казахами», «Пограничное управление сибирскими казахами» атты мұрағат қорларының құжаттарында Шоканның әкесі, Көкшетау округінің аға сұлтаны, полковник Шыңғыс Уәлиханұлы Уәлихановтың және нағашы ағасы Мұса Шормановтың формулярлық тізімдері сақталған. 1862 жылы құрылған тізімде әкесінің отбасылық мәліметтері беріліп, оның әйелінің Зейнет Шорманова және баласы Шоканның 26 жаста, Шоканның қызметте екендіктері көрсетілген [2].

Мұрағатта сақталған Дала өлкесінің генерал-губернаторы Г.Н. Колпаковскийдің қорында Ш. Уәлихановтың Г.Н. Колпаковскийге Орта Азиядағы орыс және ағылшындардың жағдайы жөнінде жазған хаттары да бар [3]. Бұл хаттардың құндылығы - олардың түпнұсқалығында және Ш. Уәлихановтың өз қолтаңбасымен жазуында.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының мұрағатшылары кеңес дәуірі кезінде, яғни 1956-1970 жылдар аралығында казақтың белгілі ғалымы Ш. Уәлиханов туралы деректерді жинақтау жұмыстарын жүргізген. Осы негізде 1956 жылдан Ш.Уәлихановқа қатысты құжаттарды Ресей мұрағаттарынан айқындау және жинақтау жұмыстары атқарылып, 1964 жылдары құжаттардың фотокөшірмелері алына бастаған. 1958 жылы фотокөшірме түріндегі құжаттар өңделіп, Ш. Уәлихановтың 1835-1865 жылдар аралығындағы шығармашылық құжаттарына тізбе құрылған. Оның құрамына Ыстық көлге сапары, Қашқар және оның округтері, Шығыс Түркістанның халқы, Жоғарғы Азияға саяхаты туралы тарихи очерктері, қазақ, қырғыздардың хан-сұлтандарының шежіресі, салт-дәстүрі, поэзиясы, тілдері жөніндегі қолжазбалары енген.

Шоқан Уәлихановтың патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы

ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы, тұяқшылы Кенесары Касымов жөнінде зерттеу жұмысымен айналысқан, оның ішінде - Кенесары Касымов жөнінде жинақталған құжаттар. Оның спектрінде казақтар мен қырғыздар арасындағы шиеленісті жағдай туралы айта отырып, 1847 жылы Кенесарыны манап Жантайдың қарамағындағы Чегейлік қырғызының Ишленбектің ұлы Қалчаның Салқы жерінде және Шу өзенінің арғы бетінде Қызылсу маңында қой жылы өлтіргені жөнінде мәліметтер жазып кеткен. Мұрағат құжаттарынан орыс шенеуліктерінің қырғыз манапы Жантайды өз қажеттеріне пайдаланып, оның кейінгі тағдырынын, яғни ұрпағынын да қудалануға түскендігі жайлы белгілі.

Фотоқұжаттарына келсек, онын сызба жұмыстарын, онын ішінде карталарды кездестіруге болады. Аталған еңбектері орыс өкіметіне көрші мемлекеттер, оны мекендеген халықтары жайлы құнды мәліметтер беріп, онын саяси жағдайына пайда келтірді.

Еңбектерінде араб графикасымен жазылған құжаттар да орын алған.

Жастайынан европалық білім алған Шоқан ағылшын, орыс саяхатшылардын еңбектерімен таныс болып, тез арада Казақ жері мен Орта Азия өңірлерінде саяхат жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізуді армандаған еді. Жас Шоканның алдына қойған максаттары орындалып, казақтар мен Орта Азия халықтарына катысты тарихи деректерді жинактап, артына мұра етіп қалдырды.

Орта Азия, Қытай елдерін, тіптен Ресейдің фин жағалауын мекендеген халықтар, ұлттар туралы тарихи деректерді жинактап, оларға шыккан тектері жөнінде сипаттама берген. Монғол, ұйғыр халықтарынын түркі тілдес халықтар екендігі жайлы жазған. Қытай империясынын Балхаш өніріне дейінгі жерді өздерінікі деген ұғымда екендігін, осы саясат негізінде 1771-1772 жылдары осы өнірге торғауыттардын келе бастағандықтарын айта отырып, Абылай ханнын билігі кезінде оларды толықтай ығыстырып, бұл жер казақтарға тән жер екендігі жайлы. Қытай тарапынан аталған ұғымнын теріс, шындыкка жанаспайтындығын, яғни Қытайдын көрші халықтарды жаулап алу саясатынан туған ұғым екендігін дәлелдеген. Және Қытайлықтардын сан рет осы жерге шүйілігіп, өздеріне карату және салық алу максатында әскерлерін жіберіп отырған, сөйтіп, соңғы болған шайкаста кытайлықтар 3 мың әскерінен айырылып, Теріс-Өзек мекенінде шапыраштылардан түпкілікті жеңіліс тауып, бұл жерге бұрын-соңды еш аяк баспағандықтары туралы да мәлімет калдырған.

Сонымен катар, кокандықтар да казақтар мен қырғыздардан салық алу үшін әскер жасактап, Іле жерінде үлкен бекіністер салған. Бірақ Рүстем сұлтанның олардын әскерлерін кырып, корғандарын киратқандығы,

ол бекіністерден қалғаны Тойшыбек бекінісі екенігі және аталған бекініс 1851 жылы орыстың казак әскерінің полковниті Карбышевтың басшылығымен киратылғандығы жайлы жазып, деректер қалдырған.

Ол «Военно-топографическое и статистическое описание киргиз-кайсацкой степи» атты еңбегінде Казак жерінің көлемі мен аумағы, оның орналасуы туралы және шекаралық штаттарына, казактардың айналысқан шаруашылықтарына тоқталып, оңтүстіктегі казактар егін шаруашылығымен айналысқандықтары жөнінде жазып кеткен [4]. Сонымен қатар казактардың егінді сумен қамтамасыз етуде тармақталған арықтарды пайдаланатындықтарын және егінді ылғандыру мақсатында топырақты ағаш сүрегімен араластыратындықтары жайлы мәліметтер берген.

Досы Г. Потаниннің «Биографические сведения о Чокане Валиханове» атты еңбегінде Ш. Уәлихановтың казак халқын өте жақсы көргендігін былай жеткізген: «Народ он своей любил... Он говорил, что прежде всего любит свой казахский народ, потом Сибирь, потом Россию, потом все человечество... Когда русские бьют казахов, я возстаю против русских, говорил он; когда французы бьют русских, сердце мое на стороне русских...» [5].

Ресейдің саяси және әлеуметтік жағдайын жақсы білетін Ш. Уәлиханов өз халқының сол уақыттағы билік жүйесі мен әлеуметтік жағдайында болып жатқан өзгерістерге аса мән беріп, кейбір мәселелерде өзіндік пікірін білдірді. Атап айтсақ, Қазак жерінде бұрыннан келе жатқан билердің кенесін жоюға карсылық білдіріп, жоғарғы биліктегі әскери шенеуліктерге өз ойын жеткізе білді.

Кейбір еңбектерінде ресейлік көзкараста болып, ресейдің әскери күшін мадактап, казақтардың оған қарсы келе алмайтындығы және зеңбіректері алдында еш дәрменсіз екендіктері, корқақтық танытандықтары жайлы да өз ойын ашық білдірген. Әрине, бұл пікірлері сол уақыттағы казактардың билік, жер үшін өзара тартыс-таласы, билік жүйесінің ыдырап, толықтай бодандықты мойындай бастауынан туындаған ашы шындық еді. Бірақ сол уақытта алғаш орыс білімін алып, патшалық Ресейдің дүниежүзілік дәрежедегі саясатын жақтаған казак арасынан шыккан ат төбеліндей азаматтардың казак жерінде болып жатқан өзара келенсіз жағдайларды айтуы казак тарихының әр кезеңінде болғандығын және дегенмен оларға билік жүйесіндегі орыс шенеуніктерінің ыкпалының болғандығын мойындай отыра, жоғарыда келтірілген досы Г. Потанинге казак халқын сүйетіндігі жайлы айткан пікірін еске сақтауымыз қажет болар.

Шоқан ок-дәрілерді ойлап тапқан түркілер деп дәлелдеген.

Оның пікірінше, қазақтардың қандай тәртіпте, тез арада ок-дәрілерді [illegible] [illegible] сипаттама бере отырып, оларға қажетті кейбір мәліметтерін [illegible] Шоканның айтуы бойынша көне қорғандардан [illegible] болған. Қаншалықты қорғаннан қазып алғанмен, [illegible] пайдалана білулерінің өзі ата-бабадан қалған аманат [illegible] Кенесар сенбектерінен қазақ жерін мекендеген көне қазақтардың [illegible] мәдениеттің жоғарғы дәрежеде дамығандығына күмәнмен [illegible] кейбір орыс шенеуліктеріне тән көзқарастарды байқауға [illegible] Жоғарыда аталған «көне қорғандарды қалмақтықі болуы мүмкін» деп жорамалдауына сол уақыттағы қазақтардың әлеуметтік [illegible] мен шаруашылық деңгейінің төмен болуы себеп болса керек. Кенесар сенбектерінде «бұл жерлерде бик дәрежелі өркениет болған болуы керек» деген жорамал да жасап отырған. Жетісу өңірлерінде жерді, егінді [illegible] ылғандыру максатында казақтардың орыстарға таныс емес [illegible] пайдаланатындықтары жөнінде мактанышпен атап өткен.

Шоканның казақтарға катысты деректері казіргі уакыттағы казакстандык тарихшы ғалымдардың, археологтардың жана тарихи көзкарастарын туғызуы мүмкін. Қазіргі таңда казак жеріндегі корғандардан табылып жаткан «алтын адамдардың» өзі ата-бабаларымыздың бик дәрежелі өркениетінің болғандығын дәлелдеуде. Кенестер Одағының, казактың ғалымы К. Сәтбаевтың өз енбектерінде. Жезказған өңірлеріндегі өнеркәсіптерде жұмыс жасап жүрген кезінде «бізге дейін, көне заманда бұл жерлердің байлыктары игерілген, мен көне шахталардың орнын көрдім» деп жазған.

Шокан алғаш рет казактардың космологиялык кеңістікті түсінетіндіктерін және осы негізде сакталған әдет-ғұрпы мен салт-саналарына сіңген түсініктерге сипаттама берген.

Патшалык Ресейдің жоғарғы биліктеріне карасты мекемелер жанында іс-кағаздарды сақтайтын мұрағаттар болған. Кенес өкіметі орнаған уакыттан бастап, өткен тарихка деген көзкарастың өзгергенін айта кеткеніміз жөн болар. Мұрағатта сактаулы құжаттарға көз жіберсек, кенес өкіметіне дейін болған мұрағаттар жұмыстарын сол кезендегі іс-кағаздар жүргізетін шенеуніктер әр мекемелердің құжаттарын ретпен, сактаумен айналыскан. Бірак кенес өкіметі орнаған уакытта «актар» жағы көптеген құжаттарды кенестік биліктің колына өткізгілері келмей жойып жіберді. Бұл жағдай сол уакыттағы саяси мәселелерге байланысты болған еді.

Мұрағат құжаттарында Ш. Уәлихановка баскарма мұрағатында зерттеу жұмысымен айналысуға рұксат берілгендігі жөнінде дерек бар. Бұл казак ғалымының кажетті тарихи деректерді толыктыру және зерттеу

мақсатында мұрағаттарда жұмыс жасағанын көрсетеді. Хаттан хат [illegible] қазақтың ғалымының қандай ғылыми еңбектерін жүргізгендігі жайлы нақты мәлімет берілмеген.

Шоқан Орта Азия халықтары туралы көптеген мәліметтер жинаған ғалым. Артында қалған мұраларын жарыққа шығару мәселесінде оның Ресейдегі достары көп еңбек сінірді. Осы жайлы мұрағатта сақталған 1889 жылғы деректе: 1889 жылдың 12-ші маусымында Далалық генерал-губернатор Г.А. Колпаковский Императорлық ғылым академиясының тікелей хатшысы К.С. Веселовскийге жазған хатында есаул Потаниннің айтуы бойынша полковник Уәлихановтың қайтыс болуына байланысты артында қалған жазбаларын шұғыл түрде жарыққа шығару үшін қажетті қаражаттың жетпеуі немесе жететіндігі жайлы хабар беруін және қаражатты қайда аудару қажет екендігін өтінген.

Артынша осы жылдың тамыз айының 21-де Императорлық ғылым академиясының тікелей хатшысы К.С. Веселовский Далалық генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийге есаул Потаниннің өз міндетіне Ш. Уәлихановтың шығармаларын басып шығару жөніндегі хабарының түсінбестік екендігі жөнінде хат жолдаған. Аталған мәселенің арты немен аяқталғандығы жөнінде дерек сақталмаған, бірақ қазақ ғалымының еңбектері кейінірек бағаланып, досы Г. Потаниннің арқасында жарыққа шыққандығы баршаға мәлім [6].

Ал фотокөшірмелер негізіндегі құжаттарға тоқталсақ. Ш. Уәлихановтың бірнеше мақалалары 1904 жылы Н.И. Веселовскийдің басқаруымен «Записки Императорского русского географического общества» атты басылымның этнография бөліміне енгізіліп, Санкт-Петербург қаласында жарыққа шыққан.

Санкт-Петербург қаласында орналасқан Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) жәдігерлерінің арасында Ақмола өңірінен алынған киізден, матадан және жылқы қылынан жасалған көзілдіріктердің үлгілері бар. Алғашқысы қазақтардың жанарын боран мен желден, екіншісі аппақ қардың шағылысынан қорғаған. Ал қазіргі уақытта қазақтардың бұрындары күнделікті пайдаланған жанарды қорғау тәсілдері көзді емдеудің европалық нұсқасы ретінде танылуда. Мүмкін бұл жәдігерлерді қазақтың Шоқан сияқты көзі ашық азаматтары қазақ халқының ұлттық рухын көтеру мақсатында тапсырған болар.

Қорытындылай келе, қазақ халқының мақтанышы, ғалымы Ш. Уәлихановтың ғылымның әр саласына тән ғылыми еңбектері қазіргі уақытқа дейін өз маңызын жоғалтпай, жаңа қырларынан танылуда.

[illegible] 2812 іс. 1-3.
[illegible] 1616 іс.
[illegible] 7 іс
[illegible] 1616 іс
[illegible] 1а іс
[illegible] 562 іс

ОРАЗОВ Р.Е.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
кіші ғылыми қызметкері

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ӘУЛИЕАТА ЖОРЫҒЫНА ҚАТЫСУЫ

XIX ғасырдағы 60-жылдарындағы Ұзынағаш шайқасындағы жеңіс Ресей империясының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуына жол ашқан болатын. Бұл туралы кезінде Түркістан генерал губернаторы Фон Кауфман: «Ұзынағаш соғысындағы жеңісіміз, біздің бүкіл Орта Азияны жаулап алудағы жеңісіміздің анасы болды» - деген еді [1].

1863 жылғы 23 қаңтарда Петербургте Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлары А.П. Безак пен А.О. Дюгамельдің қатысуымен өткізілген кеңейтілген отырыста Сырдария мен Сібір шептері арасындағы жерлерді мұқият зерттеу туралы шешім қабылдайды. Оны бір аптадан кейін патша бекітеді. Сырдарияның «Перовскі фортынан» жоғарғы ағысын зерттеу А.И. Бутаковка, ал Орынбор корпусының бастығы подполковник М.Г. Черняевка Жөлектен Түркістан қаласына дейінгі аралықты, подполковник Дерьхенің отряды Әулиеатаға, ал штаб капитаны Н.И. Проценконың отряды Нарын өзені аңғарымен Қашғарға барлау үшін жіберіледі [2].

Сонымен бірге 1863 жылы патша өкіметі қоқандықтардың ірі бекінісі Әулиеатаны басып алу үшін Лерхе бастаған орыс әскерлерін жібереді. Әулиеата маңында Ресейдің билігін мойындаймыз деп уәде бергенмен әлі де діндес, бауырлас қоқандықтарға ниеттес болып отырған қазақ, қырғыздар басым болып, бекіністі негізінен Ұлы жүздің қазақтары мен 2000 қоқандық әскер қорғап тұрады [3]. Әулиеатаға шабуыл жасап, оны ала алмаған подполковник Лерхе 22 мамыр күні Әулиеатадан 5 шақырым жердегі Талас өзені бойына орналасып, патша әкімшілігінің нұсқауымен Талас өңіріндегі беделді қазақ пен қырғыз билеушілерін Ресей ықпалына

тарту үшін әртүрлі әдіс-айла қолдануы керек. «Таластың [illegible] жағында аса құрметті және ықпалды кісі, шымырдың Байзақ би [illegible] конакты, оған назар аударып, қолдарында бар сыйлықтың ең [illegible] сыйлаңдар және тағы бір атақты тұлға – Сикым би Құдайбергенге [illegible] назар аудару керек» делінеді оған берілген бұйрықтарда [3, 140-п].

Осы нұсқауларды басшылыққа алған Лерхе Байзақ пен Құдайберген датқаларға, шымыр руының биі Үмбет Таңсықкожаұлына, ботбай руынан Тойшыбек бидің ұлдары – Байсейіт батыр мен Керімбек биге, жаныс руынан Қашқынбай биге, қырғыздың Жантай, Мырзалы, Сауранбай, Рысқұлбек, Құдияр т.б. манаптары мен билеріне хат жазып, оларға сыйлықтар үлестіріп, Ресей билігінің қызметіне тартуға ұмтылып бақты.

1863 жылы мамырда Лерхе өзіне Байзақ датканың немересі Әбдірахман мен бұл өңірде аса құрметке ие ботбай руының биі Керімбек Тойшыбекұлын алдырып, олардан Жаңғараш манаптың орыс әскерін жойып жіберуге қазақ пен қырғыздардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқаны туралы құнды мәлімет алады. «Тылымызда Әулиеата, алдымызда біз екі жанымызда Жаңғараштың бірнеше мыңдық атты әскерінің бізді мазалауы және суды бұрып алуы мүмкін болғандықтан шабуылға шығу аса қауіпті, кері қайтсақ, мұндағылардың бәрі, қоқандықтарды қолдап кетеді. Жаңғараш бірнеше мыңдық адамды атқа қондырды және орыстарды құрту үшін көрші ауылдардың бәрін өзіне қосылуға шақырып жатыр» – деп көрсетеді Лерхе [3, 212-п.].

Бұлармен бірге Байзақ датқа да орыс әскеріне хабар-ошар беріп, Жаңғараш манаптың Әулиеата бегі Атабекке жазған 2 хатын және Атабектің Ташкенттен көмек сұрап жазған 4 хатын ұстап алып, орыстарға жібереді [3, 203-п.]. 1863 жылдың тамызында Ташкент хәкімі болып қыпшақтарды қолдаған өзбек Шадман қожа тағайындалады, Әулиеатадан Атабек датқа шақыртылып алынып, орнына Рүстембектің ағасы Шадыбек датқа отырғызылды. 1863 жылы күзде Ташкентті Мыңбай басқарып қалған, ал Нұрмұхамед 1 мың әскермен Әулиеатаға жіберілген. Нұрмұхамед 1863 жылдың соңында Шолаққорған, Созақ, Әулиеата және т.б. жерде болып, бірсыпыра шараларды жүзеге асырады.

Аталған отрядтардың барлау мәліметтері негізінде, 1863 жылдың аяғына қарай әскери министр Д.А. Милютин Сібір шебі мен Орынбор шебінің аралығын қосу туралы даярланған жобаны патшаның бекітуіне ұсынады. 1863 жылы 20 желтоқсанында Орта Азиядағы ресми іс-қимыл бағдарламасын патша бекітеді [2, с. 163].

1864 жылғы 13 қаңтарда Сібір корпусының командирі А.О. Дюгамельдің әскери министрге жолдаған мәліметінде ерте

көкпемес. Көкан өскінісі Әулиеатаны басып алуға аттанатын әскердің құрамын осылайша көрсетеді: 8 жаяу әскер ротасы, 3 жүздік казак жасағы, 1 [illegible] 7 қыска мойынды зенберек және 2 ракеталық станок пен қаруланған жалпы саны екі мыннан аса адам. Черняев әскерінің құрамына Шу өлкесін ғылыми максатта зерттеу үшін Н.А. Северцов экспедициясы бірге аттанады деп жазды [4]. Батыс Сібір және Орынбор генерал-губернаторлығы қыс айларында мұқият әскери қимылға дайындалды және кокандықтар тарапынан болып жаткан карсы кимылдар туралы мәліметтерді Алатау округы мен Перовск бекінісі аркылы біліп отырды.

1864 жылы акпан айында Әулиеатаға Әлімқұлдың тапсырмасымен Ташкент парванашасы Нұрмұхамед келеді. Ол Шу алкабындағы казактар мен кырғыз руларын Ресеймен күресте кокандықтармен бірігуге шакырған әртүрлі үндеу хаттар таратады. 1864 жылғы 12 акпанда Сібір корпусының командирі әскери министрге жолдаған мәліметінде «Кокандықтар тарапынан парванбашы Қойшының Шу өніріндегі көшпелі кырғыз-казактарды кыпшактармен косылуға және ішкі-сырткы жауларымен бірігіп күресуге шакырған әр түрлі үндеу хаттар таратылғанын баяндаса, ал Сырдария линиясы тарапынан Түркістан каласының бегі Мырзадәулеттің 2 мыңдай әскері мен 10 зенберегінің бар екендігін айтып, соңғы кезде өзін тәуелсіз сезініп кокан ханының бірнеше рет өзіне шакырғанына бармағандығын айтады. Сонымен катар Мырзадәулет біздің Бұхарамен жасалған сауда керуендерімізге карулы шабуыл жасап тонауда» дейді [4, с. 53-59]. Яғни бұл кезде орыстар тарапынан болатын шабуылды кокандықтар да білді, бірак өзара ауыз біршіліктің жоктығы үлкен кедергі болды.

1864 жылы Сібір мен Орынбор бағытынан шығатын Веревкин мен Черняев баскарған әскерлерге мемлекеттік каржыдан 400 мың күміс акша бөлінеді. Веревкин әскеріне 250 мың, ал Черняев әскеріне 150 мың күміс акша. М.Г. Черняев әскерінде 60 офицер, 2533 солдат болды, оларға 835 ат-көлік берілді. Косын штабында 10 офицер, жаяу әскерлердің 31 офицері, казактардың - 9, артиллериянын - 7, дәрігерлік - 2, жорық ас-аукат камдаушы бір офицер бар еді. Оларға 2180 снаряд, 2 пұттык 180 бомба, ширек пұттык 2 мың бомба, 100 пұт ок-дәрі берілді. Бұған соғыс министрі генерал-адъютант Милютиннің өзі 1864 жылғы 13 акпанда кол қойған еді. Осы министр жаулап алушылар катарына зоология магистрі, атакты ғалым Н.А. Северцовты айына 300 күміс рубль беріп косты [5].

1864 жылдың мамыр айында полковник М.Г. Черняев баскарған әскер Омбыдан Верный каласына келеді. М.Г. Черняев отряды арасында

[illegible] жоғарлатқысы келген штабс-ротмистр Шокан Шынғысұлы Уәлиханов және поручик Ғазы Болатұлы Уәлиханов бар 68 офицерлер [illegible] құралды. Отрядтың 22 зенбірегі болды [6]. Осы [illegible] Черняев Әулиеата бекінісін басып алу жоспарын пысықтайды, сонымен [illegible] қазақтардан 5 сұлтан, 22 би, 215 қазақ жасағы катысатынын [illegible] [7]. Әулиеатаға қарсы жорығында полковник Черняев қазақ [illegible] мен билерін әскерінде «аманат» ретінде ұстаған еді. Егер [illegible] ауылдарында орыс билігіне қарсы көтеріліс болған жағдайда «аманат» ретінде алынған сұлтандар мен билердің бастары алынатын [illegible]. Бұл әдісті патша әскерлері Токмақ пен Пішпек қамалдарын алған [illegible] қолданған болатын [8]. Міне бұл мәлімет қазақ сұлтандары мен [illegible] еркінен тыс орыс әскерінің құрамында болғандығын айғақтай [illegible].

М.Г. Черняев отряды 25 мамырда ұрыссыз Мерке бекінісін алады. Мерке түбінде Черняев отряды қазақ, қырғыз билерінің сотын шақырып, 1 күн бойы екі жақтың дауын қарайды. Қайтыс болған Жаңғараш манаптың ұрпақтарын, Бошкой, Байсейіт, Тінәлі сияқты қоқандықтар ықпалындағы манаптарды орыстар жағына тарту үшін қырғыздарды қазақтар (дулаттар) есебінен риза қылады. Шу бойының дулаттары Жаңғараштың баласы Шолпанбайды барымта кезінде ұстап алып қалады. Шолпанбайдың Ташкент паруанашысы қолынан солтонның аға манабы деген атақ алып, Шымкенттен мол сыйлықпен қайтқан беті екен. М.Г. Черняев Шолпанбайды барлық тоналған заттарымен қайтарып қана қоймай, зерлі шапан жауып, бұрынғы 2 барымтаның да құнын алып беріп қайтарады. Жаңғараштың балалары шапырашты руының 4 қазағын құн алмай босатмыз деп келіседі. Меркедегі қазақ, қырғыз бітіміне штабс-ротмистр Ш.Ш. Уәлиханов та белсене қатысады [9]. 4 шілдеде Черняев Мерке бекінісін ұрыссыз алғаннан кейін, Әулиеата бекінісіне қарай жорыққа шығады.

Әулиеата қаласы жайлы XIX ғасырдың алпысыншы жылдардағы деректерге қарағанда қала Талас өзенінің сол жақ жағалауына орналасып, бекініс рөлін де атқарған. Қала дуалының қалыңдығы 500 саженге жуық шамасындаболған. Қалада мыңға жуық әскер мен азық-түлік сақтау қоймалары бар еді. Қалада 8 зенберек болып, оның 5-еуі ірі калибрлі болды. Әулиеатадан Ташкентке дейін 280 верст, Созақка дейін 250 верст, Пішпекке дейін 260 верст, ал Верныйға дейін 400 верст деп көрсетілген [10].

Әулиеата түбіне жақындаған Черняев қазақтар мен қырғыздардың қоқандықтармен бірігуіне жол бермеу үшін, олардың арасында ертеден

сынған өткен ғарышқа дауын қоздырады. Нәтижесінде өз мақсатына жеткен Черняев былай деп жазды: «Қазақтар мен қырғыздардың бұрынғы кеп жатқан өзара шағымдары мен бітіспес дауларының көптігі мен шиеленіскені соншалық, олардың келісуіне сену қиын болатын» [11]. Черняев отряды Әулиеатаны алуға келгенде қаланы Нияз әлі датка басқарып тұрды.

Әулиеатаны қорғаушылардың 516 қылышы, 450 найзасы, 6 фальконеті, 1 бекініс дуалдарына орнатылған шойын мылтығы, 317 білте мылтығы, 5 жеңіреті, 82 пұт қорғасыны болды [12]. Қаланы қорғаушылыр саны – 1500-ден аса кісі болды. Атты әскерді Әлімқұлды қорғаған қазақ, қырғыз жігіттері құрады. Әулиеатаны қорғаған жергілікті халық Черняев әскерін жүзі Тектұрмас пен Ақбұлымның жоталарында күтіп алып, шайқаска түседі. Алайда, қорғанушылар орыс әскері зеңбіректерден аткылағаннан кейін, бекіністің ішіне кіріп соғыспаса аяғы қиынға соғатынын түсініп, Әулиеатаға шегініп кетеді.

Бекіністің бегі Нияз әлі датка Черняевтің Әулиеатаны орыстарға ұрыссыз беру туралы үзілді-кесілді талап хатын өзінің жеті биімен талқылауға екі апта рұқсат сұрайды. Қорғанушылардың жауға берілуден бас тартқанына ашуланған Черняев Қышмазардың түбіне орналасқан батареясына барлық зеңбіректерден аткылауға бұйрық береді.

Екі күн бойы зеңбіректерден аткылағаннан кейін, ол отка оранған қалаға екі жақтан шабуылға шығады. Орыстардың шабуылына шыдай алмаған бекініс басшысы Нияз әлі бастаған 400 салт атты қазақ пен оның он бір ұлы Асы өзенін жағалап, Әулиеатадан қашады. 1864 жылы 5 шілде күні таңертең патша әскері қаланы толық басып алады. Бекініске кірген полковник Черняев қираған үйлер мен қырылып жатқан өліктердің арасында ішінен ақтарылып түскен ішек-қарнын үстіндегі шекпеннің етегіне салып қойып, көл боп аққан қанның ортасында құбылаға қарап, өз иманын өзі оқып отырған қаланың жеті биінің бірін көргенде, басқа орыс офицерлерімен бірге аң-таң қалысады. Өйткені, өз өліміне өзі соншалықты үлкен сабырмен қарап отырған қазақ биінің рухы өте биік және күшті еді [13].

Әулиеата қаласының жаулап алынуы туралы полковник М.Г. Черняев Сібір корпусының командиріне 1864 жылғы 6 маусымда мынадай хабар жолдайды: «Меркіден шыққалы ешқандай жауды кездестірместен Ұзынбұлақ шатқалына дейін жеттік. Өгіз арбалы көлік артымыздан ілесіп, олар жетісімен қосынмен бірге түнеп жүрдік. Осында қоқандықтар бізді Әулиеатаға жетпестен бұрын қарсы алмақ деген мәліметтерді естісімен жүріс-тұрыса ауырлау нәрселердің бәрін қалдырып, Әулиеатаны

[illegible] соңда қалдыратын ракеталық станокты мен екі рота [illegible] [illegible] екі зенбірекпен қаруланған 50 қазақты қорғау үшін [illegible] [illegible] жолды күйде (маусымның) 2-сі күні таңға жуық атты[illegible] [illegible] шақырым жүрісімен қоқан шолғыншылары көрінді. Олар біздің [illegible] [illegible]мен-ақ атыспастан шегініп кетті. Әулиеатаға жеті шақырым [illegible] мен әскерлерді 25 шақырымдық ауыр жолдан соң демалуға [illegible]тадым. Лагерь орналаскан жерден 5 шақырымдай жерден Тектұрмас [illegible] жиналған қоқандықтар тобын байқадық. Бұл төбеден (Әулиеата) [illegible] көрініп тұрады. Үш сағаттай демалған соң мен қосынмен бірге [illegible] тобеге қарай қозғалдым. Алдымызда казақтар жүздігі мен қазақтар [illegible] жүріп отырды, олар екі ракеталық станокпен қаруланған. [illegible] сынақты тау взводы мен бір рота аткыштар да болды. Осынша әскер [illegible]мен қоқандықтар өздері тұрған төбеден жылыстап, қақпаға [illegible] тобеге шегінді. Жаудың жалпы саны 1500-дей адам болып қалар. [illegible] әскери күшіміз келісімен екі рота аткыштар жан-жаққа шашырай [illegible] қоқандықтарды дереу шегіндірді де, оларды Таластың сол [illegible]ауына асығыс өтуге мәжбүр етті. Осында жауларымыз қорғаннан 1 [illegible]іректі 500 жаяу сарбазы мен 300 атты әскерінің қорғауымен алып [illegible]ан екен. Қалаға жақын соңғы төбені де алған артиллерияшыларымыз [illegible]деп аткан соң қоқандықтар дереу кетуге мәжбүр болды. Осы тебеде [illegible]реялық және атты дивизиондарды қалдырылып, оларды қорғау үшін екі ротаны бөлген соң мен калған әскерлерімді олардан бір шақырымдай [illegible]мендеу лагерьге орналастырдым. Сол күні кешкісін қаланы босқа [illegible]ратпау және тектен-тек қан текпеу үшін Әулиеата комендантына [illegible]менде көшірмесін келтіріп отырған хат жаздым:

«Әулиеата қорғанының құрметті бегі Нияза[illegible]лы датқаға».

Біздің айтарымыз мынадай: Мен ұлы мәртебелі патша ағзамның әмірі [illegible]ойынша Әулиеатаны алуға әскеріммен келіп тұрмын. Бостан-босқа қан [illegible]кпес үшін Сізге өзіңіз бізден қорғай алмайтын қорғанды Ак патшаның [illegible]скерлеріне тапсыруды талап етуді өзімнің ең бірінші борышым санаймын. [illegible]рдікпен қорғағандығына қарамастан Қоскорған, Күміскорған, Ақмешіт, Жаңакорған, Дінкорған және бүкіл хандығыныздағы қорғандардың [illegible]шіндегі ең мықтысы Бішкек басына туған жағдай біздің күш-куатымыздың [illegible]ндай екендігін көрсетеді. Ал, Қоқан әскерлерінің Құмсуат, Ақмешіт, Үзынағаш түбіндегі жеңілістері орыс каруының ешкімге дес бермейтін [illegible]уатына көздерінізді жеткізген болар.

Мен құдіретті патшамның атынан камал бір ок шығарылмастан [illegible]берілетін болса, қорған ішіндегі қоқан бодандарының бәріне де өмірін, мал-мүлкін, еркіндігін сақтауға сөз беремін. Өткен жылы мен басқарған

орыс әскерлері Созақ пен Шолаққорғанды уақытша басып алғандығы мешіт сонымен қатар алынбастай беріктігіне куә бола алады.

Менің ұсынысымды қабылдамасаңыз, Әулиеата тағдырын өзгерте алмайтын сонау-ақ гарнизон мен тұрғындарды қырғынға ұшыратасыз. Ал [illegible] бірақ сіз акылмен келіссеніз, ішкі айтыс-тартыстарда және [illegible] сыртқы жауларынызбен күресу үшін кажетті көптеген жауынгерлерінізді аман сактап каласыз. Қорғанамын десеңіз, бұл өз [illegible] Бірақ мұнын салдарынын ауыртпалығын өзініздан көресіз.

Жауапка 3 сағат белгілеймін. Полковник Черняев» [14].

Әулиеата үшін болған шайкас жөнінде Қокан тарихшысы Аваз Мухаммад Аттор Хукандий былай дейді: «Орыстар Әзіреті Әулиеата каласына келді. Нияз әлі бұл уәлаяттың басында тұрған еді. Ол барлық [illegible]дарын алып, Түркістанға Мырзадәулетке болысуға кетті. Қала хакімінен айрылды. Кәпірлер корыкпастан каланы коршауға ала бастады.

Олар төрт тараптан кала ішіне зеңбіректен ок боратты. Уәлаят бұкарасы әрбір көше және базарларда кайрат пен батылдыкты өздеріне калкан етіп, кала дарбазасынан шығып, катты ұрыс кылды. Бұл еш нәтиже бермеген соң, олар кала ішіне жасырынды. Дұшпандар түтін басып кеткен заматты пайдаланып, тез бір зенбіректі ішке алып кірді. Бұкара халык бала-шағасымен жан аямай күресті. Әулиеаталыктар Шымкент жолына ынтызарлыкпен көз тігіп. Ташкент хәкімі Нұрмұхамедтен жәрдем күтті. Бұл кезде Нұрмұхамед құсбегі екі айдан бері Шымкентте тұрып жаткан еді және бар окиғаны біліп тұрып бейшараларға жәрдем бермеді. Мұсылман жұртынан бұл ұрыста 1600 еркек және әйел шаһид болды» [15]. Орыс әскерлерінің Әулиеатадағы зұлымдык әрекетін жасыру үшін М.Г. Черняев каланы алуда 307 кісі ғана каза тапты деп жалған мәлімет беріп, акикатты жасырып калды. Әулиеатаны алу кезіндегі орыс әскерлері тарапынан жасалынған зорлык-зомбылык тым шектен шығып кетеді.

«Әулиеата каласы үшін болған соғыста жергілікті халык көп кырғынға ұшырайды. Қокандыктар жағында Кенесарының баласы Сыздык сұлтан болды. Ол көп ерлік көрсетеді. Сыздыктың ерлігіне орыс офицерлері де тан калады. Кырғын ұрыс кезінде Шоканның немере інісі Сыздыкпен кездесуі оның жаралы жүрегін онан бетер жаралайды. Сонан кейін, ол Черняевтан бөлініп, Капал жағындағы ел арасына кетеді» - деп жазады Б. Кенжебаев[16].

Ал Шоканның Черняев әскерінен кетуін Г.Н. Потанин: «Әулиеатаны басып алуда орыс әскерлерінің Шоканның діндестеріне, бәлкім, тайпаластарына, яғни казактарға көрсеткен айуандығы оны катты

ренжітті, ол енді бұдан әрі әскери жорыққа қатыса алмайтынын [illegible] Черняевтан ажырап, Верныйға, одан әрі Құлжа жақта көшіп [illegible] албандарды басқарушы Тезек төренің ауылына кетіп қалды» [17]

Ал, Кенесарыныың тікелей ұрпағы Ф. Үрмізұлы Әулиеатадағы [illegible] ұрыста Шоқан мен Сыздықтың кездесуі туралы өз еңбектерінде.

«Қасында Черняевтің Шоқан да тұр,
Атанған азаматтың асыл текті.
Болып тұр мына сұмдық көз алдында
Қалшылдап тісін қайрап жасын төкті.

Тоқтат деп генералға келіп еді,
Разве это дело наше – депті.
Ерегісіп зеңбіректі зіркілдетті.

Алкынып қаны қайнап, көзі жайнап,
Майданға осы кезде Сыздық жетті.
Черняев қазақ ауылын таптап өтті,
Аза бойы каза боп Шоқан кетті.

Астыртын Сыздыққа Шоқан келіп,
Жансыздай орыс күшін хабар етті.
Шоқан, Сыздық сұлтандар кездеседі,
Қос бауыр бетпе-бет жүздеседі.
Сыртыннан Сыздық сені мақтан етем,
Амал не, еріксіз күш көндірдеді.
Кенесары әкеннің жолын қума.
1869 жылы орыс елшісі капитан Ринталдың патшалық Ресейдің күдіретті күшін алға тартып Якуб бекке қысым жасамақшы болғанда [illegible] салтанатты түрде былай деген болатын: «Менің бауырым болған Ақ патша дүниедегі ең күдіретті патша, ол жер шарының зор бір бөлегін билеп-төстеуде, мен оның қасында кішкентай ханмын, солай болса да мен катерге тап бола қалсам нағыз адамша еш нәрседен қорықпаймын. Өз отаным және наным-сенімім жолында құрбан болуды бақыт деп санаймын»[7].

Патша өкіметі Якуб бектің бұл мәлімдемесіне онша мән бере қоймай үсті-үстіне елші жіберіп Қашқарияда еркін сауда жасауға жол қоюуын батыл талап етумен болды. Якуб бек орыс патшасынан өзіне тең дәрежелі мемлекеттер ретінде мәміле жасауын батыл талап етті. Ол орыс елшісіне былай деп мәлімдейді: «Мені Қашқарияның заңды билеушісі

деп мойындамаушы болсаңдар, барлық әңгімені тоқтатамыз. Маған ресми елшілер жіберіңдер, оны мен өз құзырымда сал бойынша жақсылап күтіп алдым. Одан кейін өкілеттігі жалпыға бірдей мойындалған бір елші менің достығымды патшаларына жеткізетін болады. Егер ол менің ұсынысымды талабымды ойланып көрмейтін болсаңдар, мен мемлекеттің қақпасы сендердің саудагерлерін мен қызметкерлеріне ашылып өсірмейді. Мұбәда еліме күшпен басып кірмекші болсаңдар, мархабат, менің және маған шын берілген шеріктерімнің өліктерін аттап өтесіңдер басып кіре беріңдер»[8].

Ағылшын тарихшысы ол жөніндегі ойларын былай түйіндейді: «Ылғи да қаскойлік, айла-шарғыны кәсіп қылып келген ашкөз шапқыншы, ірі кешенді імперияны Азиялық бір патшаның осылайша сілікпесін шығарып, жанын жаппарға тақауы Ресей тарихында бірінші рет болған жағдай еді. Якуб бек Шар патшасына құлша тізерлеуден батылдықпен бас тартқан әрі оның өкілін дипломатиялық жолмен жеңе алған бірден-бір патша болды»[9].

Бұл сөз тарихи шындыққа толық сай келеді, сондай-ақ бұл тарих өкім ретінде жаһанды жаулаудан басқаны білмеген ағылшын бастаған отаршыл империялардың барлығына қаратылғаны әділдік болар еді деген қосымшалағымыз келеді.

Алтышаһар билеушісі Якуб бек соғыс жүргізуі мен ел билеуінде көптеген кателіктер мен кемшіліктері болғаны өз алдына, ал оның жеке басындағы ер азаматқа тән қайсарлық пен батырлық, бір мұсылманға тән берік сенім, отаншылдық рух мадақтауға тұрарлық қасиеттер екені де құрметтелуге ылайық болатын.

1. Чарлз Болдер (Ансиян). Якуб бектің тержімелері. Шынжаң халық баспасы. Үрімжі. 1988. 110-111 б. 469 б.

2. Әбдікерім Сәбит. Ұйғыр ағаны газеті. 2003, 2003.

3. Ансиянға қарасты Инопаның сотқа істік болық шекарасы. Лондон. 1963. 25-26 бб.

4. Чарлз Болдер. Якуб бектің тержімелері. 292 б.

5. Шынжаңның жергілікті тарихы. Үрімжі. 1999. 470 б.

6. Чарлз Болдер. Якуб бектің тержімелері. 336 б.

7. Бұл да сонда. 267 б.

8. Бұл да сонда. 275 б.

9. Бұл да сонда. 276 б.

[illegible] Ж.Б.
[illegible]
педагогикалық [illegible]

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Биылғы жылы қазақ халқының көрнекті ғалымы, алғашқы демократ тарихшысы, географы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 175 жыл толып отыр. Оның өмір жолдары ғылыммен тығыз байланысты. Шоқанның ғылымға деген құштарлығы Омбыда оқып жүрген кезінде туындаған. Кадет корпусында Ресей тарихы, жалпы тарих, философия негіздері, Батыс Еуропа әдебиеттері, жалпы география және тағы басқа пәндерден дәріс алған оның оқуға деген аңсары күннен-күнге үлкейе түскен. Шоқанның ғылымға деген талпынысын онымен бірге оқыған курстары байқаған. «Корпустың оқытушылары Шоқанды болашақ зерттеуші, тіпті ғалым болуы да ықтимал деп жүрген кезде, Шоқан небәрі он төрт- он бес жаста ғана болатын». - дейді Г.Н. Потанин [1. 27-б.].

Батыс пен Шығыстың белгілі ғалымдарының еңбектерін, жазбаларын, аудармаларын қызыға оқыған Шоқан кейінгі ғылыми жолында осы еңбектерден көп мағлұматтар алған. Бұл турада ғалым Самат Өтенияз: «Ол алдымен Шығыстағы белгілі тарихшылар Рашид-Еддин, Жувейни, Шариф-Еддин Али Иезди, Васаф, Хандулла Казвини, Мұхамед Хайдар Дулати, және тағы басқалардың еңбектерін кеңінен пайдаланды. Ұлықбек, Бабуыр, Әбілғазы, Кятиб Челеби сияқты белгілі тарихи тұлғалардың еңбектеріне өз зерттеулерінде көптеп сілтеме берілді. Ал, Қытай деректерінің мәліметтерін Батыс Еуропа ғалымдары Дегинь, Клапрот, Д. Оссон, Сен-Мартен, Абель Ремюзе және Ресейдегі белгілі аудармашылар Иакинф-Бичурин, В.П. Васильев және т.б. аудармаларынан алып, кәдеге асырған». - дей келе, онын орыс жылнамаларына, Еуропа саяхатшыларының жазбалары мен мәліметтеріне сүйенгенін аса жоғары бағалайды [2. 85-б.].

Шоқанның барлық ғылыми зерттеулері тарих, әдебиет, этнография, география салалары үшін құнды болып табылады. Оның әрбір еңбегі үлкен қиындықпен жиналған материалдар негізінде жазылды. Себебі ол Орта Азия елдеріне саяхат жасаған кездерде түрлі қиыншылықтарды, ауырлықтарды бастан өткерген.

Қазақстан тарихы үшін оның Ыстықкөл, Құлжа, Қашғар, Тянь-Шаньға байланысты, сондай-ақ Ұлы жүз, Тәңіріге, казактардағы шамандыкка,

көне ескерткіштерге, казақ шежіресіне және т.б. тарихи-географиялық, этнографиялық тақырыптарға жазылған еңбектерінің берері мол.

Шоқанның этнография саласында казақ шежіресіне қатысты жазған еңбектерінен «Ұлы жүз тарихы» мен «Казақ шежіресін», «Киіз үй», «Казақ моллалары мен жалпы көне ескерткіштер жөніндегіні» ерекше атап өтуге болады. Ол әрбір еңбегіне аса көңіл болген және әдеби, жазба, мұрағат деректерін катар сараптаған.

Казақ халкында шежіре ерте кезден келе жатыр. Шокан Уәлиханов «Ұлы жүз туралы» еңбегінде Іле алкабын мекендеген Ұлы жүздің екі негізгі албан, дулат рулары жайында біршама мағлұмат береді. Дулат руының Ұлы жүз ішіндегі баска рулардан караганда саны жағынан да, жаугершілігі мен байлығы жағынан куатты екендігін, албандардан бес есе, жалайырлардан үш есе көптігін атай келе, осы Дулат пен албан руларының кейбір аталары мен шапырашты руының басым бөлігі Іленің оң жағында көшіп-конып жүргендігін көрсеткен [1, 92-б.].

Жалпы Ш. Уәлиханов казақтардың ру-руға бөлініп, ежелден ата дәстүрді ұстанып келгендігі мен казак руларының мекендеген жерлері, рулардың атауларының шығу тарихын «Казак шежіресі» деп аталған еңбегінде айкындауға тырысты. Ол бұл еңбегінде казак деген ортак атаудың аясында канды, шанышкылы, керейіт, кыпшак, үйсін, жалайыр, найман және т.б. сиякты рулардың барлығын атап өткен. Осы еңбекті жазу барысында ғалым шығыс тарихшыларының, Рашид-ад-диннің «Жылнамаларын», «Шайбанинама», Г. Левшиннің, Шал жыраудың, Кадырғали Жалаиридің «Жылнамалар жинағын», Әбілғазының «Түрік шежіресін», Карамзин, зерттеулерін назардан тыс калдырмай, пайдаланған.

Шокан найманды, жалайыр мен керейлерді монгол ұлыстарына жаткызып, шығыс тарихшыларының Шыңғысханға дейін өз хандары, жеке-жеке билеушілері болды дегенді келтірген. Сонымен катар үйсін, арғын тайпалары туралы жазылған деректерді де талдауға алады. Ұлы, Орта, Кіші жүзге кіретін руларды саралауға тырысады. Ол «казак» немесе «алаш» деген сөздердің кайдан шыккандығын халыктың жыр-дастандарынан алуға болатындығын айтқан. «Шайбанинама» деректерінде «казак» деген жана кауым адамдары «құрметті, отырыкшылардан рухани жоғары» деген ұғымда баяндалғандығын, Моғолстан мен ыдыраған Алтын Орда халкы жайында да мағлұматтар береді. Осы Ордадан бөлініп шыккан найман, коныpат, жалайыр, канды сиякты рулар өз еріктерімен казактарға келіп косылып Казак ордасын құрғандығын келтіреді.

Шокан Шынғысұлы атығай руы туралы кызыкты дерек келтірген. Онын

[illegible] хан Абылай 1757 жылы қырғыздарды [illegible] Ұлы жүздің жесірлерді ордасына алып келіп, [illegible] [illegible] шығу тегін Атығайдың түп атасы Дәуіттің [illegible] [illegible] жаңа қырғыз, бай қырғыз деп атаған. Осы [illegible] [illegible] байланысты бірнеше мысалдар келтіреді

Жалпы Шоқан қазақтардың өзі мен ру аттарын [illegible] ру басыларының, бабаларының атымен байланыстырып [illegible] [illegible] «... қыпшақ, найман, қоңырат т.б. негізгі руларды [illegible]

Шыңғыс заманынан келе жатқан ел деп таниды [illegible] [illegible] жүздің құрамында болмасын, өздерінің шығу тегін [illegible] [illegible] тарайды, біртұтас – құрамдас бөлігіміз деп санайды», - дейді. [illegible] Ұлы жүзді ежелгі монғол халқының үйсінінен шығып, өздері Шыңғыс [illegible] заманындағы Майқы биден тарайды деп жазады. Одан әрі [illegible] Ұлы жүздің құрамына Жалайыр, Дулат, Албан мен Суан еніп, Дулат руынан [illegible] Сарыүйсінге тірелетін Үйсін болып келеді деп көрсетеді. Ұлы жүз шежіресін зерттеген ғалым, профессор Халел Арғынбаев Шоқанның осы Ұлы жүз құрамы туралы келтіргендерін толық емес деп отырып, оның жіберген қателіктерін көрсеткен. «Ш. Уәлиханов бұл орайда бірнеше дәйексіздік танытады. Біріншіден, Үйсіндер монғол халқы емес, екіншіден, Сарыүйсіндер ешқашан Дулат құрамына енбеген. Ш. Уәлиханов келтірген қазақ шежіресіндегі Ұлы жүздің арғы тегі Майқы би деген Рашид ад-Дин дерегіне сай, онда Майқы Үйсін руынан екені көрсетіледі. Алайда, Ұлы жүздің тек бір кісіден, оның ішінде Майқы биден тарады деу халық аңызы болып есептеледі. Шоқан көптеген аңыздар мен қазақ шежіресін салыстыра отырып, Ұлы жүздің ата-тегін түгендеген. Бұл қазақ ғалымының XIX ғасыр ортасындағы үздік деректері соңғы жылдардағы зерттеушілердің мәліметтері мен біздің күндердің куәларымен айтқанымен молыға түседі», - дейді [3, 25-26-бб.].

Шоқан ауыз әдебиетіне құрметпен қарап, қазақтың әрбір ру-тайпалардың шежіресі ғасырлар бойы ауыздан ауызға аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, ұлағатты асыл, нақыл сөздер ретінде таралып, өсиет-онеге, тәлім-тәрбие ретінде жалғасын тауып келе жаткандығын көрсеткен.

Ш. Уәлиханов еңбектерінде қандай мәселе көзғалса да дәлелсіз емес. «Қазақ» пен «Алаша» сөздерінің түп-төркінін ғылыми зерттеулерден де, жыр-дастандардан да, аңыздардан да іздейді. Ғылыми зерттеулерге шолу жасап барып, өз түжырымын айтуға тырысқан. Ол елдің айтуы бойынша Шал жыраудың жыр-дастандарында қазақтың шығу тегіне қатысты

тарихи аныз-әңгімелердің қамтылатындығын, сондықтан да оның мұраларын қорытынды маңыздылығын көрсете отырып, осы қазақ пен Ханшалы байланысты естігендерін мысал ретінде ұсынған. Бұл сөздерін түсіндірмелерін айқындауда барлық аныз-әңгіме, жыр-дастандарға байланысты оқиғалардың тарихи шындықпен сәйкестігін тексеруге мүмкіндік берді.

Ғалым қазақ халқын билеген хандар жайында да мәліметтер келтіре отырып, қазақтың алғашқы ханы Жәнібек болды ма, әлде оның аталары болды ма, осы жайттың көмескі екендігін ескертеді. Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағында» бұл ханға қатысты нақты мәліметтің жоқтығын жаза келе, бұл жерде тағы да аныз-әңгімелерге жүгінеді.

Қазақтың өткен тарихы орыс жылнамаларында хронологиялық ретпен берілгендігін, алайда қазақ даласындағы хандар туралы жазылған еңбектерде кателіктер кететіндігін де ашық айтқан [1, 108-120-бб.]. Ғалым бұл зерттеуінде көптеген шығыстанушылар мен этнографтардың еңбектерін сыни көзбен қарап пайдаланған.

Ш. Уәлихановтың келесі бір еңбегі «Киіз үй» деп аталады. Қазақ тұрмысында киіз үйдің аса қажеттігін, оның көшпелі тұрмысқа бейімделіп, үнемі қазақтың қасынан табылатындығын жаза келе, киіз үйдің құрылысын талдайды. Кереге уық, шанырақ, қанат, туырлық, үзік, түндік, бақан, ши, жиек, басқұрдың негізгі қызметін ашып береді. Ол үйдің ішіндегі заттардың орналасу ретін де суреттеген.

Қазақтың негізгі тұрағынан басқа тағы да қос және жұлым үйінің кімдерге арналғандығын және киіз үйден айырмашылығын ашып көрсеткен. Қазақ киіз үйінен басқа қалмақ үйі, торғауыт үйі деп аталатын киіз үйлердің барлығын, олардың қазақ үйіне қарағанда конус формалы, әрі уықтары ұзын және аз иілгендігін, шанырағының кішілеу, шошақ екендігін келтірген [1, 99-101-бб.].

Шоқан Шынғысұлы қазақ даласында кезесетін молалар мен көне ескерткіштердің ерекшеліктері жөнінде де зерттеулер жүргізген. Ол қазақ даласында ертеден келе жатқан ескі қорған, мола, үйінділердің көптігін айта келе, әрбір көне ескерткіштердің арғы жағында тұнып тұрған тарихы барлығын, молалардың салыну пішіміне қарай қай кезеңде, заманда салынғандығын, қандай тап өкілінікі екендігіне көз жеткізуге болатындығын суреттеп береді. Ол «мола» деген атаумен барлық бейіттерді атауға болмайтындығын ескерткен. Оның пайымдауынша, мола деп қарапайым, сүренсіз төмпешікті, ұсақ тас үйіндісін немесе балшықтан соғылған тұрпайы ескерткіш.

[illegible] жерінде кездесетін мола, бейіттердің әр түрлі болып [illegible] нақтылап берген. Мәселен, Шу өзені қазақтары Ташкент-[illegible] пайдаланысты болғандықтан салынған бейіттер де Ташкент [illegible] екенін, сол жақтан арнайы шебер шақырылып [illegible] Мысал ретінде Талғар өзені бойындағы керуен жолындағы Құлан [illegible] Ташкент үлгісіне ұқсастығын көрсеткен. Сонымен қатар қабір [illegible] орналасқан ескерткіштердің де алуан түрлі болып келетінін [illegible] өтеді. Бұл көне ескерткіштерді ол халық моналары және [illegible] моналар деп бөлген. Әр ғасырда салынған мола, бейіттердің [illegible], сәулеті жағынан өзіндік ерекшеліктері барлығын атап [illegible], бертін салынып жүрген бейіттер кірпіштен қаланып, түрлі-түсті [illegible] бояулармен сырланатындығын келтіреді. Жалпы Шоқан қазақ [illegible] кездесетін атақты адамдардың бейіттерінің өзіндік ерекшелігін [illegible] дәлелдеген. Оның бұл еңбегінде Құлан хан, Сүйік сұлтан, Барақ [illegible], Әбілқайыр хан, Аташ батыр, Байғазы, Қамыр хан, Алаша хан, [illegible] әулие, Бұлған-Ана, Ботағай, Қашана, Ордабай, Қозы Көрпеш, [illegible] қойылған мола, бейіт, мазар, бағаналардың жайында жазады [1, 101-107-бб.].

Шоқан Уәлиханов ескіден қалған мұралардың қатарынан қаңырап [illegible] көне қазба кен орындарын, бос қалған егістіктер, тастап кеткен [illegible] тастарды жаттықтырған. Ғалымның қазақ моналары мен жалпы көне [illegible] ескерткіштері жөнінде жазған еңбегі шамамен 1855 жылы жазылған. Шоқан келтіріп отырған Әбілқайыр ханның моласын (мавзолейін) орыс [illegible] ғалымдары әлденеше рет сипаттап жазып кетсе, ал Қашана бейітін [illegible] профессор Петри зерттесе керек.

Аягөз өзені бойындағы Қозы Көрпеш-Баян сұлу моласына Шоқан аса [illegible] аударған. 1856 жылы Ыстықкөл сапарының күнделігінде Аягөзге [illegible] жолда ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кешенін көріп, сол турада [illegible] деп жазған: «Мен Аягөзді сондай сүйемін, сондай қадірлеймін, [illegible] сұлу Баянның алтын шашты Қозы Көрпешке ғашық болған аңызы [illegible] еткен болу керек. Олардың махаббат жолындағы әрекеті осы [illegible] бойында өткен» [4, 11-13-бб.]. Шоқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасын 1856 жылы атақты Жанақ ақыннан естіп жазып [illegible], екінші нұсқасын 1864 жылы Шөже ақыннан жазған.

Ғалымның Орта Азияны, Қоқан хандығының саяси тарихын, мемлекеттік құрылысын, басқа елдермен сауда және саяси қатынастарын, қазақ халқының тұрмыс-салтын, мәдениетін зерттеуде биігі шоқтығында талас жоқ. Ол қазақ тұрмысының өзіндік ерекшелігі барлығын дәлелдеген. Шоқанның ғылыми жетістігін, тигізген үлесін ғалым Е. Масанов бағалап,

оның шығыстануға қатысты жазылған кейбір жасақ пікірлерді қатаң сынға алып, кейбір өз замандастарының қазақ пен шығыс елдерінің тарихымасына қатысты көзқарастары мен тұжырымдамаларын ерекше бағалап, оны не бұрынғыларды қайталаудан гөрі, ғылымға жаңалық енгізуге мақсат тұтқандығын атап өткен [5, с. 58.].

Шоканның ғылыми зерттеулерінің ішіндегі көлемді шығармаларының бірі «Қырғыздар туралы жазбалар» очеркісі. Бұл еңбегінде ғалым Алатау қырғыздары туралы толымды мәліметтер келтірген. Алатау қырғыздарының шығу тегін, мекен-жайын, әлеуметтік топтарға бөлінуін, конс ескерткіштерін, шаруашылығын, тілін, мәдениетін, көршілерімен қарым-қатынасын және т.б. жайында нақты тарихи деректерге сүйене жазады. Шоканның XVII-XVIII ғасырлардағы қырғыздар жайында жазғандар бұрын мұрағат материалдарын актарып, бірсыпыра дәлелдейтін қызықты мәліметтер табады.

Академик Ә. Марғұлан Шоканның бұл еңбегі жайында: «Уәлиханов қырғыздар жөніндегі бүкіл шығыс мәліметтерін жаксы білгендіктен, көбінесе соларға сүйеніп, өзінің дәлелдерін сол шығыс мәліметтерімен ыспаттап отырды. Шокан қырғыздардың XVII ғасырға дейінгі Тянь-Шань мен Енисей аралығында көшіп-қонып жүргендігі және олардың бұлан ұлан асыр кең жайлауларының өрісі тек өздерінің ертеден келе жаткан ежелгі жолдарын жоңғарлар басып алғаннан кейін ғана тарыла түскендігі туралы тұжырымды дәлелдер келтірді. Терен мағлұматы бар жас ғалым, өзінің алдында болып өткен оқымыстылардың ертедегі қырғыздар тарихы жөнінде кателесіп, теріс ұғым берген географтар К. Риттер мен А. Гумбольдтың және шығыс тарихын зерттеуші Шотта мен Клапроттың шығармаларын сынайды», - деп жазады [1, 43-44-бб.].

Шоканның «Сот реформасы жайындағы хат», «Казактардағы шамандыктың калдығы», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» және т.б. еңбектерінің тарихи маныздылығы аса зор. Орта Азияны, Тянь-Шань тауын зерттеген ғалым П.П. Семенов –Тяншанский Шоканның зерттеулерін аса жоғары бағалаған. Мезгілсіз кайтыс болмағанда Шоканнан тамаша ғалым шығар еді деген пікір айткан [6, 241-242-бб.].

Ш. Уәлиханов артынан ғалым ретінде ірі ғылыми зерттеулерін калдырды. Оның әрбір еңбегі ғылым саласы үшін аса манызды, берер құндылығы мол. Ғалымның ғалымдылығы бұл күндері де өміршендігін сактап, ғылыми зерттеулерде кен түрде колданылуда.

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы, 1985
2. Өтемұрат С. Шоқан: өскен орта. - Алматы, 1995
3. Арғынбаев Х., Мұханов М., Востров В. Қазақ мемлекеттілігі хақында. – Алматы., 2000

[illegible] Избранные произведения. Вступ. [illegible]
[illegible] Выдающийся ученый казахского народа [illegible]
[illegible]
[illegible] Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы [illegible]

[illegible]
[illegible]
аға оқытушы [illegible]

ЖЕТІСУДАҒЫ ОРЫС АВТОНОМИЯСЫН ҚҰРУ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ (1916 ж.)

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін халқымыздың рухани сұранысы кеңейіп, өзінің өткен тарихын қайта зерделеп, өзін-өзі танып білуге деген ынтығушылығы арта түсуде. Ал, тәуелсіздікке жету қазақ халқына оңайға түскен жоқ. Азат ел болу үшін небір қиын заманды бастан өткеріп, әркез ұлттық күреске шығып отырды. Бүгінгі таңда бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылған күрестердің тарихын мүмкіндігінше шынайы баяндау бүгінгі тарих ғылымы мен тарихшы ғалымдардың маңызды міндеттерінің бірі болса керек.

Бүгінгі бас косуға арқау болып отырған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс соның бір айғағы деп ойлаймыз. Бұл көтерілістің ұлт-азаттық қозғалыстардың ішінде алатын өзіндік орны бар. Бұған дейін көтеріліс жөнінде біршама айтылып, жазылған да сияқты. Дегенмен, оның әлі де болса анықтап, тереңірек зерттейтін тұстары мен қыр-сыры жеткілікті. Өйткені, бұрындары зерттеушілердің колы жете бермеген, белгілі себептермен тиым салынған тың тарихи деректердің тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары ғылыми айналымға тартылуы көтерілістің тарихын қайта карастырып, жаңаша корытуға мүмкіндік беруде. Сонысымен бұл көтеріліс бүгінгі таңда зерттеушілердің көңілін аударып келеді. Солардың ішінде көтерілістің шығуына негіз болған себептердің бірі жер мәселесі болып табылады. Жер мәселесін жаңа деректер негізінде қайта корыту, оның осы көтерілісте ғана емес жалпы геосаяси мәселелерде алатын орны мен маңызы зор болып саналады. Тарихшы-ғалым М. Қойгелдиевтің пікірінше «Жаңа жерді өзіне косып ала отырып Ресейлік билік екі бірдей максатты шешуді көздеді. Жаңа аумақ имерияның жер ресурстарын молайта отырып, біріншіден, арзан табиғи байлық көзіне айналуға тиіс болса, екіншіден, қазақ жері империяның Орталық Азияға, Шығыска тереңдеп ену жолындағы дәліз міндетін аткару үшін қажет еді. Батыста

Англия-Британия, ал Шығыста Цзинь империяларымен бәсекелестікке түскен Ресей үшін Қазақ жері, міне, осы екі бірдей міндетті орындай алатын аса маңызды әрі пайдалы аумақ болатындығы хақ» [1].

Сонымен, ал ғарыштан алғанда Ресейдің геосаясатында қазақ даласының, оның ішінде Жетісу қаншалықты саяси-стратегиялық маңызды орын алатынын анықтау оңай емес. Ал жер мәселесінің Ресей үшін ғана емес кез-келген халық үшін де, мемлекет үшін де, олардың қатарында біздің ел үшін де маңызы бар. Оның 1916 жылғы көтерілістің қарсанында қатты шиеленісуі, отаршыл саясаттың салдарынан жергілікті халық қазақ пен қырғыздың империялық езгіге қарсы шығуында бірден-бір негізгі себептердің бірі болуы да осыдан болатын. Өйткені әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі жермен байланысты екені дау тудырмаса керек.

Сондықтан да Жетісудың 1916 жылғы көтерілістің ірі ошақтарының бірі болған еді. Жетісудағы азаттық көтеріліске қазақ және қырғыз халықтары бірдей шықты. Көтеріліс сол кездегі Жетісу облысының Верный, Жаркент, Пішпек және Пржевальск уездерінде күшітірек әрі шиеленісті болды, ал Қапал мен Лепсі уездерінде аталған уездерге қарағанда баяулау жүрген болатын. Отаршыл империя озбыр саясатына қарсы тұрып, бостандыққа ұмтылып көтеріліске шыққан халықтарға бақайшағына дейін қаруланған арнайы жазалаушы әскер жіберілді. Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің 1917 жылдың 22 ақпанында империяның патшасына жасаған мәлімдемесіндегі деректерге сүйенсек Жетісудағы көтерілісті басу үшін «...өлкенің басқа облыстарынан Жетісуға үш бағыттан: Әндіжаннан – Нарын бекінісіне, Черняевтен – Пішпек және Токмақ бағытына, темір жол арқылы айналма жолдармен – Семейге, одан ары – Сергиополь – Лепсі – Верный бағытына 3½ дружина, запастағы полктардан 7 атқыштар ротасы, 5 казак жүздігі және 14 зенбірекпен қаруланған әскер келген. ...Одан басқа, қызметтегі армия қатарынан казак батареясымен қоса 2 пулемет командасы және 2 казак полкы жіберілген» [2]. Бұл әскерге қосымша отаршыл жүйенің жергілікті жерлердегі «әлеуметтік тірегі» саналатын келімсек орыс шаруаларынан құрылып қаруландырылған халық жасақтары жазалау операцияларына қатысты. Бірлескен жазалаушы күштің «орыс қаруының күшін» көрсетете отырып жүргізген «қызу» шараларының барысында көтеріліс аяусыз, қатыгездікпен басып-жаныштады. Губернатордың айтуынша «бұл жазалаушы әскер келгеннен соң көтерілісшілер аздаған қарсылық көрсеткеннен кейін азық-түлік пен малдан тапшылық көріп, кедейшілік күй кеше отырып шекаралық аймақтарға ығысып, кешірім сұрауға мәжбүр болған» [3].

[illegible] жүргізген репрессиялық [illegible] халық боскыншылыкка ұшыран [illegible] жатқан Қытай жеріне қоныс аударып [illegible] аштық пен індеттен қырылып, адам айтқысыз [illegible] небір қиын-қыстау азапты өмірді өткерді.

[illegible] отаршыл империяның көтеріліске шыққан [illegible] жазалау саясатының нәтижесінде [illegible] репрессияланған көтерілісшілер осындай халге түскен еді.

Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің Ресейдің [illegible] Императорына» берген мәлімдемесіндегі мәліметке [illegible] көтеріліс кезінде Жетісудың орыс тұрғындарынан [illegible] 16 адам өлген. Жаркент уезінен 32 адам өлген және [illegible] адам [illegible] жоғалып кеткен. Пішпек уезінен 98 адам өлген және [illegible] адам [illegible] жоғалған. Пржевальск уезінен 2179 адам өлген және 1[illegible] адам [illegible] жоғалып кеткен, ал әскерлерден 3 офицер, 52 төменгі шендегі [illegible] өлген, 41 адам жараланған және 75 төменгі шендегі солдаттар [illegible] жоғалып кеткен». [4]

Генерал-губернатор осы жасаған мәлімдемесінде жазалаушы әскерлер жүргізген «әскери сойқан» операциясының барысында көтерілісші халықтардан қанша адамның шығын болғаны туралы мәлімет келтірмейді. Оның бұл ұстанымы үстемдік етуші империяның жергілікті халыққа бұратана ретінде менсінбей қарайтын сұркия саясатының тағы бір көрінісі болса керек.

Түркістан губернаторы Куропаткиннің патшаға жасаған мәлімдемесінде көтерілісші халықтар келешекте «естен шығармас үшін» оларға қатаң шара қолданылып, «орыс қаны» төгілген алақандай жер болса да көтерілісшілерден тартып алынатындығын айтып, «... необходимо, чтобы туземное население твердо усвоило, что пролитая русская кровь карается не только казнью непосредственных виновников, но и отобранием земель у туземцев, оказавших недостойными владеть ею, как то было поступлено с виновниками Андижанского восстания» деп көрсетеді [5]. Ал, өткен тарихта Андижан көтерілісі 1898 жылы болғаны белгілі. Бұл көтерілісті басканнан кейін империя көтерілісшілерден мемлекеттік казынаға 2 954 десятина жер тәркілеп алып, кейін ол жерлер жаңа орыс селоларына айналдырылған да, кейін орыстың ірі байлары (зажиточное русское село) тұратын 200 үйлі елді мекен құрылып, оған «Русское село» деген ат берілген еді [6].

Ал, 1916 жылғы көтерілістен кейін Ресей империясы осы максатта тағы да сол саясатын жалғастырып: «...Этот принцип, твердо проводимый

и жить при каждой вспышке туземного населения, имевшей в результате пролития русской крови, должен заставить благоразумную часть населения удерживать неблагоразумную от попыток бороться против русской власти силою оружия. Эти начала были проведены и при наказании туземцев Туркестена за преступления против русского правительства в прошлам году» деп атап өтіледі. Осы айтылған саясатты іске асыру үшін көтерілістін ірі ошағы болған Жетісуда тағыда бір «Орыс селосынын», дәлірек айтсак кіші-гірім орыс селосы емес, бүтіндей бір орыс үшін құру немесе баскаша айтканда «Орыс автономиясын» құрудын жобасы жасалған болатын. Бұл жоба көтеріліс басып-жанышталғаннан кейін 1916 жылдын 15 казанында Түркістан өлкесінін бірінші басшысы генерал-губернатор А.Н. Куропаткиннін төрағалығымен өткен Жетісу облыстык баскармасынын мәжілісінде карастырылған. Мәжіліске облыстағы барлык мекемелердін өкілдері катысып, онда «мемлекеттік мүддеге сай», яғни отаршыл империянын мүддесіне сай келетін ғана саясатты ұстанып көтерілістен зардап шеккен орыс тұрғындары мен кырғыздарды жерге орналастыруға байланысты облыстын уездерін кайта құру туралы мәселесі талкыланады. Нәтижесінде «Таза орыс тұрғындары орналасатын Пржевальск уезін құру» («Проект образования Пржевальского уезда с чисто русским населением») жобасы жасалынды [7]. Жобада – «На областном совещании, состоявшемся 15 октября 1916 г. под председательством Главного Начальника края генерал-лейтенанта А.Н. Куропаткина, было решено все бунтовавшие киргизские волости Пржевальского уезда переселить в Нарынский край, а киргизские волости Джаркентского уезда рода Албан, выселяемые с долины Текеса и Чолкуде-су поселить так, чтобы не нарушит их хозяйства, сейчас не намечая определенных мест выселения.

Все пригодные освободившиеся земли по выселению бунтовавших киргиз должны быть обращены исключительно под заселение казаков и русских, а не пригодные пока к заселению передать в ведение казны.

Из всей территории, намеченной Совещанием под водворение казаков и русских переселенцев, т.е. части Джаркентского уезда (долина Текеса, Чолкуде-су, Каркаринского плато), части Пржевальского уезда (северное и южное побережье озера Иссык-куля включительно до бывшего селения Столыпинского), образовать особый уезд Пржевальский с чисто русским населением, (астын сызған – Т.Ш.) с двумя приставствами: одно в бывшем селении Столыпинском, другое – в казачьем выселке Охотничьем.» [8] - деп көрсетілді. Ал, «ерекше орыс уезінін» шекарасы төмендегідей белгіленген болатын: - «Границы же Пржевальского уезда намечаеются

[illegible] от перевала Керке-бас на с.-в. по [illegible] реку Чу, пересекая реку Чу в Баумском ущелье [illegible] хребта Кок-майнак, по перевальным точкам хребта [illegible] до верховьев реки Ир-су, западнее перевала [illegible] реки Ирсу до впадения ее в Каркару, по Каркаре до впадения [illegible] реку Кегень на горы Кучук-тау, по логу [illegible] по перевальным точкам Кетьменских гор до Китайской границы перевала Будуты, по государственной границе с Китаем [illegible] Хан-теншри. От Хан-теншри по границе предполагаемого [illegible] перевала Турук и Тюп, по перевальным точкам хребта [illegible] до перевала Укок, от перевала Укок по хребту между речками Кара [illegible] Укок до пикета Кумбел-ата, от пикета на горы Айгыр-джас на реку [illegible] около 7 вер. Выше западной границы надела сел. Столыпинского, далее спускаясь в долину Кочкар и по южным склонам Александровского хребта до перевал Керке-бас.» [9]. Бұл уездің жер көлемі 2 168 507 десятина, ал мұнақтар мен жартастарды және құздарды (крутизнами) косканда 2 500 000 десятина немесе 20 817 шаршы шақырымды құрады [10].

Мәжілістің мұндай шешіміне империяның Жер істері министрлігі 1916 жылдың 11 желтоксанында берген № 995 пікірінде қолдау көрсеткен [11].

Ал, көтерілісшілерден босаған жерлерге переселендерге берілетін көлемі 10 десятинадан тұратын бөліктен есептегенде 20 мың ер адам немесе 10 мың орыс қожалығы қоныстандырылады деп жоспарланды. Егер де Генерал-губернатордың өкімін орындау үшін бұл уезге казақтар (казак-орыстар) орналастырылатын болса және бір ер адамға 30 десятинадан есептегенде, 10 десятина әскери запаска деп есептегенде онда 5 мың ер адам немесе 2 мың қожалық орналастыру жоспарланған болатын. Жобада – «Вторая задача – это скорейшее заселение русскими всех освободившихся киргизских земель. Как указывалось выше, земель, пригодных к немедленному засению, т.е. пахотных, сенокосных и частью пастбищных для выпасов, не считая земель, которые до мятежа уже были заняты русскими, в Пржевальском уезде находиться сейчас около 200 000 десятин. Если считать по 10 дес. Надел на душу, как дается переселенцам, то можно поселит 20 000 душ мужского пола, или около 10 000 хозяйств. Если же, во исполнение распоряжения Генерал-Губернатора, заселять этот уезд казаками и считать надел на мужскую душу 30 десятин, да 10 дес. В войсковой запас, то можно поселить 5 000 душ мужского пола или 2 000 хозяйств.» - деп белгіленген еді [12].

Ресей үшін жобаланған жаңа уездің маңызы зор еді. Келешекте

Қытаймен арақатынас шиеленісіп жатса бұл өңір империяның мықты тіректерінің бірі болады деп ескеріліп «Кроме того, сразу же были бы использованы освободившиеся земли Текесской долины и по границе с Китаем из ряда вновь образованных станиц создался бы крепкий оплот на случай осложнений с Китаем» [13].

Осылайша Ресей империясы Андижан көтерілісін басканнан кейін қурған «Русское селосынын» кенейтілген нұскасын жасау максатында «...что пролитая русская кровь карается не только казнью непосредственных виновников, но и отобранием земель у туземцев....» - деген саясатты ұстана отырып Жетісуда «таза орыс халкынын өкілдері тұратын ерекше хеник» немесе «Жетісудағы орыс автономиясын құру» жобасын жасаған еді. Бірак 1917 жылғы өзгерістерден кейін бұл жоба толык іске аспаған болса керек. Бұл жасалған жобаның мұрағатта сакталған нұскасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Казак ұлт-азаттык козғалысы» сериясы бойынша жарык көрген көптомдыктын «Жетісу. 1916 жыл» атты 11 томында жарияланды [14].

Кейін осыған ұксас жоба большевиктер билеген Кенес үкіметі тұсында 1920 жылдарыда көтеріліп, сол тұстағы ұлт мүддесін корғаған казак – кырғыз зиялыларының белсенді наразылығының аркасында іске аспай калған болатын. Бұған караганда патшалык Ресейдің де, Кенестік биліктін де ұстанған саясатынын өзегі бір отарлык жүйе екенін тарих дәлелдеп отыр. Сондыктан өткен тарихымыздың белгісіз болып келген осындай тұстарын жана концептуалды тұрғыдан кайта корыту, одан сабак алу бүгінгі күннін өзекті мәселелерінің катарында деп білеміз.

1. Койгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы «Мектеп» баспасы, 2008. 36-37 бб.
2. ҚР ОММ. 380 қор 1 тізбе. 1 іс. 176 п.
3. ҚР ОММ. 380 қор 1 тізбе. 1 іс. 176 п.
4. ҚР ОММ. 380 қор 1 тізбе. 1 іс. 176 п.
5. ҚР ОММ. 380 қор 1 тізбе. 1 іс. 184 п.
6. ҚР ОММ. 380 қор 1 тізбе. 1 іс. 184 п.
7. ҚР ОММ. 44 қор.1 тізбе. 5073 іс. 7-12 пп.
8. ҚР ОММ. 44 қор 1 тізбе. 5073 іс. 7 п.
9. ҚР ОММ. 44 қор.1 тізбе. 5073 іс. 8 п.
10. ҚР ОММ. 44 қор 1 тізбе. 5073 іс. 8 п.
11. ҚР ОММ. 380 қор 1 тізбе. 1 іс. 186 п.
12. ҚР ОММ. 44 қор 1 тізбе. 5073 іс. 11 п.
13. ҚР ОММ. 44 қор.1 тізбе. 5073 іс. 11 п.
14. Казақ ұлт-азаттық қозғалысы. 11 том. Жетісу. 1916 жыл. (Құжаттар мен материалдар жинағы). Астана. 2008. 70-80 бб.

ТЕРЕНИНОВА Н.Н.
Алматы мемлекеттік университеті
географиялық факультеті оқытушысы

ҚАЗАҚТЫ ТАНЫТҚАН ГЕОГРАФ – ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Қазақ халқының көрнекті ғалымы, ағартушысы Ш.Ш. Уәлиханов Қазақстан тарихнамасында ағартушы ғана емес, тарихшы, этнограф, экономист, саясаткер, географ ретінде ретінде белгілі.

Шоқан Шынғысұлы XIX ғасырдың 30-шы жылдары дүниеге келіп, өмірге өтіз жас жасағанымен отандық ғылым мен әдебиет тарихына баға жетпес құнды ғылыми зерттеулерін қалдырып, оның еңбектері әлемдік деңгейдегі ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қолданылып келеді.

Шоқан Омбыдағы кадет корпусын бітіргеннен кейін туған халқына пайдасы тиерлік істі жүзеге асыруды армандады. Ол Батыс Сібір генерал-губернаторының қарамағында қызмет еткен жылдары, нақтырақ айтқанда 1854-1857 жылдары Ұлы жүз қазақтары мен кейбір қырғыз руларын Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу мақсатындағы экспедицияға қатысады. Осы экспедиция кезінде Омбыдан Семей, Аякөз, Қапал арқылы Іле Алатауына өтіп, Жоңғар қақпасына дейін барған. Ал кері қайтқан кезінде Алакөл, Тарбағатай жерлерін аралап. Орталық Қазақстанға бет алып, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға қайтып оралады. Ғалым Рабиға Сыздықованың жазуынша, Шоқан бұл сапарында құнды материалдар, атап айтқанда өзі болған аймақтың тарихы, қазіргі қалпы, ескі қалалардың орны, шың-тастардағы жазу белгілері, көне ескерткіштер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен өлеңдер жинап, осы материалдар негізінде қазақтардың тарихы мен әдебиеті жайында еңбектер жазған [1, 150-б.].

География саласындағы Шоқанның қол жеткізген жетістігі бұл 1856 жылғы Ыстықкөл, 1856-1857 жылдардағы Жетісу, Тянь-Шань және 1858-1859 жылдар аралығындағы Қашқарияға сапары.

Шоқан еңбектерінің ішінде география саласына аса қажеттісі бұл «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Қашқарға барған және Қашқардан Алатау округіне кері қайтқан сапарымыз туралы», «Алтышаһар немесе Қашқария туралы» еңбектері болып табылады.

1856 жылғы Ыстықкөл сапары патша үкіметінің әскери-ғылыми болып, қырғыз елін жете зерттеп, Ыстықкөл аймағын картаға түсіруді жоспарлаған еді. Бұл экспедицияны полковник Хоментовский басқарды. Ыстықкөлден әрі Қытайдың Құлжа қаласына дейін барған. 1856-1857 жылы Жетісу, Тянь-Шаньға барып, қайтып екінші рет Қырғыз Алатауында саяхаттарын жалғастырған.

Ыстыккөл маңын зерттеу Шоқан үшін алғашқы сапар болды. Осы сапарынан кейін Шоқан Шынғысұлы жинақталған материалдар негізінде оріс[illegible] ғылыми маңызы зор еңбектер жазады. «Ыстыккөл сапарының күнделігі» деп аталған еңбегінде саяхатқа ол Семей мен Ыстыккөлге дейінгі арасындағы кездескен елді мекен, бекініс, кіші-ірім қалалар, молалар, тарих ескерткіштері мен табиғат көріністерін, атап айтқанда жолда кезіккен өзен, тау [illegible] қамыс, талдарына дейін суреттейді. Мәселен, ол Аягөз өзенінің жағалауы тік жарлы тасты болып келетіндігін келтірсе, Лепсі өзені өз бастауын Алатау тауынан алып, Балқашқа құятындығын, түбі терең, жағалауы актерек, көктеректі талдар, бөріжидек сияқты қалың орманды, ағысы қасы қалын және биік қамысты болып келетіндігін, ал Аксу өзенінің ағысы қатты, жағалауы актеректі, әрі жағасы тегісті екендігін жазған. Осы Аксудан Алатаудың қарлы шынын көруге болатындығын да келтірген.

Шоқан жазбасында Шелек (Чилик) өзені жайында да мағлұмат бар. Шелек өзінің бастауын Алатау тауының орталық үстіртінен алатындығын, осы үстірттен аққан су Талғар өзеніне, таудың ортасынан батыска карай аккан су Жінішке тауына, одан әрі солтүстік-шығыстағы Ілеге киятындығын келтіреді. Ол Шелек өзенінің ағысын катты, арнасы маусым айының соңында еріген кар суымен тамызға дейін толығып отыратындығын жазады.

Шоқан Уәлихановтың жазуынша, Алатау тауы Шелекке дейін және оның ағыс бойы шыршалы орман. Шелек жағалауында жусан мен жабайы қызғалдактардан баска азыктық шөптің жоктығын, ал керісінше өзен жағасы көктал, жыңғыл, барбарис, тобылғы, бөріжидекке байлығын, бұл тал-шіліктер өзен жағасын қалың жасыл саяжолға айналдырып тұратындығын көрсетеді.

Ғалым Ыстыккөлге дейінгі барлық жолдарды да суреттеген. Мәселен, Шелектен Ыстыккөлге дейінгі аралыкта керуен жолы Темірлік аркылы Қаракара тауына, екінші бір жол Шелектің жоғары ағысынан Соғаты тауымен, Торайғыр тауларымен, одан әрі Мерке аркылы Каркараға, Каркарадағы Шарын анғарындағы Темірлік жолы Мерке жолымен косылып, жалғыз Санташ өткелінен өтеді.

Шоқан Уәлихановтың бұл күнделігінде географиялық атаулар көп кездеседі және олардың барлығы сипатталып отырады [2, 11-49-бб.]. Ыстыккөлге барып кайткан сапарынан кейін ол өзінің күнделігінде болған жерлерінің физикалық-географиялық жағдайларын, ауа райын, жер байлығын, толық суреттеумен катар, тұрғын халыктардың тұрмыстық жағдайынан да хабар берді. Өзі жүріп өткен өлкелерде мекендеген халыктардың тарихы, географиясы, этнографиясы, сөз өнері мен тіл туралы жинап кайткан материалдары Ресей ғалымдарының назарына бірден ілікті.

Қытай империясының Батыс өлкесіне [illegible] Күлжа [illegible] саяхаты жайындағы күнделігінде [illegible] 1856 [illegible] 1 [illegible] басталып 14 қазанында аяқталған. Бұ[illegible] [illegible] сапарындағы асу, өзен, тау, қырат, елді-мекен [illegible] [illegible] [illegible] кеткен. Мәселен, Сантас асуынан кейін [illegible] асу. Үйгентас [illegible] жайында қызықты мәліметтер келтірген. «Үйгентас [illegible] [illegible] тас үйіндісі деген сөз. Оның бұл аты толып жатқан [illegible] [illegible] сияқты жұмыр тастан салынған кішкене бір қорғаншы [illegible] [illegible] мұндай қорғандардың мыңы бар. Бірақ қалай болған күнде [illegible] Үйгентас [illegible] тақты қорған болып, бүкіл бір тау аңғары мен асуына [illegible] [illegible] [illegible] тұр. Халық аңызы бұл қорғанды жоңғар хандарының, [illegible] [illegible] [illegible] бірі – сірә Батор салдырған болу керек». - дейді. Ғалым осы Үйгентасты жалаңаш, ағашы сирек кездесетін сұп-сұр зеңгір тау, тек [illegible] [illegible] жасыл тартатындығын, Үйгентастан өткеннен кейін жылғалар [illegible] [illegible] кейін олардың бәрі бір арнаға құйылып, Құсмұрын шокысынан Қой[illegible] [illegible]нігіне дейін доға сияқты иіле ағып жатқандығын суреттейді [3, 346-б.] Бұл сапарында да Шоқан Қытайлардың ішкі тұрмысы, тағамы, дәстүрі жайлы қызықты мәліметтер береді.

1856 жылы Шоқан Уәлиханов атақты ғалым П.П. Семеновпен кездесті. Жас ғалымның ғылымға деген құштарлығын байқаған атақты географ-ғалым оны орыс географиялық қоғамына ұсынып, толық мүшеліке өткізеді. Оның басшылығымен Қашқарияға саяхат ұйымдастырылады. Осы сапар жайлы ғалым Ш. Сәтбаева «Шоқан Уәлиханов» деген көлемді еңбегінде: «1858-1859 жылғы қашқария сапары Шоқанның ғылымдық, ағартушылық саласындағы творчествосы жаңа биікке көтерілуіне дәнекерлестеді. Ол кезде Қашқария Европа ғылымы үшін бимәлім, құпиясы мол ел болатын, өйткені 13-ғасырдың соңғы ширегінде Марко Поло, содан соң 1603 жылы саяхатшы Гоес Қашқария жерінде болғаннан кейінгі үш жарым ғасыр бойы бұл аймаққа ешкім бармаған, бара да алмаған. Шоқаннан бір жыл бұрын Қашқарияға Үндістан аркылы барған немістің белгілі географы Адольф Шлагинтвейтті жергілікті билеуші қатал Уәлихан төре басын кестіріп, өлтірткен. Адольф Шлагинтвейттің бұл қайғылы тағдырын туралы сұмдықты ғылым әлеміне хабарлаған да Шоқан. Қатерді де қаупі де мол Қашғария сапарында Ш.Ш. Уәлиханов оны жан-жақты зерттеуі, географиялық сипаты, саяси құрылысы, мәдениеті мен тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы мағлұмат-деректерді әлемге, ғылымға ашып беруге тиіс болды», - деп жазған болатын.

Шоқан Шынғысұлының Қашқарияға саяхаты 1858 жылдың 20 маусымында басталды. Ол Семейден шыққан Мұсабай дегеннің

керуенінде оның ұлысы, саудагер Әлімбай болып аттанады. Бұл керуен Іленің Жоңғар тауының тасты жолымен Іленің құмымен жүре отырып, Іленің өзенін өткеннен өтеді. Кеген жолындағы Сантас асуы аркылы жүреді. Іленің өзенінің оң жағалдап барып, Қызыл су бойымен Теріскей Алатаудың оңтүстігіне Зауке шаткалыан, Теректі сай мен Көк кия асуынан өтіп, Тянь-Шаньдың аяғы баспаған Тянь-Шань жоталарымен көтеріледі. Бұл жол ете қауіпті болған. Тау асулары, шын құздар кауіпімен коса кара қарақшылар керуенге бірнеше шабуыл жасаса керек.

Шокан Кашкария шекарасына жеткенше көрген-білгендерін күнделік дәптеріне жазып отырған. Тек калаға кірер кезде ғана дәптерлерін көміп кеткен. Кашкария келген Шокан жергілікті халыктын өткен тарихымен, адет-ғұрпы, этнографиясымен танысып, геогарфия ғылымына мәлім болған алты кала өмірі мен оның табиғатын зерттеуге кіріседі. Бұл алты каланың әркайсысының әртүрлі тарихтары барын білді. Мысалы, Кашкария дүние жүзіне шай саудасымен данкты, жаңа Гисар Хакімбек бакшасында өсетін көк өсімдікпен (лотоспен), апиынымен, Яркенд күмбезді мешіттерімен, құл саудасымен, әкімшілік орталығы болуымен, Хотан каласы жібек құрты, жаксы кездемесімен, Аксу кой байлығымен, сапалы былғарысымен, Үштұрпан каласы 1765 жылы көтерілісте барлык халкын кытайлар кырып тастағаннан кейін оған 500 үй шаруаларды алып келіп орналастырған оқиғасы аркылы жұртка мәлім болды.

Шокан бұл жердің климатын да жазып алады. Бұл жерде үйірім-үйірім құмдардын кездесетіндігін, жері еігнге колайсыз сортаң топыракты екенін де, бұл калалардың шығыс жағын Азияның атакты Токламакан шөлі алып жатканын көрді [4, 32-33-бб.].

Осы саяхат кезінде жинакталған материалдары негізінде жазылып, жарыкка шыккан «Алтышаһар немесе Кашкария туралы» еңбегінде Кашкария үш жағынан бірдей биік тау жоталарымен коршалған, төртіншісі –шығыс жағы Гоби даласымен ұласып жаткан құмды сахара екендігін, шекаралык тау жоталарының ішінде жол катынасын колайлысы Тянь-Шань және жоғарыдаға тау аркылы үш жол өтетіндігін жазған. Ол сонымен катар таудан талай өзендер ағып шығып, бірак құм ішіне барғаннан кейін сініп жок болып кететіндігін, ал кейбірі Лоб-норға (Жұлдызды тенізге) барып құйылатын Тарым-Гол өзеніне косылып, бір арнамен ағатынын байкаған.

Қытайдан Кашкарияға катынайтын бір ғана жолдын барлығын, ол жолдын өте жаксы жүруге колайлылығын, жалпы Кашкариянын ауа райысы жаксы, таза, кысы ұзак емес, әрі кары көп жатпайтындығын да келтірген.

[illegible] өлкедегі минералдық байлықтардың [illegible] [illegible], күміс сияқты кендердің барлығын, [illegible] [illegible] минералдық мол өндірілетіндігін де көрсеткен

Қашқария жерінде Шоқан бір жылдай [illegible] [illegible] келген ол қыс бойы өзіне қажетті [illegible] [illegible] 7 наурызында Қашқариядан шығады. [illegible] [illegible] қиын болса, қайту жолы одан да ауыр [illegible] [illegible] [illegible] қырғыздар керуенді тонамақ болған, [illegible] Шоқанды [illegible] қашқарлықтарға ұстап беруге де әрекет жасаған. Алайда [illegible] [illegible] [illegible] кайтып келе жаткандығын естіген патша әскерлері [illegible] [illegible] [illegible], карсы алады.

Бұл сапардың сәтті аяқталуын Орыс географиялық [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] Қашқария жері туралы жазып беруін өтінеді. Сөйтіп, [illegible] [illegible] материалдар негізінде Шоқан бірнеше құнды материалдарын жариялайды. [illegible] ішінде «Жоңғарияға саяхат», «Тау қырғыздары туралы», «Қ[illegible] [illegible]», «Қытай империясының Батыс өлкесі және Құлжа [illegible]», «Қашқарға барған және Қашқардан Алатау округіне қайтқан сапарымы[illegible] туралы», «Алтышаһар немесе Қашқария туралы», «Өлкенің үкімет [illegible] басқару жүйесі мен саяси жағдайы» деген еңбектері бар.

Ғалым-географ ең алдымен өзі жүріп өткен Қазақстан, Орта Азия, Орталық Азия елдерінің саяси жағдайы, географиясы, тарихы, этнографиясына аса мән беруі ғылым үшін баға жетпес жаңалық болды. Осы саяхат негізінде жазылған еңбектер арқылы орыс ғылымы адам аяғы баспаған жерлердегі шығыс халықтарының тұрмыс-тіршілігімен толықтай таныса алды.

Шоқанның бұл географиялық еңбектері біріншіден оның аса ғалымдығын дәлелдеп берсе, екіншіден, ғылым саласындағы ғалымдардың шығыс елдеріне деген құштарлығын арттырды. Ш. Уәлихановтың Қашқар сапарына қатысып, жаңа мәліметтер әкелгендігін Географиялық қоғамның жиналысында Азиаттық департаменттің директоры Е.П. Ковалевский хабарлаған [5, 245-б.].

Шоқанның ғылымға деген құштарлығын, ғалымдығын орыс ғалымдары, ағартушылары мойындаған. Мәселен, К. Губарев оны «қабілетті, дамыған және іске тұлға» деп бағаласа [5, 254-б.], ал Ф.Р. Остен-Сакен оның Қашқар сапарында жинаған материалдарының құндылығын атай отырып, өз халқының аңыз, әңгімелерін, поэмаларын ғана емес, ортаазиялықтардың тіл ерекшеліктерін, көне ескерткіштер мен молаларды жазуын ірі жетістікке жатқызған. Ол Шоқанды «өз

мекенге жан-тәнімен берілген, қазақ өмірін сүйген, сонымен қатар батыс өркениетін де жоғары бағалаған, өз халқының болашағын көре білген» ғалымдығын көрсете білді [5, 274-275-бб.].

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың география саласындағы енбегі аса күрделі түсінік. Оның есімінің тек тарих, география, әдебиет саласында, жалпы алғанда гуманитарлық салада ғана емес, жаратылыстану ғылымында өз орнын тауып, кең түрде насихатталғаны абзал. Әсіресе география саласы бойынша оның географиялық енбектері туралы жоғары оқу орындарында арнайы курстық дәрістер оқытылғанын қажет деп білемін.

1. Сембаева Ш. Шоқан Уәлиханов. Ғылыми-танымдық есімдер. А., 1994.
2. Валиханов Ч. Избранные произведения. М., 1986.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы, 1985.
4. Бартолд В. Алтайды зерттеуге. Алматы, 1958.
5. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 5. Алма-Ата, 1985.

УАЛТАЕВА А.С.

т.ғ.қ., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
(Алматы қ.)

ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМЫ Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ Ф.М. ДОСТОЕВСКИЙ

Шоқан Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийдің таңғажайып достығы туралы талай жазылса да, таусылмайтын тақырыптың өзегі екендігі анық. Сондықтан да, Ресей мен Қазақстанның қоғамдық өмірі мен әдебиеті және ғылымындағы ерекше орынды ойып тұрып алатын осы екі дара тұлғаның достық карым-катынасына қысқаша шолу жасауды максат тұттық.

Шоқан Уәлиханов Омбы бекінісінде каторгада болған орыс жазушысы Ф.М. Достоевскийдің (1821 – 1881) ең жақын досы болды. Олардың өзара достығы ұзақ жылдарға созылып, көптеген хат алмасуларға ұласкан еді. Енді осы Ф. М. Достоевскийдің тағдырына тоқталайық.

Ол Шоканнан 14 жас үлкен және дворянин, Инженерлік корпустың түлегі болатын. Жастайынан социалистік козғалыска белсене араласкан. 1854 жылдың көктемінде патша өкіметі Ф.М. Достоевскийді облыс орталығынан шеткері мылқау түкпірге жіберу кажет деп табады. Ф.М. Достоевский Семейге, Сібірдің линиялық казак әскерлерінің 7-ші батальонына мерзімсіз әскер кызметіне жіберіледі.

Шоқан Уәлиханов Капустиндер мен Гутковскилерге үйлерінен Ф.М. Достоевский туралы көп естіп, көп білсе [illegible] Ш.Ш. Уәлиханов Федор Михайловичпен [illegible] 1854 жылды Омбыда. Ф.М. Достоевский жиі барып жүрген Ивановтардың үйінде танысады. Бұл кездесу екеуінің [illegible] мүдделерінің бір екенін танытты. Осыдан кейін [illegible] кетті. Шоқан Уәлихановпен кездесіп жүрген [illegible] ойлар, әңгімелерінде де, оған жазған хаттарында да Ф.М. Достоевский ойы Россиядағы помещиктік құрылыстың мерзімдерін [illegible] прогрессшіл, үлкен ақыл иесі, ойшыл адам екенін көрсетеді.

Шоқан ұлы жазушының жақын достарының бірі болып [illegible] небәрі он тоғыз жаста еді. 1856 жылдың жазында Семей қаласында екі достың күш салуымен тамаша үйірме ашылып, Семейдің атын ақыл-ойдың ортасығы ретінде бүкіл Сібір өлкесіне жайған болатын.

Шоқан Шыңғысұлы мен Федор Михайловичтің достығы екеуінің Омбыда, Семей мен Петербургте бірге болған кездерінде бір үзілмейді және содан кейінгі алты жыл ішінде (1856-1862) бұл достығы хат арқылы онан сайын нығая түседі.

1856-1858 жж. елге шыккан сапарларында Ш.Ш. Уәлиханов Ф.М. Достоевскийге жиі-жиі соғып, саяси және философиялық тақырыптарда әңгімелесіп жүреді.

Ф.М. Достоевскиймен Семейде кездесу Ш.Ш. Уәлихановтың өмірінің ең бір елеулі, жаркын кезені болды.

Ш. Уәлиханов Ф.М. Достоевскийге полковник М.М. Хоментовскийдің экспедициясына қатысып жүрген кезінде, яғни, Ф.М. Достоевскийдің Семейге айдалып барганына екі жыл өткеннен кейін кездеседі.

«Соңғы кезде бізге келіп-кетіп жүрген азғана адамдардың ішінде өте бір сүйкімді қырғыз офицердің Омбының кадет корпусында тәрбиеленген Мұхамед Ханафия Уәлихановтың Ф.М. Достоевскийді көру үшін жолай соғып кеткені әлі есімде... Ол Федор Михайловичпен Омбыда, Ивановтардың үйінде танысып, шын ықыласымен жақсы көрген», - деп еске алады [1]. А.Е. Врангель Ыстыккөлге жүріп кеткенге дейін Шоқан Уәлиханов Ф. М. Достоевскиймен талай кездеседі. Өзінің достарының, сол кезде көрнекті қызметте жүрген А.Е. Врангель мен М.М. Хоментовскийдің ағалы көмегін пайдаланып, Ф.М. Достоевский Ш.Уәлихановпен бірге қазақ ауылдарын аралап, Аркатқа, Шыңғыс пен Тарбағатай тауларына барып қайтады. Қазақ халқының өмірі Ш. Уәлиханов иен Ф.М. Достоевский әңгімелерінің жаңа бір қызық тақырыбы болып алады.

Семейдегі кездесуінен кейін екі дос бірін-бірі көпке дейін көре

алмаймын да, тек хат аркылы ғана байланысып тұрады. Бұл хаттардың қоғамдық-тарихи маңызы өте үлкен. Бұларда Ш.Ш. Уәлихановтың қоғамдық көзқарастары, орыс халқына, орыс мәдениетіне деген оның сүйіспеншілігінің ашық көрінеді.

Семейге кетіп бара жатып, Ш.Ш. Уәлиханов Ф.М. Достоевскийге былай деп жазады: «Өзіңіз кеткеннен кейін мен Сіздің қаланызда тек бір қонақ кешесі күні ертемен жүріп кеттім. Ол кеш мен үшін өте көңілсіз болды. Оймнің соншама жақсы көрген және өзіме де жақсы ниет білдірген адамдардан айрылысу – маған өте-мөте ауыр тиді. Сізбен бірге Семейге өткізген азғана күн маған сондай тамаша әсер етті, ендігі менің бар оным сізбен тағы да бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін, бірақ оның кажеті де жоқ қой деймін: менің Сізге қандай берілгендігімді және Сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз» [2].

Шоканның бұл хатына Федор Михайлович Достоевский өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен былай деп жауап қайырды: «Мейірман достым менің, Сіздің хатыңызды маған Александр Николаевич табыс етті. Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал енді мен Сізге қысылмай-ақ тура айтамын – мен Сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да және ешкімге де, тіпті, туған ініме де, тап Сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін... Бұған талай дәлел келтіруге де болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай берем. Ал енді Сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін, қымбатты Уәлиханов, және бұл тақырыпқа тегі 10 кітап жазсаң да, бәрібір, тұк жаза алмайсың. Сезім мен құштарлық дегендер түсіндіруге болмайтын нәрселер... Сізбен арбада тұрып қош айтысып айырылысканнан кейін, біз бәріміз де күні бойы көңілсіз болдық. Сіз бүкіл жол бойы біздің есіміздің бір шықпадыңыз» [3].

Ф.М. Достоевский өзінің хаттарында Шоканға пайдалы кеңес беріп, рухын көтеріп, оның алдына аса зор игі міндеттер қояды. «Қолға алған ісінізді тастай көрмеңіз, – деп жазады Федор Михайлович. – Сіздің материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз... Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға ерекше пайдалы болғандай етіп, соның игілігіне бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, сахараның не екенін, онын маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екенін Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе... Европаша толық білім алған тұңғыш қырғыз (қазақ) екенінізді есінізге алыңыз. Онын үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жараткан. Артта қалуға болмайды, жоқ, болмайды». Бұл жанашырлық жалынды сөздерінде Ф.М. Достоевский Шоканға шын жүректен шыққан

[illegible] ақылын айтып. оны белсенді іс, батыл [illegible]
Мен сізді сондай жақсы көрем, сіз туралы [illegible]
[illegible] ұзақ күндер бойы ойланам. Әрине, [illegible]
[illegible] менің киялымда ғана мәпелеп. әлпештеймін. [illegible]
[illegible] бір шындық бар. ол шындық – Сіздің [illegible]
[illegible] Европалық білімге тұңғыш қолы жеткен адам [illegible]
[illegible] оқиғаның бір өзі ғана ғажайып нәрсе және соны [illegible]
[illegible] міндеттер жүктейді... Қош болыңыз. қымбаттым және [illegible]
[illegible] қайтара сүюіме рұқсат етіңіз» [4].

Ұдал дос ретінде Ф.М. Достоевский бұдан кейін [illegible] Шоқан Уәлихановтың ғылыми табыстарын қадағалап, оның тарихи [illegible] бір ынта қойып жүреді. Ф.М. Достоевский А.Е. Врангельге [illegible] жазған хатында «Уәлиханов өте сүйкімді, өте тамаша адам. Қазір ол Петербургте болар? Мен сізге ол туралы жаздым ғой дейсің? Ол географиялық қоғамның мүшесі. Уақытыңыз болса Уәлиханов жайлы сұрастырып, білсеңіз екен. Мен оны өте жақсы көремін және оның [illegible] жайын білуге өте құштармын» [5].

Ш.Ш. Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийдің достық қарым-қатынастары көп жылға созылады. Ол қатынастары Петербургте де үзілмейді. 1861 ЖЫЛҒЫ реформадан кейін. мистицизмге салынып, самодержавияға қарсы күрестен ауа жайыла бастаған өзінің досының іс-әрекеттері мен көзқарастарына Ш.Ш. Уәлиханов сын көзімен қарайтын болады. Аполлон Николаевич Майковке жазған хатында Шоқан былай дейді: «Енді Сіздің өзіңіз туралы, Петербург туралы, менің Петербурлық достарым жайында әңгіме етейік. Достовскийлер не істеп жүр? Олар сирек жазатын болды, бірақ енді оған өзім де кінәлімін, өйткені сирек жауап қайтарып жүрмін. Журналдарының жағдайы қалай? Бұрынғысындай шыға береді деп жариялауларына қарағанда, тегі, жақсы болу керек. Өз арамызда айтқанда. мен солардың негізін, халықшылдығын жөнді ұқпаймын, біресе славяншылдықтың иісі аңқиды да. біресе шектен асқан батысшылдықтың иісі аңқиды. Бітіскендері байқалмайды немесе сол бітісудің өзі олардың қолынан келмей жүр ме екен. Менің ойымша екінің бірі болу керек, не батыс үлгісімен негізінен қайта құру керекте немесе ескіден айрылмай, тіпті ескі сенімнің өзін де пайдалану керек. Қытайларша әрі-сәрі болудың енді жөні жоқ» [6].

1862 жылы Ш. Уәлиханов «Қадірменді досым Феодор Михайлович, сен расында да мені әлде қашан өлдіге балаған шығарсың. ал шындығында менің тірі екендігімнің айғағы осы жазып отырған хатым» деп жазған еді. Бұдан әрі: «Денсаулығым желтоксан айында сыр бергендіктен, сібірлік

әлмиғұлардың ақылына құлақ қойып, қысты далада өткізуді ұйғардым және мынадай денсаулықпен Петербургте тұрақты тұруға болмайды деген ой шешімге келдім. Міне сондықтан, мен Қашғардағы консулдың орнын алғым келеді, олай болмаған жағдайда отставкаға шығып, ол жерде қызмет еткім келеді. Қашғарда жаксы жалакы алар едім және ауа райы жаксы болғандықтан мүмкін, денсаулығым да түзелер еді. Егер бұлай болмаса – далада да жаман болмас, шаруашылықпен, саудамен айналысармын, ал егер халық таңдап сайлап жатса әділ шенеунік болып, сауатсыз және тағы сұлтандарға қарағанда неғұрлым көп пайда келтірермін деп ойлаймын» [7].

Ф.М. Достоевский Казакстандық досын өмір бақи есте калдырды. Шокан Уәлихановтан алған заттарынын бәрін ол ен кымбат естелік ретінде сактады. 1865 ж. Шокан кайтыс болғаннан кейін Ф.М. Достоевский өзінің әйелі А.Г. Достоевскаяға: «Мына үлкен ағаш сандыкты көрдің бе? Бұл менің Сібірлік досым Шокан Уәлихановтың сыйлығы, сондыктан ол маған кымбат. Сондыктан мен өз колжазбаларымды, хаттарым мен аса кымбатты естеліктерімді осында сактаймын», – деген екен [8].

Жалпылай айтканда, Ф.М. Достоевский мен Шокан Уәлиханов өзара достық карым- катынастағы кызыкты да, мәнді өмір сүрді. Екеуі де өздерінің жакын достарымен катынаста белсенді болды. Әсіресе бұл белсенділік Омбы мен Петербургтің жоғарғы тобында белгілі кызығушылык тудырған Шоканға тән болды. Ф.М. Достоевский мен Шокан Уәлиханов осы кезеңдегі өз ұстанымдары аркылы әдебиетшіл кауымның өмірі мен жалпы Петербургтін өмірінде белсенді орынға ие болған болатын. Міне дәл осы кезеңдегі акыл ойдың екі алыбының карым-катынасын терең зерттеу әлі күнге өзекті болып табылады.

1. Врангель А.Е. Ф.М. Достоевскийдің Сібірде болған кезегі туралы еске алулар (1854-1856). – СПб., 1912. – 13 б.

2. Достоевский Ф.М. Хаттары. – Т. 1. – 1928. – 200 б.

3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 бет.

4. Достоевский Ф.М. Хаттары. – Т. 1. – 1928. – 200 б.

5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1958. – 275 б.

6. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1958. – 568 б.

7. Хабижанова Г.Б., Валиханов Э.Ж., Кривков А.Л. Русская демократическая интеллигенция в Казахстане. (Вторая половина XIX – начало XX в.). Под ред. Коксеитова М.К. – М.: Русская книга, 2003. – 288 с.

8. Хабижанова Г.Б., Валиханов Э.Ж., Кривков А.Л. Русская демократическая интеллигенция в Казахстане. (Вторая половина XIX – начало XX в.). Под ред. Коксеитова М.К. – М.: Русская книга, 2003. – 36 б.

АРЫНОВА А.
III III Университет Тарих және
этнология институтының
кіші ғылыми қызметкері (магистрант)

ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ ТАРИХЫ Н.А. АРИСТОВ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

XIX ғасырда Ресей Империясының шет аймақтарында тұратын түрік халықтарының тарихы өзге ғалымдар, саяхатшылар, зерттеушілер сияқты, Н.А. Аристовты да қызықтырды. Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының мүшесі ретінде Н.А. Аристов тұрғындану саласына өзіндік үлесін қосты. Оның зерттеулері нәтижесінде бірқатар еңбектері жарыққа шықты. Н.А. Аристов мұралары тарихшы ғалымдар тарапынан азды-көпті зерттеліп келеді. Біз де оның «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» еңбегіндегі түркі тайпаларының этносаяси тарихының көрініс табуын карастырмакпыз.

Н.А. Аристов аталған еңбегін жазу барысында өзіне дейін осы саланы зерттеген шетел және орыс зерттеушілерінің еңбектерін кең пайдаланған. Олардың ішінде Н.Я. Бичурин, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, В.П. Васильев, Н.В. Катанов, Вамбери, Клапрот, Абель Ремюза, Миллер, А. Кастрен т.б. бар.

Жалпы, Н.А. Аристов түркі халықтарының этникалық тарихын жүйелі түрде зерттеген. Түркі тайпаларының шығу тегі туралы аңыздарды карастыра келе, аңыздарды, қытай, мұсылман және түрік деректері деп бөледі. Олардың әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді. Мысалы қытай деректерінде түркі тайпаларының шығу тегі аңдармен байланыстырылғанын, мұсылман деректері негізінен (Джувейни, Рашид-ад-Дин, Әбілғазы т.б.) этимологияға сүйенетінін айтады. Ал түрік деректерін карастыра келе Н.А. Аристов Күлтегін ескерткіші бойынша (732 ж.) Бумын қаған түрік халқының ру-тайпаларын анықтап берді деген тұжырым жасайды [1].

Көшпелі түріктердің ру-тайпалық тұрмысында рулар мен тайпалық бірлестіктердің маңызы өте жоғары екендігін білген Н.А. Аристов бүкіл зерттеулерін осы тұрғыда жазады. Отырықшы өмір сүретін түркі халықтарының ру-тайпалық атаулары көбіне жойылып кеткендіктен, олардың этникалық құрамын анықтау үшін отырықшылыкка ауысқан уақыттан бұрынғы тайпалық құрамы туралы мағлұматтарды ғана

[illegible] еді. Н.А. Аристов ру-тайпалық атаулар көшпелі түріктерге [illegible] берік сақталғанын айтады.

Түркі тайпаларының шығу тегі туралы аңыздар көбіне жетекші тайпаларының немесе хан ордасы өкілдерінің шығу тегіне қатысты. Ал [illegible] түріктерден бұрын да өмір сүрген ғұн, үйсін, канлы, гаогюйлер [illegible] мемлекеттер кездеспеуі сондықтан. Н.А. Аристов түріктерден бұрын Алтай, Саян өңірінде өмір сүрген тайпалар мен мемлекеттер түріктердің [illegible] деген пікір айтады. Н. Бичурин келтірген аңыз бойынша, түрік тайпасының он жасар баласы мен каскырдан түрік-тукю тарайды [2]. Сонымен қатар, гаогюйлер жайлы да қытай деректерінде «бұл түрік тайпасы каскыр мен хұн шаньюының бірінің қызынан тараған» делінеді [3]. Түркі тайпаларының тарихын этносаяси тұрғыдан зерттеген Н. Аристов Орта Азиядағы түркі тайпаларының тарихын түрік-тукюлерге дейін, каганаттар дәуірі және VIII ғасырдан Монғол шапкыншылығына дейін болып карастырады. Бұдан соң барлық түркі тайпалары мен халықтарын жеке-жеке зерделейді. Біз өз кезегімізде онын зерттеулерінің тек түркі тайпаларының монғол шапкыншылығына дейінгі этносаяси тарихына катысты көзкарастарын талдаймыз.

Қазіргі казак және өзге де түркі халыктарының этносаяси процестеріне өзіндік үлес коскан Ғұндар, Үйсіндер, Канлылар т.б. мемлекеттер екені белгілі. Алдымен Ғұн мемлекетіне токталсак, ол біздің заманымызға дейінгі III-I ғасырларда өмір сүрген.

Ғұндар көршілес Қытаймен кактығыстардын және өзара ішкі тартыстар себебінен онтүстік және солтүстік ғұндар боп екіге бөлінеді. Онтүстік ғұндар Қытайға бағынады. Біздін заманымыздың I ғасырында Солтүстік ғұндардын бір бөлігі батыска кетеді де, калған солтүстік ғұндардын екінші бөлігі сол кездері күшейіп тұрған Сяньби мемлекетіне бағынады.

Солтүстік Ғұндардын құрамында солтүстік шығыста Тоба, одан төменде шығыста Дунху, онтүстік шығыста Ухуан, онтүстік батыста Юечжи тайпалык бірлестіктері өмір сүрген. Ғұндардын солтүстіктегі көршілері Енисей кырғыздары болса, солтүстік батысында Динлиндер, ал онтүстік батысында Үйсіндер көршілес жатканы байкалады [4].

Н.А. Аристов Ғұн мемлекетінің құрамында және көршілес өмір сүрген тайпаларға сипаттама беріп отырады. Юечжилерді тибет тайпасынын бір бұтағы, түріктермен араласудан калыптаскан деген болжам жасайды. Үйсіндер түркі тайпаларының бірлестігі, олардын жетекші тайпасы - Енисей кырғыздары. Се-сактар болуы мүмкін. Кангюй-канлы тайпасы туралы да олардын Сырдариянын орта және төменгі ағысында өмір сүретінін айтады.

Н. Аристов сяньбилерді тунгуз немесе корейлерден шыққан тайпа деп есептейді. Ал қытайға бағынышты оңтүстік тұндар бірлігінен қытайланып кетті, олар қазіргі солтүстік және батыс Қытайдағы тұшенчер діңі арғы бабалары деп жорамал жасайды.

Б.з. I-V ғасырларында батысқа қарай жылжыған солтүстік тұндардың орнын Сяньби мемлекеті басады. Бұл мемлекетте Тоба тайпасы күшейіп, оңтүстікте Вэй империясын құрады. Бұл кезде Монголия жерінде билік жужаньдарға өтеді. Н. Аристов олардың тұнхуларды тарата алмаған жужань мемлекеті гаогюйлер (Н.Аристов гаогюйлерді [illegible]) болып шығып, олар қоныс тепкен солтүстік Монголияны, Сяньби тарихы дейді. Н. Аристов: «Гаогюйцы вели с жужанями упорные войны, пока не были покорены турками-тукю» дейді. Ол жужаньдардың этникалық-саяси құрамына тоқтала келе тәлә, дабо-тоба, [illegible] тайпаларды атап көрсетеді. VI ғасырда тарих сахнасына көтерілген Түрік қағанаты көп ұзамай Батыс және Шығыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінеді. Алтай тауларынан батысқа қарай Батыс Түрік қағанаты жайлап жатты. Шығыс қағанатының батысына қарай орналасқан чуй түріктері (чу-юе, чу-ми, чу-ми-гунь, чу-бань), Монғол Алтай тауларының батыс жағындағы тәлә тайпалары Батыс Түрік мемлекетінің бес аймақ дулуларға бағынады. Юебань аймағында дулу тайпалары мекендеді. Олар түріктер билігі орнаған соң түргеш, кергеш және т.б. дулу тайпаларымен бірге өмір сүрді.

Батыс Түрік мемлекеті халқының келесі бір бөлігін Батыс Тянь-Шань және оның солтүстігіндегі жерлерді алып жатқан бес аймақ нушибилер құрады. Нушибилер үйсін тайпаларынан құралды. Олардың халықтық атауы қырғыз еді.

Батыс Түрік хандарының билігі құлаған соң оның орнын Түргеш қағанаты басты. Түргештер бес аймақ дулу тайпасының құрамында болатын.

VIII ғасырдың ортасына қарай Монголиядағы Түрік хандығы құлаған соң ұйғыр тайпасы уақытша үстемдікке жетті. Бір ғасырдай уақыт қана билік еткен Ұйғыр қағанатын енисей қырғыздары құлатады. Жеңілген ұйғырлар Орхоннан шығыс Тянь-Шаньға жылжыды. Енисей қырғыздары да көп ұзамай Енисейге қайта оралады. Бұл кездері солтүстік Қытайда қидандар күшейіп, Ляо династиясының (907-1125 ж.ж.) негізін қалады. Олар түрік-тукю, татарлармен шекараласты, одан солтүстікке қарай байырғулар, ұйғырлар және моңғол тайпалық бірлестіктері жатты. Қидан мемлекетінің солтүстігін Татарлар мекендеді. Олар ең күшті қарсылас болатын.

Н. Аристов қытай деректері мен Рашид ад-Дин мәліметтеріне сүйене отырып, IX ғасырдың екінші жартысынан Шыңғыс ханға дейінгі Монголиядағы этникалық жағдайын былайша сипаттайды: «На юго-восток — татары или онгуты; севернее их многочисленные татарские роды; севернее их и отчасти западнее татар-киреи, джалаиры и монголы, все в таком образом на Ононе и Керулене; западнее этих племен, от рек Тамира и Орхона до Иртыша – найманы; севернее их на Селенге меркиты, около Косогола и в Танну – ола ойраты, туба и разные лесные народы; на Енисее – кыргызы и их кыштымы; западнее их, в Алтае – кереиты и пр. Таким образом, после падения уйгуров до Чингиз хана Монголию, за исключением ее крайней северо – восточной части, где появились монголы, продолжали занимать тюрки» [5].

Алайда, тарихтан байқағанымыздай, Монғолия өңірін мекендеген тайпалар бірлестіктер құрды, бірақ бірде-бір тайпа тұтас Монғолияны біріктіретіндей күшті бола алмады. Байырғулар, наймандар, керейлер біршама күшті болды, тіпті мемлекеттік дәрежеге дейін көтерілді. Ұйғыр хандығы тұсында тарихқа монғол тайпалық бірлестігі шықты. Жоғарыда аталған түрік-монғол тайпаларын бір орталыққа бағындырған Шыңғыс хан Монғол империясын тарих сахнасына шығарды. Шыңғыс хан керейлермен бірігіп, монғол тайпаларын өзіне қосып алды және қарсылас татарлар мен меркіттерге, сосын наймандарға шабуыл жасады. Монғол-керей одағының арқасында оларды өзіне бағындырды, наймандарды түбегейлі жеңді. Монғол мемлекетінің этникалық құрылымы былайша сипатталады: солтүстік шығысында жалайырлар, олардан батыска қарай тайжуыттар, Онон және Керулен аралығында монғолдар, одан оңтүстікте татарлар, оңтүстік шығыста Қоныраттар мен оңтүстік батысында Онғұттар. Қаракорым айналасында керейттер, олардан солтүстікте байырғулар, шығыста меркіттер, солтүстік батысын ойраттар, олардан батыста наймандар мекендеген.

Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары түрік тайпаларының күшімен жүргізілгенімен, Монғол мемлекеті аумағында монғол тайпалары үстем болды. Кейбір түркі тайпаларының бір бөлігі сол жерлерде қалып XIII ғ. дейін монғолданып кеткенін қазіргі монғолдар құрамында кездесетін оньют (оңғыт), чжалаит (жалайыр), найман, абага және абаганалар (керей), уйгурчин және уйгут (ұйғыр) сияқты тайпалардың болуы дәлелдейді [6]. Н. Аристов аталған батыс монғол жеріндегі тайпаларға кейін түріктер «қалмақ» атауын берді деп топшылайды.

Алтын монғолдардың ығыстырылуымен түркі тайпалары орналасу ретімен батыска қарай жылжыды. Яғни бірінші болып наймандар, меркіттер,

[illegible] керейлер. Жоспарсыз түрде, [illegible] экономикалық [illegible] этникалық жағдайлар себебінен [illegible] түркі [illegible] батыста қыпшақтар мен дулат, [illegible] [illegible]. Монгол мемлекетінің пайда болуы Алтай-Саяны [illegible] Моңғолия жеріндегі этносаяси ахуалды түбегейлі түрде өзгертіп [illegible] [illegible] белгілі. [illegible] күрделі саяси-этникалық процестерді [illegible] Н. Аристов [illegible]тінің құны өте жоғары. Қазақ халқының этникалық [illegible] қайдан [illegible] ды дегенде, этносаяси тарихымызды зерделеудің түбі Алтай-Саян [illegible] Моңғолия жеріне алып барады. Қазақтың этникалық тарихын Н. Аристов сияқты зерттеу қажеттілігі еліміз тәуелсіздігін алғалы артта түсті. Алайда түркі тайпаларының қалыптасу тарихы әлі толық анықталмай [illegible]лар. Бұл түркі этностары тарихын әлі де терең зерттеуді талап етеді.

1. Аристов.Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина». – Вып. III и IV. – Спб., 1897. – С. 9.
2. Бичурин. Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в средней Азии в древние времена. – Т. I. – М., 1951. – С. 256-257.
3. Бичурин.Н.Я. Собрание сведений... – Т.I. – С. 248, 249.
4. История Монгольской Народной Республики. – М, 1983. – С. 98.
5. Аристов Н. Заметки об этническом составе... – С. 31.
6. Потанин Г.Н. Тангуто-тибетская окраина. – Спб., 1893. – Т. I. – С. 103-104.

ЖОЛДЫБАЕВА С.Ә.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын іздепушісі (Алматы қ.)

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕ МЕДИЦИНАНЫҢ ДАМУЫ

XIX ғасырдын 60-шы жылдары Қазақстанды толық отарлаған Ресей империясы 1868 жылы Сырдария облысын басқару туралы Ереже қабылданады. Сырдария облысына Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Перовскі, Қазалы уездері мен Амудария бөлімі және Ташкент қаласы карады. Әрбір уез приставтык аймақтар мен болыстарға, ауылдар мен селолық қоғамдарға бөлінді. Қарастырылып отырған кезеңде қазақтарда медициналық көмек көрсету дәстүрлі түрде келе жаткан емші, бақсылардың және сынықшылардың қолында болды.

Халық медицинасы кейбір ауру түрлерін жазып та отырды. Қазақтардың

арасында машина – көшпенділерде жиі кездесетін сынықтарға көмек көрсететін мұрагерлік сынықшылар болған. Тұрғылықты халыққа ғылыми медициналық көмек көрсету тек қана Қазақстаннын XIX ғ. Екінші жартысындағы қалыптаса бастады. Алғашқы емдеу мекемелері орыс әскери бөлімдерінде және коныс аударған переселен ауылдарында болды.

Қазақстанның оңтүстігіндегі алғашқы емдеу мекемесі 1847 жылы Раим өскінісі кейін Қазалы бекінісі деп аталған Сырдариянын төменгі ағысында пайда болды. 1853 жылы орыс әскері Акмешітті басып алғаннан кейін, Сырдариялық әскери линиядағы әскерилерге және олардың отбасыларына қызмет көрсететін бірнеше әскери лазареттер ашылып жұмыс жасады.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Түркістан өлкесінің әкімшілігі аймақтарға арнап ауруханалар мен амбулаториялық пункттер аша бастады. 1868 жылы Шымкентте әскери лазарет ашылып, ол 1870 жылы полугоспиталға, ал 1885 жылы қайта лазаретке айналды. 1911 жылы бұл лазерат жылына 300-ге тарта аурулар жатып емделетін стационарға айналды [1]. Әулиеатада алғашқы көмекті орыс әскери дәрігерлері, содан кейін әскери лазараттың дәрігерлері көрсеттті. Перовскіде, Қазалыда да емдеу ісі лазареттерде жұмыс істейтін әскери дәрігерлер күшімен жасалды. 1865 жылы дәрігерлік көмек көрсету уезд дәрігеріне берілді. Патша үкіметі денсаулық сақтау саласына аз ғана қаржы бөліп отырды. Зерттеу еңбегінде А.Чокин: «Егер Орталық Ресейде денсаулық саласына жылына әр адамға 62 тиын бөлінсе, Ресейдің шеткі аймақтарында денсаулық сақтауға бөлінген қаржы екі есе аз болды» деп жазды [2]. Мысалы: 1879 жылы Түркістан өлкесінің денсаулық сақтау саласы бойынша уезд дәрігеріне жылына 360 сом фельдшерге және дәріханаға ғимарат салуға онын жарығы мен жылуына 340 рубль бөлінген.

Перовск, Шымкент, Әулиеата уездері емдеу максатында небары 1 жылға 700 рубль алған. Дегенмен осындай аз қаржыға қарамастан халықтын денсаулығының жаксаруына септігін тигізген. 1890 жылы Сырдария облысынын төрт уезінде – Шымкент, Әулиеата, Қазалы және Перовск уездерінде 4 дәрігер ғана жұмыс жасады [3].

1892 жылғы есеп бойынша Сырдария облысында дәрігерлердің көмегіне 47858 адам жүгінген. Оның 26021 емдеу мекемелерінде каралса, ал 21837 адам фельшерлік амбулатория бөлімшелерінде емделген. Дәрігерлердің есебі бойынша емдеу орындарында жатып емделген 635 адамның 70 қайтыс болған [4]. Оны мына кестеден байкауға болады:

[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]			
[illegible]	[illegible]		[illegible]	[illegible]	[illegible]			
[illegible]	75	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]			
[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]			
[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]			
[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]			
[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]		
[illegible]		[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]		
[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]		
[illegible]	635	70	47223	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]

[illegible]алған жылы Ташкент уезінде ауырған адамдар саны [illegible]. Мысалы:

Ташкент уезінде.......................................7488

Әулиеата уезінде......................................3604

Әмудария бөлімінде...................................2768

Қазалы уезінде..951

Шымкент уезінде.......................................770

Перовскі уезінде..368

Ташкент қаласында...................................2651

Түркістан қаласында.................................291 – адам ауырған. Оның ішінде ауру түріне қарай былайша бөлінген: Безгекпен – 11361 адам, Мерезбен – 2218 адам, Тырысқақпен – 1927 адам, Қышыма қотырмен – 1175 адам. Жыныстық аурулармен – 341 адам, Тұмаумен – 276 адам, Құлақ [illegible]інің ауруымен – 190 адам, Бөртпе сүзекпен – 143 адам, Қызылшамен 138 адам, Шешекпен – 103 адам ауырған [5].

1891 жылғы есеппен салыстырғанда Сырдария облысында аурулар саны 1892 жылы 5016 оқиғаға артқан. 1892 жылы амбулаториялар саны облыста төмендегідей болған: Ташкент уезінде 7, Шымкент уезінде [illegible], Әулиеата уезінде 4, Перовскі уезінде 1. Қазалы уезінде 1, Әмудария бөлімінде 3. Жалпа облыста 19 амбулаториялық бөлімшелер жұмыс жасады [6]. Аналар босанатын ауруxана облыста тек Ташкент қаласында ғана болып, ол Түркістан қайырымдылық қоғамының көмегімен ашылып, ол жеті орындық болды. Облыста дәрігерлер саны азаматтық және полицейлік мекемелерді қос есептегенде 14 адамға жетті. Әйел дәрігерлер Ташкентте 4-еу болып, оның 2-і амбулаторияда, біреуі қыздар гимназиясында, ал біреуі әйелдер босанатын орында қызмет жасады. Тіс дәрігері 2 адам, олар Ташкент қаласында жұмыс істеді. Фельдшерлер саны облыста 34, оның екеуі әйел фельдшер еді. Облыста әйел босандыратын кіндік шешелер саны 14, фармацев 1-еу болды [7]. Оны облыстағы қалалар мен уездерге шаққанда былайша:



XIX ғасырдың соңында Түркістан өлкесінде жергілікті халық үшін ауруханалар мен емханалар ашыла бастаған. 1906 жылдың 15 маусымында жеке үйде учаскелік емхана ашылды. Ашылған емхана дәрігерлік сынды көтере алмайтын жағдайда болатын. Оның бөлмелері тар, қараңғы, әрі сыз тартатын-ды. Осындай үйлерде аурулар жатып емделді. Онда емделгендер1907 жылы – 13, 1908 жылы – 57, 1909 жылы – 78, 1910 жылы – 59 адамға жетті. Бір ауруды емдеуге ай сайын 12 сом бөлінген. Сонымен амбулаториялық және ауруға карсы емделгендер саны 1906 жылы 1350, 1908 жылы – 5201, 1909 жылы – 6864, 1910 жылы – 3151 адамды құраған. Амбулаториялық аурулар санының төмендеуі кенес беру мен дәрінің ақылы түрде болуына байланысты еді [8].

1907 жылы Перовскіде 1 дәрігер, 2 фельдшер, 1 акушер жұмыс істеген. Осы жылы ашылған земствалық психикалық аурухана 81 орындық болды, онда 2 дәрігер, караушы және фельшер жұмыс істеді. Бұл ауруханадағы 81 төсектің 42-сі психикалық ауруларға, 37-і орын ұзак уакыттан бері ауратындарға бөлінді. Бұдан бөлек 7 орын әскери ведомстванын ауруларына, 1 орын әйелдерге берілді [9].

1910 жылы есеп бойынша дәрігерлік көмекке 288306 адам жүгінген, онын 13385-і өткен жылға тиеселі. Ауырғандардын 5341-і стационарлык емханада, 281633-і амбулаторлык бөлімде емделді. Осы жылы безгекпен 41082 адам емделген, онын 4066-ы өткен жылға тиеселі. Көшпелілер арасында мерез ауруы кен тараған. Мерез ауруымен 1910 жылы 12271 адам ауырса, сонын 786 өткен жылға тиеселі болды [10]. Сондай-ак, 1910 жылы Сырдария облысында 11 дәріхана болып, олардын 5-еуі Ташкент каласында орналасты. 1910 жылдын аяғына карай Сырдария облысында 52 - ер дәрігер, 11 - әйел дәрігер, 43 – фельшер, 8 - фельшер-акушер, 38 - босануға жәрдем беретін әйелдер (акушерка), 16 – тіс дәрігері, 6 – тіс технигі және 32 фармацев болды [11].

Дәрігерлерді уездер мен калаларға бөлгендегі көрсеткіш мынадай:

Қалалар мен уездер	Дәрігерлер		фельдшерлер		акушерлер	Тіс дәрігерлері	Тіс техниктері	фармацевт
	ер	әйел	ер	әйел				
Ташкент қаласы	29	6	13	4	12	6	4	
Ташкент уезі	3	1	4	1	3			
Шымкент қаласы	1	-	2	-	2			1
Түркістан қаласы		-	1	-	1			1
Түркістан уезі	3	2	4	1	3			
Ташкент қаласы	1	-	2	-	2			1
Ташкент уезі	4	-	4	-	4			
Перовск қаласы	4	1	4	1	4	-		1
Перовск уезі	3	-		-	2	-		
Казалы қаласы	2	-	2	-	1	-		1
Казалы уезі	1	1	1	-	1	-		
Петро-Александровск қ.	1	-	2	-	1	-		1
Амудария бөлімі	2	-	1	-	2	-		
Барлығы	**52**	**11**	**43**	**8**	**38**	**16**	**6**	**32**

Кестеден көріп отырғанымыздай дәрігерлік қызметтегі мамандардың басым бөлігі Ташкент және Перовск қалалары мен уездерінде жұмыс жасаған. Бұл жағдай аталған қалалар мен уездердің қатынас жолы үстіне және жайлы табиғи ортаға орналасқандығына байланысты болған.

Ал, 1911 жылғы облыстағы дәрігерлер санын төмендегі кестеден білікауға болады: [12]

Қалалар мен уездер	Дәрігерлер		фельдшерлер		акушерлер	Тіс дәрігерлері	Тіс техниктері	фармацевт
	ер	әйел	ер	әйел				
Ташкент қаласы	32	5	24	12	19	15	16	24
Ташкент уезі	3	-	10	-	4	-	-	-
Шымкент қаласы	1	-	2	-	2	-	-	1
Шымкент уезі	1	2	6	-	4	-	-	-
Түркістан қаласы	1	-	4	-	1	-	-	1
Ташкент қаласы	2	-	3	-	4	-	-	-
Ташкент уезі	5	-	4	1	3	-	-	1
Перовск қаласы	3	-	2	1	2	-	-	-
Перовск уезі	4	-	5	1	3	1	-	2
Казалы қаласы	1	1	6	-	1	-	-	-
Казалы уезі	1	-	4	1	-	-	-	1
Петро-Александровск қ.	1	-	2	-	-	-	-	-
Амудария бөлімі	1	-	2	1	1	-	-	1
Барлығы	**56**	**8**	**79**	**17**	**44**	**16**	**16**	**31**

1913 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге қарасақ. Сырдария облысының4уезіндегіемдеумекемелеріменкамтылғантөсек-орындар1909

жылдың деңгейінде қалып қойған. Оның себебі дәрігерлік мамандардың жетіспеушілігі мен штат бірліктерін дұрыс пайдаланбағандықтан болған. Мысалы, Әулиеатадағы қаладық емханадағы 15 орын мен амбулаториядағы 1 дәрігер, 2 фельшер, 1 бақылаушы, 1 техникалық жұмыскерге келген. 1907 жылғы кантардан ауруханалардағы дәрігерлік орындар тіпті бос тұрды [13] . Мұндай жағдай Онтүстік Қазақстандағы басқа мемлекеттік мекемелерінде кездеседі.

1913 жылы 4 уезде барлығы 5 дәріхана болып, онда 6 фармацевт жұмыс істеді. Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск қалаларындағы дәріханалар негізінен жеке адамдардың меншігінде болған. Олар дәрілерді өздері жасап, өздері тұрғындар арасына тараткан [14].

Көріп отырғанымыздай, патша өкіметінің шеткі аймакта тұратын халықтарға дәрігерлік көмектері әрине мардымсыз. Әрбір ауруханада орташа есеппен 5-6 төсек орыннан болған. Оған жағдайлары барлар қаралып тұрған, ал кедейлер маңайын да көрмеген. 1 дәрігерге 70 мың адамнан келген. Мамандардың тапшылығына байланысты әлі де тұрғындар балгерлерге жүгініп отырған, сол себептен де өлім саны азаймай тұрды.

1881 жылы Әулиеатадағы наукастардың саны 1948 болса, онын 803-і көз жұмған немесе 41 пайыздан жоғары болды [15]. Сырдария облысының бас дәрігері И. Суворов Шымкент, Түркістан, Әуле-Ата, Қазалы, Перовск қалаларында дәрігерлік кызметтің тіптен көрсетілмейтіндігін өкінішпен хабарлаған [16]. Ауылды жерлерде жағдай мүлде жасалмаған. Ресей империясы Түркістан өлкесін отарлаған 50 жылдын ішінде небары 65 амбулатория мен 33 дәріхана ашкан. Олардың барлығы бірінші кезекте орыс әскери бөлімдері мен Түркістан өлкесіндегі орыс тұрғындарына кызмет көрсеткен. Қарапайым халыкка медициналык көмек көрсетілмеді.

Дәрігерлік көмектің төменгі сапада көрсетілуі әсіресе балар арасында өлімнің көп болуына әкеп сокты. 1895 жылы 24 сәуірде Қазалы уезінің бастығы Сырдария әскери губернаторына жазған хатында: «Қазалы каласында балалар көптеп ауруда, дәрігерлерінің айтуынша кызылша ауруы тараған. Жиналған мәліметтерге қарағанда бір аптаның ішінде яғни 18-24 сәуір аралығында 29 бала ауырып, онын 10 ғана жазылған [17].

1884 жылы Әулиеатада сүзек ауруынан балалар арасында өлім артқан, облыс дәрігерінің Сырдария облысынын әскери-губернаторына жолдаған рапортында: «Әулиеата уезі дәрігерінің 1884 жылғы 11 карашада маған жолдаған мәліметіне қарағанда, казан айында Әулиеата каласында балалардың сүзекпен ауырған 3 окиғасы тіркеліп, 3-еуі де кайғылы

[illegible] аяқталған» [18]. Ал. 1889 жылғы [illegible] облыстығының облыс бастығына берген мәліметінде [illegible] балалар арасында өлім арткан. «Уез дәрігерінің [illegible] ауруған 6 адам өлген. Онын 4-еуі ер бала бір жарым [illegible] арасығында және 2-і қыз бала бір жарым-екі [illegible] көрсетеді [19].

1906 жылы Шымкентте аталған эпидемиямен 117 адам [illegible] 87-сі кайтыс болған [20].

Сырдария облысында халықтың нашар тамақтануы [illegible] тұрмыстарында санитарлық жағдайдың сақталмауынан [illegible] сүзек және т.б. аурулардың түрлері артканы туралы [illegible] Сондай-ақ, облыстағы дәрігерлік қызмет орындары [illegible] мен уез орталықтарында, переселен селоларында орналасқанмен [illegible] қазақ ауылдарына жете алған жоқ. Дәрігерлік көмек [illegible] жұқпалы эпидемиялық аурулар кең тарай бастағанда немесе [illegible] шегіне жеткен кезде ғана келді.

1. Добросмыслов А.И. Города Сырдарьинской области. Казалинск, Перовск, [illegible] Чимкент. – Ташкент, 1912. – С.152.
2. Чокин А. Очерки развития санитарно-эпидемической службы в Казахстане [illegible] С.15.
3. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1890 год. – Ташкент, 1891. – С.127.
4. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 год. – Ташкент, 1894. – С.123.
5. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 год. – Ташкент, 1894. – С.128.
6. Сонда.
7. Сонда. – С.151-152.
8. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 1956-іс. 4-п.
9. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 год. – Ташкент, 1909. – С.51-69.
10. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. – Ташкент, 1912. – С.172-173.
11. Сонда. – С. 181.
12. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 год. – Ташкент, 1913. – С.169.
13. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 29112-іс. 8-п.
14. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 29419-іс. 85-п.
15. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 10187-іс. 44-п.
16. Сонда. 89-п.
17. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 846-іс. 3-п.
18. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 807-іс. 1-п.
19. ӨР ОММ. 17-қ, 1-т, 1226-іс. 8-п.
20. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год. – Ташкент, 1907. – С.158.

ЕРМАҒАНБЕТОВА З.Н.
Қорқыт ата ат. Қызылорда мемлекеттік университеті ф.ғ.к. (Қызылорда қ.)

ШОҚАН МҰРАСЫН ТАНЫТУДАҒЫ КӘКІМЖАН ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ

Отыз тасырдың жетпісінші, сексенінші жылдары еліміздің тарихында түрлі оқиғалармен есте қалды. Бұл жылдар республикамыздың Отан қорғанысына миллиард пұт астық тапсырып, қайта құру, жариялылық қоғамына бет бұрған кезені болатын.

Сонымен бірге бірге рухани, мәдени салада да толымды өзгерістер болды. К. Қазыбаевтың басшылық қызметке келуі қазақ еліндегі осындай оқиғалар дәуірімен тұспа-тұс келді.

Белгілі жазушы Ж. Аймауытов өмір есігін ашқан әрбір адамның өзіндік белгі, ерекшелік қасиеттерінің болатынын айта келіп «...әр адамда бірнәрсеге талап, ынғай, қабілет яғни зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу мал бағуға, біреу жазушылыққа. Кімдекім өзіне біткен ынғайына карай өз жолымен жүріп, қызмет етсе өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек» [1], - деп жазады.

Әрине, өмір жолы бұралаң, қалтарысы көп әрі қатаң да күрделі. Кез келген адам әуел баста еңбек жолын, ортасын бірден тауып қалыптаса алмасы анық. Десек те, К. Қазыбаев бойындағы қабілетті дамытып, талап пен қайратты ұштастыра отырып, журналист, жазушы, қайраткер дәрежесіне жетті. «Бақалы деген кішкентай ауылдан шыққан кара бала ЦК-ның секретарлығына дейін өссе, өлермен еңбегімен, таудай талабымен, жайсаң мінезімен» [2] жұртына қадірлі болды .

Алаш көсемдерінің бірі – Мұхамеджан Тынышбаев, үлкен ағартушы Біләл Сүлеев, ақиық ақын Ілияс Жансүгіров оқыған Мамания мектебінде білім алды.

Ол «Лениншіл жас» ұжымынан асыл қасиеттерді бойына жиып, «Жетісу» газеті редакторлығының орынбасарлығынан басталған өзіне лайық алдан күткен биік аскарларына жол тапты, небір билік тізгінін ұстады. Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі комитет төрағасының орынбасары, Қазақ телеграф агенттігінің Бас директоры, «Қазақстан коммунисі» журналының редакторы қызметтерін абыроймен аткарды. Осындай жауапты жұмыстарда өзін ғажап ұйымдастырушы, белгілі қайраткер, лайықты жетекші ретінде таныткан публицист, жазушы

[illegible] Қазыбаев кейін республика партия [illegible] идеология майданын басқарған Смағұл [illegible] сарыдардай Қазақстан Компартиясы Орталық [illegible] [illegible] қолына ұстады.

Іокырау заманы дегенмен ол кезде шығармашылық [illegible] үшін Орталық Комитеттің маңызы зор болды. [illegible] Орталық Комитет идеологиялық салада күнделікті [illegible] социалистік талабымен зиялы қауымға деген [illegible] жүргізіп отырған.

К. Қазыбаев басқару ісінің қай сатысында жүрсе де, [illegible] тастамай, шығармашылықпен айналысып, өмірдің [illegible] шығармаларына арқау етті. Өз кезеңінің азаматы ретінде [illegible] болып жатқан өзгерістерді талдап, баға беруге ат салысты. Кеңес [illegible] мемлекеттік жүйесіндегі миға конбас шешімдерге қуа [illegible] қызметінде парасаттылық, қарапайымдылық, адалдық, азаматтық [illegible] адамгершілік принциптерін барынша сақтауға талпынды. Қоғам қайраткері К. Қазыбаев баяндама жасағанда, сөйлеген сөздерінде [illegible] ашық, айқын, дәл жеткізуге тырысқан. Бұл – оның ерекше қырларының бірі. Орталық Комитеттің хатшысы және бюро мүшесі қызметінде жүріп, басты назарды үш мәселеге аударды. Олар ұлт мәдениеті, ұлт мәселесі және рухани саланы жақсарту. Қайсыбір саяси, мәдени, әдеби жиындарда [illegible] ойын ашық айтып, пікірін білдіріп, қоғамдық-саяси мәселелерге қайраткерлік қабілетімен де үн қосып отырған.

К. Қазыбаевтың азаматтық қырын таныткан ісінің бірі – Шоқан Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойын өткізу барысында байқалады.

Аса көрнекті ойшыл, ағартушы демократ Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты КСРО Ғылым академиясының ұйымдастыруымен Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференция өткізілген болатын. Бұл конференцияның Одақ деңгейінде ұйымдастырылуына белсене атсалысқан Кәкімжан Қазыбаев болды. Конференцияға Мәскеуден, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) басқа да көршілес республикалардан жетекші шығыстанушы, тарихшы ғылымдар қатысты. «Озық ойлы, ағартушы-демократ Шоқан Уәлихановтың ғылымды дамытуға қосқан үлесі» тақырыбындағы конференцияны К. Қазыбаев кіріспе сөзбен ашады. Ол өз сөзін: «Өзінің ағартушылық және ғылыми қызметімен Шоқан Уәлиханов қазақ даласындағы терең прогресшіл демократиялық қозғалысты бастап берді», - деп одан ары ғалымның еңбегінің мән-маңызына тоқталды.

«Ол Қазақстанның тұңғыш қайраткерлерінің бірі болып, сол кездегі

Қазақстан мен Ресейдің қоғам өміріндегі әлеуметтік қайшылықтардан қоғамдық өмірдің қиындықтарымен жоғары көтеріле білді. Қазақ жерінде орыс халықтарының экономикалық мәдени жақындауымен бірге түрлі-түсті көшпі, бірте-бірте нығая түскен жаңа прогресшіл бастаулар мен идеяларды көре алды. Шоқан орыс қоғамын толғандырған идеялармен ерте танысты ғанысты. А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский, В.Г. Белинский шығармаларын оқып, орыс мәдениеті мен ғылымының көрнекті қайраткерлерімен достасу, Сібірде айдауда жүрген петрошевшілдермен жиі арасу нәтижесінде ойшылдық, ағартушылық қызметі мен қоғамдық саяси көзқарастарының бағыты мен сипаты айқындалды, халық күйзелісінің терең тамырлы себептеріне көзі ашылды.

Ол қазақ халқының оқу білімге көзін ашу жолындағы дәйекті күрескер, надандық пен кертартпалықтың бітіспес жауы болды. Өзінің ой пікірімен де, ісімен де халықтың «зиялы жоқшысы» оның мүдделерін қалтқысыз қорғаушы болуға ұмтылды» [3], деп оның ғылымды дамытуға қосқан үлесіне баға берді.

Қайраткер-қаламгер Шоқан Уәлихановтың мүдделерінің мейлінше алуан түрлі және жан-жақтылығын, оның отандық ориенталистика мен түркологияны дамытуға, Орталық және Орта Азияның, Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның аса бай тарихын зерттеуге қосқан үлесін, ержүрек саяхатшының Шығыс Түркістанға-Қашқарияға барған тұңғыш қазақ екенін сондай-ақ, қазақ, қырғыз және басқа халықтардың мәдени мұрасының бірегей ескерткіштерін ғасырлар қойнауынан аршып алып, оны халықтардың ұлттық сана-сезімін оятуға және көшпелі халықтардың өзіндік тарихы, байырғы бай мәдениеті бар екендігін зиялы әлемге паш етіп көрсетуге тырысқан өлшеусіз еңбегін дәлелдей сөйлейді. «Жиырма бір жасында орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайлануы Уәлихановтың сіңірген еңбегінің даусыз дәлеліне айналды. Табиғатында дарынды Шоқан Уәлиханов замандастарын өзінің рухани өскелендігімен, ой-өрісінің кеңдігімен, энциклопедиялық білімдарлығымен таңқалдырды» [3], - деп озық ойлы ағартушының табиғи талантына тәнті болады.

Аталмыш халықаралық конференцияға орай ұйымдастырылған «Орта Азиядағы орта ғасырлардағы мәдени, тарихи процестер» атты дөңгелек үстөлге Түркия, ГДР, Иран, Венгрия, Үндістан, Монғолия, Ленинград, Пәкістан сияқты алыс-жақын шетелдерден шығыстанушы ғалымдар қатысып, Шоқан мұраларының маңызы жайында ойларын ортаға салды.

Конференцияның ЮНЕСКО көлемінде өткізілуінің мәні зор еді. Бұл қазақтың жарық жұлдызын бүкіл әлемге таныту, оның шығармашылық ғылыми еңбегін бағалау, сол арқылы мақтану. Шоқан мұрасын, өмірі

[illegible] қызметін зерттеудің тек ғылыми ғана емес, [illegible], [illegible] маңызы да орасан зор еді. Алайда [illegible], [illegible] азық болған кеш Мәскеудегі жоғары басшылықтың [illegible] әр [illegible] мен сөзінен астар іздеп отыратын [illegible] ұлтшылдықтың сарыны іспеттес болған.

Бұл жайында Кәкімжан Қазыбаев «Жүрек сыры» [illegible] ой толғайды:

«Есіл ер-ай, ерте кеткенін былай қойшы, осы уақытқа [illegible] көлемінше кең көлемде бірде-бір той өткізілменті-ау. Оның 100 жыл толуында рас, арнайы қаулы болыпты. Академия [illegible] сессия өткізіліпті. Ескерткіш салынған. Бес томдық еңбегі шыққан. Институтқа аты берілген. Бұл жолғы мерейтойды өткізуге үлкен түрткі болған академиктер Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұланның 1982 жылға сындарлы хаты» [4] дейді.

К. Қазыбаевтың басшылығымен Ирина Стрельковаың «Чокан Валиханов» атты кітабы шығып, Шоқанның бес томдық шығармалары орыс тілінде қайта басылған. Асанәлі Әшімовтің режиссерлігімен төрт сериялы «Чокан Валиханов» атты телефильм түсірілген. Талдықорған облысында «Алтын емел» мемориалдық мұражайы салынған. Осы бір қызу дайындық кезеңдерді автор: «Сонау алғашқы жоспардан бастап, соңғы 20 қараша күнгі Алматыдағы салтанаттың шақыру билетіне дейін менің қолымнан өткенін мақтан етемін. Ескерткіш қоропкамыз қандай әдемі шықты.

Егер біреу өмірінде болған елеулі оқиғаның бірін айтшы десе, Шоқанның 150 жылдығына әзірлік пен оны өткізу дер едім. Өзім де Шоқан жөнінде көп толғандым. Көп жұрттың кім екені осы тұста танылды да. Шоқанды тым шулатып, асыра мақтап жібермедік пе деушілер табылды. Жоқ. Оның алдындағы қашаннан бергі қарыз, ұрпақ қарызы бір өтелді деп білем» [4],- деп ризашылық сезіммен еске алады.

Алайда, осы тойдан соң ақ К. Қазыбаев Мәскеуге шақырылып, қызметімен қош айтысады. 1985 жылдың 8 желтоқсанында «Правда» газетінде Шоқан жайында түсірілген төрт сериялы телефильмді мақтап жазған А. Кагарлицкаяның «Словно несколько жизней прожив» атты мақаласы жарық көреді. Бұл жайында автор: «Әлем-тапырақ көңілді бір самал желпіді. Шоқанның самалы, оның тойын өткізу үшін жұмсалған еңбек самалы, еңбек ләззәті. Біреу көрді, біреу көргісі келмеді» [4], - деп толғанады.

Мінекей, біз бұдан адамды бағалауды асыл парыз санайтын, өз тағдыры сынға түссе де, халық мүддесі үшін ерлік көрсете алатын, ел болашағына

а[illegible]ан, ұлт намысын ойлаған қайраткердің азаматтық қырын танимыз.

Қорыта айтқанда, қаламгер Кәкімжан Казыбаевтың Шоқан мұрасын танытуға қосқан өзіндік үлесі зор.

[illegible] Колоколова. – Қызылорда, 1926. – 115 б.

[illegible] Ақжарқын. Рақымжан Қошқарұлы. – Есмен Қалқуатан. – 1999. – 11 маусым.

[illegible] Ұлық ойлы, ағартушы-демократ Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбегі сынтуға қосқан [illegible] // Парасат. – 1985. 20 қараша.

[illegible] Жүрек сыры (Жарық көрмеген жазбалар) // Парасат. – 2005. – наурыз.

САЙФУЛМАЛИКОВА С.

Абай атындағы ҚазҰПУ т.ғ.к.

(Алматы қ.)

Ш.УӘЛИХАНОВ МҰРАСЫНДАҒЫ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ш. Уалихановтың Орта Азия хандықтарының казақ, қырғыздармен саяси қарым-қатынасына арналған «Записка о Кокандском ханстве», « Хива, Бухара и Коканд и отношение их к России», «Сношение России с Хивою», «Правление нынешного владетеля Хивинского Сейд-Мухаммеде и новейшия известия из Хивы» атты мақалалары бар. Қалған еңбектерінің негізгі бөлігінде ішінара болса да Қоқан хандығына қатысты жекелеген мәселелер көрсетіледі. Мысалы, Қоқан хандығының Қашқардағы саяси оқиғаларға қатысы, Ресеймен сауда қарым-қатынасы, олардың салған бекіністері сынды. Жалпы аталмыш мақалалардың ішіндегі аса құндысы «Записка о Кокандском ханстве» деп бағалаймыз. Мақалада Қоқан хандығының әкімшілік саяси құрылымы, Шералы, Худояр, Мәлібек хандардың ұстанған саясатының хандықтың өз ішіндегі ішкі саяси жағдайға және казақ, қырғыздарға әсері сынды күрделі мәселелер қозғалады.

Қоқан хандығының ішкі әкімшілік бөлінісіне мынадай анықтама береді: «Хандық бірнеше әскери аймакка бөлінді: Кокан, Маргелан, Наманган, Андижан, Ош, Ұратөбе, Ходженд, Ташкент. Қырғыздар Маргелан, Ош, Андижан, Наманган, Ташкент округтеріне, ал казақтар соңғы округке бағынады»- деп көрсетеді [1, 314-315-б].

Қоқан хандығындағы казақ, қырғыздың құқын былай салыстырады: «Қырғыздардың құқы көшпелі өзбектермен бірдей, әскерде қызмет етеді, азаматтық және әскери билік сатыларында тұрады. Мұндай ерекше

[illegible] не болғандар жазда Алай тауында, қыста Фергана қошуші [illegible] адген, ичкилик, наймандарымен бірге, Ұлы жүздегі Ташкент маңында коныстанған шанышқылы, қаңлы рулары

Шанышқылы, қаңлылар Ташкент наместниг әскерінің негізгі бөлігін құрайды. Қаңлылар зекет, қажет болғанда қосымша әскер беруге де міндетті болды» - деп көрсетеді ғалым[1, 315-б]

«Нарын, Тиектастан Үш турфанға дейінгі қырғыздар Хиуажаңға бағынып оларды бақылау үшін Жұмғал, Тоғызтарау Күрті бекіністері салынса, ал Талас, Шу, Жұмғал бойындағы қазақтар Ташкент наместнигіне бағынып, олар Әулиеата, Шымкорған Мерке Пишпек, Токмақ бекіністері арқылы бақыланады» - деп анықтай түседі[1, 318-б].

Ғалымның жоғарыда берген анықтамасы Қоқан хандығына қараған барлық қазақ, қырғыздардың құқының теңдәрежесі болмағанын, олардың ішіндегі кейбір рулардың, яғни қырғыздардың алғы ичкилик, ал қазақтарда қаңлы, шанышқылылардың құқының басқа рулармен салыстыра қарағанда жоғары болғандығын көрсетеді

Мақалада Шералы, Мәлібек, Худоярхан тұстарындағы қыпшақтарға қатысты үлкен проблемалық мәселе және 1858 жылғы Қоқан хандығына бағытталған көтеріліс те көрсетіледі.

Қыпшақтардың өз арасындағы шиеленісті жағдайды былай баяндайды: «Қыпшақтар қала тұрғындарын, көшпелілерді, өзбектерді және қырғыздарды да да өзіне қарсы қойып алды. Сонымен бірге олардың өз арасында да ішкі алауыздық та басталған еді[1, 316-б]

Қоқан хандығына қатысты Р. Нәбевтің монографиялық зерттеуінде Ш.Уәлиханов көрсеткен қыпшақтардың өз ішіндегі ішкі бөлініс пен талас жағдай дәлелдене түседі. «Қыпшақ тайпалары бірнеше рулар тұрады, мысалы құланды Мұсылманқұл, ұлмасты Хатамқұл, әлтатаны Өтембай, ышықты Мырзат, кашканы молда Халбек пен Мұхаммадияр, лумиёнді Низ парваншы басқарды-деп көрсетеді[2.34-б]. Ш. Уәлихановтың және Р Нәбиевтің те зерттеуінен де қыпшақтардың жекелеген руларының арасындағы билік үшін ішкі таласты көреміз.

Нәбиев 1848-1852 жылы хандықтағы саяси жағдай шиеленісіп кетті Мұсылманқұл, Мұхаммадяр, молда Халбек, Рахманқұл бас уәзірлікке таласты деп көрсетеді [2,41-б]. Бұл оқиғаның тарихи шындығын Ш. Уәлиханов былай анықтай түседі: -«1846 жылы Ұратөбе түбіндегі шайқаста мыңбасымен келісімге келмеген қыпшақ Өтембай, Наманган корпусы әскерінің басшысы қыпшақ Мырзатамен бірігіп, мыңбасыға шабуыл жасап, оның дәрежесін жойып Қоканға аттандырды. Қыпшақ мыңбасы Мұсылманқұлдың ықпалынан құтыла алмай отырған Қокан

хана бұған қуанып, мынбасы ретінде қыпшақ молда Халыбекті тағайындап, оны өз ауылына жіберді. Келесі жылы Мұсылманқұл өз руластарымен бірге Мырзатаға шабуыл жасап және наманган әскерімен Қоканға аттанды. Ол каланы алғаннан кейін, Мырзатты дарға асып, хана мынбасы дәрежесін алады. Бірақ қыпшақ Мұсылманқұл қыпшақ Өтембайды жазалай алмағанымен, олардың арасындағы шиеленіс күшейе түсті. 1848 жылы қақтығыстан кейін, Өтембай Мұсылманқұлға бағынуын тоқтатып тарта отырып, Ташкент билеушісімен бірігеді. Мұсылманқұлға қарсы Өтембайға басқа қыпшақ қолбасшылары Көроғлы, Халмагомед де қосылды. 1852 жылғы Мұсылманқұлдың Ташкентке жасаған сәтсіз шабуылы оның күйреуіне алып келді. Өтембай мынбасы болып бекітілгеннен кейін барлық белгілі қыпшақ қолбасшылары жазаға тартылды. Қоқан ханы да Ташкент тіктерді қолдады. Бұл оқиға қалған қыпшақтардың ашулы ұрыктарын 1853 жылы Қоқан ханы басқарған әскер Нарын мен Сырдарияның Өтембайлық қыпшақтарға қарсы аттанды. Қыпшақтар ханға қарсы тұра алмады. Мұсылманқұл ең таңдаулы қыпшақ әскерімен бірге қаза тапты. Өтембай, Нұрмағамбет, Халмагомед қана аман қалып қызметтерін сақтап қалды, қалғандары Бұхараға қашты. Қыпшақтардың ықпалынан босаған Худоярхан тікелей мемлекет билігінің тізгінін өз қолына алып, бауырлары Мәлібекке Ташкентті, Суфибекке Андижанды, сұлтан Мұратбекті Маргеланды билеуге қойды. Ташкент қожасы Шадманорақ мынбасы болды. Худоярбектің алғашқы билік құрған жылдары тыныш болғанымен, діндарлардың ықпалының өсуіне байланысты бұрынғылардың оған қарсылығын туғызып, көтеріліс басталды. Көтерілісті бастаушылардың бірі Мәлібек кейін Бұхараға қашуға мәжбүр болады.

Екі мемлекеттің арасындағы шиеленістерге байланысты Бұхар әмірі бүкіл Түркістанға билігін жүргізу мақсатында Мәлібекті қуана қарсы ала отырып, Ұратөбе, Ходжентке қарсы шабуылын бастады. 1855 жылы Мәлібек Худоярханның өтінішімен Қоканға кері оралды. Қоканға қайтқан оған ешқандай да жаңа қызмет берілмей, керісінше ол қоқандық қарақалпақ Ерназар пансадтың бақылауында болды.

Худоярханның соңғы билік құрған жылдарында мемлекет ісін сарайлық шенеулік, мынбасылар Манияс, Қасым, Шадманорақ атқарды. Ұратөбе Қоқаннан бөлініп, Бұхар әмірлігінің ықпалына қарады. Қоқан хандығындағы ішкі саяси жағдайдың шиеленісі Мәлібектің қарсылығын күшейтті.

Мәлібек Ташкентте тұрғанда қала билігіне Мырза Ахмед тағайындалып, оған қарсы көшпелілердің наразылығы күшейді. Оны

[illegible] Нұрмагомед [illegible] Қыпшақтардың [illegible]ауына сүйеніп. Мәлібек Қоканды [illegible] Мырза Ахмед, Шалман Орақтың қолдауымен Ходжентке, [illegible] деп көрсетеді[1,316-317-б].

Ш. Уәлихановтың жоғарыдағы баяндауларында [illegible] сынды [illegible]лерлері Мұсылманқұл мен Өтембай арасындағы [illegible] үшін зардаптары болғандығын, яғни 1852 жылы Худоярханның [illegible] қыпшақтарды қыру оқиғасын туғызғанын мәлім [illegible] Қыпшақтар мен қырғыздардың қарсылығын Мәлібектің қалай пайдаланғаны [illegible] ол алғашқы билікке келген кезде қыпшақ, қырғыздарды [illegible] кейін, Шералы, Худоярхан сынды оның да Қоқан хандығындағы қыпшақтардың ықпалынан қорыққанын анықтап тұрып көрсетеді. Ал [illegible] Қоқан хандығындағы қыпшақтардың өз арасындағы ішкі шиеленістің қалай ұқталғаны және мұны Қоқан хандарының шебер пайдалана білгені анықындайды. Ш.Уәлихановтың мақаласын оқи келе, Қоқан хандығындағы қыпшақтарды жаппай қыруы сынды тарихи оқиғаның болуы, олардың өз арасындағы ішкі алауыздықтардан басталды деген қорытынды тұжырым жасауға негіздеме береді.

Ш. Уәлиханов Қоқан хандығындағы билікке келген Мәлібекті екі қырынан көрсетеді. «Мәлібек хан болғаннан кейін, өз саясатын өзгертті. Билікке келуіне ықпал еткен қырғыздардың көмегіне байланысты олардың басшылары Әлібекті (Алымбекті) мыңбасы етуге берген уәдесі бойынша, оны уәзір еткенімен, бірақ шен бермеді. Хандықтағы негізгі қызметтер қыпшақтардың қолында болды деп жазады[1,318-б]. Ғалымның жоғарыдағы анықтамасы Мәлібектің екі түрлі саясат ұстанғанын, билікке бірде қыпшақтарды, бірде қырғыздарды, бірде сарттарды қою арқылы, жалпы қыпшақтың да және қырғыздың да ықпалын күшейтпеуге бағытталған саясат ұстанғанын көрсетеді.

Ш. Уәлиханов Мәлібек ханның ішкі экономикалық жүйеде жүргізген саясатын былай көрсетеді: «Мәлібек алғашқы билік құрған жылдары әділ басқарды. Көптеген салықтарды жойды: біріншіден, некеге тұрған кездегі жас қыз үшін бір алтын, жесір үшін жарты алтын төлейтін никахана салығы, екіншіден, қайтыс болған адамның қазынаға дүние-мүлкінің 1/40 бөлігі түсетін таракана салығы, үшіншіден, таразы салығы, яғни бір батман астықтан түсетін 1 мир салығы; төртіншіден, херадж жер салығы жеңілдетілді: суармалы жерлерден бұрын 5 пұдтан 1 пұт алса, енді 10 пұдтан 1 пұд алатын болды, суармалы емес жерлерден бұрын 10 пұдтан 1пұт алынса, енді бұл мүлдем жойылды» - деп баяндайды [1,318-319-б].

Ш. Уәлихановтың Мәлібек ханның салықтарды жеңілдете

бастапқы жоспірдегі мәліметтерін мұрағат қорындағы құжаттар растайтынын «Ол шешімдердің әділетті шешілуіне бақылау қойды, бектектегі парақорлықты шектеді, салықтар азайды, көпестерге қамқорлық істеуі шариғат заңына сүйенеді» - деп бағаланады[3].

Мақалада Мәлібектің екінші қыры да көрсетіледі. «Мәлібек билікте тұрғанда жақсы жақтарымен бірге онын бұхар әмірлігінен кабылдаған сөжүгіпті мен зұлымдығы да көрінді. Алғашкы кезде кашкарлык Насрединмен маргеландык молда Халықұлға билік бергенімен, кейін оларды жазалап, дуние-мүлкін тәркіледі.

Ташкентке кыпшак Өтембай, Маргеланға молда Халықұлды билікке коиып, кейін Балбек, Сейіт, Қанағатшамен алмастырды. Андижанға Шамұратбек, Наманганға Суфибекті койды. Соңғы мәліметтер бойынша сәуір айының соныда Өтембайды Коканға шакырып, Ташкентке онын орнына Метмус, көмекшісі ретінде Машарипбайды койған.

Соңғы кездері Кокан ханының жағдайы ауыр, бір жағында Бұхар әмірі Насрулла, екіншіден, Ұратөбені баскарған бектер Коканға номинальді түрде бағынды. Міне осы жағдайлар Мәлібекке халыкка көп женілдіктер жасауға итермеледі. Сондыктан да ол Коканға Өтембайды алдырды [1,319-б]. Мұрағат деректерінде де Өтембай Мәлібек ханнын мемлекеттік кенесшісі болды деп көрсетіледі.

Келесі жолдарда Ш. Уәлиханов кыпшак, кырғыздармен карым катынасына кстанған саясатын кайта былай дәлелдей түседі: «Мәлібек бір жағынан Сырдариянын жоғары ағысындағы кырғызға туыс және биліккке келуге борыштар, олардын жанкиярлығына да сенімді. Кыпшактар да Мәлібектің женіске жетуіне көмек көрсеткендіктен, олардын негізгі бөлігі Коканға келіп билік орындарын алды. Мәлібек кыпшактардын ыкпалынын кайта күшейуінен кауіптенгендіктен, оларды округтерді баскаруға коймады. Мәлібек Ресей, Бұхара, Қытаймен бейбіт карым-катынасты сактауда-деп жазады[1,320-б]. Жоғарыдағы берілген жолдар да Мәлібектін ұстанған саясатын тағы да аныктай түседі. Макалада Кокан хандығынын ішкі саяси жағдайымен коса Кашкармен карым катынасы, хандыктағы жағдай Кашғарға да әсер отырды деп аныктайды. «Мәлібектің билікке келуімен Кашкардағы Насредин датканын орнына Нұрмағамбет келді» деп көрсетеді[1,321-б].

Ш. Уәлиханов 1858 жылғы көтерілістің басталуы карсанын былай көрсетеді. «Ташкенттегі Мырза Ахметтін билігіне наразы болған казак, кырғыздар көтеріліске шыкты. Істің ак-карасын аныктау үшін хан Мәлібекті Ташкенте аттандырды. Мәлібек халыктын Мырза Ахмед билігіне наразы екенін аныктағаннан кейін, Мәлібек олардын өз өтінішін

Қоқан ханына жеткізу үшін қазақтардың [illegible] ханға аттандырды. Қоқан ханы Мырза Ахмет [illegible] тағайындады. Бұл жағдай Мәлібектің ызасын [illegible] туғызды. Қарасуда Мәлібек қырғыздардың [illegible] Алымбекті [illegible] шақырып алып, Маргеланға келді. Маргелан мен Ирисфар [illegible] өзіне әскер жинай бастады деп көрсетеді[1, [illegible] б]. Бір [illegible] мақаладағы оқиға аяқталмай үзіліп қалған. Алымбек 1862 жылы көтеріліс кезіндегі Мәлібекті қатысты қызықты [illegible] оның Маргеланда басталған көтерілісті басқарғандығына [illegible] шүбәлі [illegible] деп ойлаймын. Мақаланың толық нұсқасы сақталмағанымен де Ш. Уәлихановтың Қоқан хандығындағы саяси жағдайға берген тұжырымдары, оның қорытындылары кейінгі болған тарихи оқиғалардың заңды құбылыс болғандығын анықтай түседі.

Мұрағат қорындағы деректерге сүйенсек, Мәлібектің екі жақты ұстанған саясаты оның өзін де құрбан етті. Өйткені, 1860 жылы қазандағы қоқандық әскердің Ұзынағаш түбіндегі орыс әскерінен, желтоқсан айында Ұратөбе түбіндегі Бұхар әмірлігі әскерлерінен жеңілуі оңтүстік аймақтағы Қоқанның саяси позициясын әлсіретумен берге, Мәлібек ханның да беделін түсірді. 1861 жылы қаңтардағы мәліметтерде Қанағат шах Қоқанға өз адамдарын аттандырып, Мәлібекті қырғыздармен татуластырды деген дерек беріледі. Келесі бір мұрағат қорындағы құжат Қоқандағы саяси жағдайдың барысын онан әрі ашып көрсетеді. «Наманганд ық парваншы Алымбек өз әскерімен 1860 жылы Ұзынағаш түбіндегі шайқаста Қанағат шакпен болды. Қанағаттың Алымбекті Ұзынағаш түбінде әскерімен қашты деген айыптауына байланысты оны ату жазасына кесті. Мұны естіген Алымбек жақтастарымен бірге Қоқаннан қашып, қырғыздар арасына жасырынды. Ол руластарын ханға қарсы көтеріліске шақырып, Нарынға аттанды. Оны сарыбағыш манаптары Үмбетәлі, Төрегелді де қолдады. Мұны естіген Қоқан ханы Ташкенттен Қанағатшаны алдырып, Әлімбекке 40 адам жіберді. Алымбек олардың барлығының да басын шауып, өзі қырғыздардың билеушісіне айналды» - деп көрсетіледі мұрағат деректерінде[3.124-б].

1861-1862 жылғы оқиғалардың барысы қырғыздардың және қыпшақтардың Мәлібек ханмен қарым-қатынасының шиеленісті аяқталғанын көрсетеді. Өйткені, 1862 жылы ақпанда Мәлібек өлтіріліп, Қоқандағы саяси жағдай қайта шиеленісті. Плоских Мәлібекті қырғыз Алымбек, Қыдыр, Шәбден-кожа және қыпшақ Әлімқұл, Құдайназар датка, Дост-мехтер, мырза Мад Ибраим өлтірді деп көрсетеді [4, 168-б].

1862 жылы қоқандық қыпшақтар мен қырғыздар Мәлібек

оларға ешнеге кеміп, Худоярханның кайта билікке келуіне карсы болып, көтеріліске шықты. Көтерілісті кырғыз Алымбек, кыпшак Өтембай, сарыбагыш манабы Үмбетәлі баскарды [4, 209-б] Худояр көтеріліске шыккандарды ымырасыз жазалады. Бұхар әмірі кырғыз көтерілісін басу үшін, Худоярға Канағатшаны аттандырды. Көтерілісті Ташкент манындағы кыпшактардың канды, кыпшак, шанышкылы рулары да колдады. Олар Ташкент каласын коршап, Түркістанмен байланысын үзеді [5, 54-б]. Кыпшактар өз арасынан Шадманкожаны хан сайлады.

1863 жылы шілдеде Кокандағы кыпшактар Худоярханды биліктен шығарып, бұрынғы Мәлібек ханның баласы 13 жастағы баласы Сейд Мухаммедтті хан жариялайды, бірак оның кәмелет жасына жетпеуіне байланысты Коканды баскару кыпшак биі регент Әлімкұлға жүктелді. Міне осылайша 1863 жылы аймакты жаулау карсанында Кокан хандығынын саяси билігі кайта кыпшактардын колына өтеді.

1 Валиханов Ч.Ч. Записки о Кокандском ханстве. Собр. Соч., в 5 т. Алма-Ата: Казак Совет энциклопедиясы, 1985. Т.3. -461 с.

2 Набиев Р. Из истории Кокандского ханства.- Ташкент: ФАН.-1973.- 387 с.

3 КРОММ 383-қор,113- іс.

4 Плоских В.М. Киргизы и Кокандское ханство.- Фрунзе, 1977.-368 с.

5 КРОММ, 383-қор, 1-тізбек, 217-іс.

ҚЫРАУБАЕВА М.Ж.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Ізденушісі (Алматы қ.)

ЖАРКЕНТ УЕЗІНДЕГІ ҚАРҚАРА ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ ТАРИХЫНАН

Казакстанда сауда катынасынын әсіресе жәрменке саудасынын дамуы революцияға дейінгі казак ауылынын әлеуметтік-экономикалык тарихында маныызды орын алатын мәселелердін бірі. Бұл мәселені казіргі таңда зерттеудін тарихи манызы болып отыр, өйткені еліміз егемендігін алғанына аса көп уакыт болмаған еліміздін экономикасы нарыктык катынас жүйесі бойынша дамып келе жаткан кезенде халкымыздын өткен тарихынан сауданын даму жолын біліп, тәжірбиесін пайдалана білгеннін артыктығы жок екендігі даусыз.

Революцияға дейінгі Казакстандағы сауданын даму тарихын зерттеп калам тарткан А.К. Литвинова [1], Ж.К. Касымбаев [2], Д.Ж. Жакупбекова[3], С.Н. Наумов [4], М.А. Ермаханова [5], және т.б.

[illegible]ымдар Қазақстандағы жалпы сауда [illegible] қарастыра отырып, оның ішінде жәрмеңке [illegible]

Көшпелі халық өзінің бар байлығы - [illegible] алынған өнімдерін айырбас саудаға түсіріп [illegible] қажеттілігін аша білді. Бірте-бірте Ресей, [illegible] мемлекеттерімен айырбас сауда байланыстары [illegible] ғасырдың 30 - жылдарында қазақ даласында [illegible] қалыптаспаған бейресми дала жәрмеңкелерінің [illegible] Сауда байланыстарының сан-салалы күрделі [illegible] қойнауында қалған Ұлы Жібек жолында да жатыр. [illegible] күйрегенмен, оның маңыздылығы мен тәжірибесі [illegible] мағынасын ғасырлар бойы жоймай, өз жалғасын тапты.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында [illegible] Ресей құрамына қосылу процесі аяқталады. Бұл процесін [illegible] қазақ даласында патша үкіметінің тек саяси билігін [illegible] қана қойған жоқ, сондай-ақ, қазақ көшпелі қоғамының шаруашылығын капиталистік жолмен дамып бара жатқан Ресей экономикасымен [illegible] байланыстыра түсті. Осылайша, қолөнердің, сауданың жалпы [illegible] ауыл шаруашылығының дамуына өте үлкен жағдайлар жасалынды.

Қала мен селоның арасындағы экономикалық байланыс сауда арқылы әсіресе, жәрмеңке саудасы арқылы орнады. Қазақ даласындағы жәрмеңке саудасының рөлі туралы Дала генерал-губернаторы 1883 жылғы патшаға берген есебінде былай леп жазады: «Жалпы алғанда географиялық орналасуы жағынан біздің Орта Азиямен сауда жолымызда жатқан, мемлекеттің құрамына кіретін Дала генерал-губернаторлығы өте кең өлкені алып жатыр. Даланың көшпенді тұрғындары сауда керуендерін жүк тасымалдайтын көліктерімен қамтамасыз етіп сауданың өрістеуіне жағдай жасайды, өздерінің қойларын, жылқыларын ірі қараларын сату арқылы мемлекеттің азық-түлік қорын молайтуда. Ал мал шаруашылығының өнімдеріне Европалық Ресейдің шығыс губернияларынан, Сібірдің жақын маңдағы аймақтарынан зауыт өнеркәсібінің тауарларын айырбастап алады. Бір жарым миллиондай көшпелі тұрғындар Ресейдің ауыл шаруашылығы, қолөнер және мануфактуралық өнеркәсіптік өнімдерін өткізетін орасан зор тұтыну рынокы болып табылады» [6]. Жәрмеңке саудасы таза мал шаруашылығы дамыған қазақ даласы үшін басты маңызы бар сауданың түрі болды. Өйткені көшпелі қазақ ауылының тұрғындары үшін өте ыңғайлы болды. Олар мал мен мал шаруашылығының өнімдерін өздеріне аса қажетті галантериялық, мануфактуралық, темір және басқа бұйымдарға айырбастап ала алды.

Алаша бармақ жақын манда ашылған жәрменкелерден бар кажетті өнімдерін сатуға тырысты.

Қазақстанда сауда катынасы үш түрлі жолмен жүргізілді: 1) тұрақты сауда – қалалар мен үлкен елді мекендер мен селолардағы дүкен, лавка, сауда үйлерінде жүргізілді; 2) казак ауылдарын аралап жүріп жасайтын ашаршылық сауда. Сауданың бұл түрімен көбінесе өсімкорлар айналысты; 3) маусымдық сауда – жәрменкелерде жүретін сауданың түрі. Казактар үшін де, сыртқы елдерден келген саудагерлер үшін де жәрменкелердің маңызы ерекше болды. Өйткені, казак даласында өндеу өнеркәсібінің нашар дамуына байланысты казактар өздеріне кажетті фабрика, зауыт өнеркәсібінің өнімдерін айырбас сауда аркылы таба алса, бұлармен сауда катынасына түскен орыс, татарлар көшпелілерге өз заттарын өткізу аркылы коспорындарына кажетті шикізаттарын тауып отырды. Жәрменкелер сауда-ға түсетін заттардың сипатына карай көктемде, жазда, кыста, күзде өткізіліп тұрды. Тауар айналымының куаттылығы жағынан жазғы жәрменкелер бірінші орында тұрды.

Ал бейресми мәліметтерге караганда Каркара жәрменкесі ресми ашылғанға дейін Жетісу өніріндегі шұрайлы атырап – Каркара малды, калын ел дауылдаған жайлау болғандыктан казак ортасында пайда іздеген саудагерлердің жыл сайын базар ұйымдастыратын жері еді. Уакыт өткен сайын бұл базарға алыс калалардан келген көпестер тауарламен байытып, онын атын әр тарапка таныта бастайды. Осыны ескере келе Жаркент уезінін басшылары Каркара өзеніндегі сауда-саттыкты зандастыру максатымен жоғарғы орындардан рұксат сұрайды. Оны мына хаттан байкаймыз «Дала генерал-губернаторы мырзаға! 15-ші мамырдан 15-ші тамызға дейін Жаркент уезіне карасты Каркара өзенінде жыл сайын жабағы жүн, мал және баска да токыма өнімдерін сатуға және алуға Верный, Ферғана, Жаркент және баска да жерлерден казактар жиналып 200-ге дейін үй тігіліп, үлкен және ұзакка созылған сауда кыза түседі. Саудагерлер осы жерден екі айға созылатын жәрменке ұйымдастыруды сұрайды. Жәрменкеге бакылау жасау Каркара өзенінен 50-60 шакырым ғана жерге орналаскан Нарынкол учаскесінің бастығына өте ынғайлы. Жоғарыдағыларды жеткізе отырып және 1876 жылғы Занның 558-ші бабына сай, Сіздін жоғары мәртебенізді жәрменке ашуға мейрім етеді деп сенемін. Сіздін жоғары мәртебелі Бас штабыныздың жазбаша хабарлама хатын күтемін» [7]. Жаркентіктердің өтінішін орындаған Дала генерал-губернаторына Омбы казыналык палатасы 1893 жылы 3-ші наурызында төмендегідей мазмұнда жауап берген.

«№2228-ші,11-ші акпанда Каржы министрі кол койған жоғары

[illegible] жеткен, Жетісу облысындағы Каркара [illegible] ашылып жәрменке ашу және онда сауда жасаушыларды [illegible] туралы айтылған, біздер 1-ші наурыз күні [illegible] жәрмеңке ашылып отырмын. Қазыналық палата кеңсесінің жәрмеңке [illegible] жәрмеңке ашуға рұқсат берілген [illegible] қалаған және кімнің алдында өтініш жасауы [illegible] отырғанынан мәлімет алғысы келетінін хабарлаймын» [8]. Осы [illegible] комитетінде Омбы казыналық палатасы Қаржы [illegible] [illegible] және директоры В. Ковалевский бекіткен [illegible] Рахвалов жолдаған хат алады. Онда былай деп жазылады: «Мінистрлер комитетінің ұсынысына орай осы жылғы қаңтардың 29 [illegible] Императорлық ұлы Жетісу облысындағы Каркара өзенінде екі айлық жәрмеңке ашу және онда сауда жасаушыларды баж салығын төлеуден босату туралы шешім шығарды» [9]. Жәрменке ресми түрде 1893 жылы 29 наурызда ашылып, жұмыс жасау мезгілі 15 мамыр мен 15 маусым аралығы болды. Кейінгі 15 маусым-15 тамыз аралығына ауысады.

Жетісу облысы әскери губернаторының 1893 жылғы 3-ші тамыздағы Дала генерал-губернаторына жолдаған мәліметінде жәрмеңкеде 171 адамның аты-жөні жазылған тізімі мен 87903 сомның тауары сатылғандығын яғни 17081 сомға, 1368 жылқы, 23224 2329 ірі қара, 69380 сомға 44487 қой, 30346 сомға 13825 пұт жабағы жүн сатылғандығын айтқан .

1897 жылғы мәліметтер бойынша Жетісу облысында ірі төрт жәрмеңке болды. Олар: Нарын-Сергиопол, Атбашы, Алмалы және Қаркара жәрмеңкелері еді. Лепсі уезіндегі Нарын-Сергиопол жәрмеңкесі ресми түрде 1885 жылдың 1 мамырында ашылып, 1 мамыр мен 15 маусым аралығында жұмыс жасады. Орналасқан жері Сергиопол станциасынан 8 шақырымдай жердегі Нарын өзенінің бойы болып, жәрмеңкенің жылдық айналымы шамамен 78 мың сом құрады. Ал, Пржевал уезіндегі Атбашы жәрмеңкесінің ресми жұмыс жасауы 1890 жылдың 12 қазанынан басталды. Жәрмеңкенің жұмыс жасау мезгілі 6-25 шілде аралығында, ал жылдық айналымы 5,2 мың сом дай еді. Қапалу уезіндегі Алмалы жәрмеңкесі осы шамада жұмыс жасады. Жетісудағы ірі жәрмеңке Жаркент уезінің Каркара өзенінің бойына орналасқан Каркара жәрмеңкесі болатын. 1897 жылы Каркара жәрмеңкесінің жылдық айналымы 66253 сомды құрады [10].

1897 жылы Каркара жәрмеңкесінде 66 253 сомның әртүрлі тауарлары сатылды. Олар малмен әртүрлі заттарды айырбас түрінде жүрді. Ташкент пен Верныйға 64 546 қой, 4444 жылқы, 4191 ірі қара, 1718 ешкі

сатылған. Ал, Семеиге 141 түйе терісі, 20819 мерлушек, 490 ешкі, 1621 кой, 314 сиыр, 322 жылкы, 18545 пуд жұн, 145 пуд жылкы қылы, 395 пуд ешкі жүні және т.б. сатылды. Жәрменкеде жүн – 1сом 60 тиын, ешкі жүні – 1 сом 80 тиын, қыл – 5 сом 23 тиын болса; жылкы терісі 2 сом, мерлушка – 20 тиын, елтірі – 4 сом, түйе терісі – 3 сом болды; жылкы – 1 сом 20 тиын, ірі қара 12 сомға дейін, кой 1 сом 50 тиынна 3 сомға дейін болды. Жыл сайынғы жәрменкенің айналымы 500 мың сомды құрапты [11]. Ал, 1908 жылы Каркара жәрменкесінің жылдық айналымы 1 миллион сомды құрады [12].

Жәрменкелерде мал, тері, жүн және т.б. өнімдер сатылатын. Сонымен қатар мал және тері өнімдерін казақ саудагерлері шамалы мөлшерде айырбастайтын. Әсіресе, орыс, еврей саудагерлері қолөнер, темір-терсек заттарды, шай-кант сияқты арзан кол бұйымдарын ішкі казақ ауылдарын аралап жүріп, малға айырбастап, оны кайтадан жәрменкелерге алып келіп, үстемелеп сатып, бірнеше есе пайда табатын. Жетісу аркылы батыс Қытаймен де сауда жүргізілді. 1913 жылғы мәліметтерге караганда Шынжан өлкесінен 8 миллион сомның тауары шығарылып, 12 миллион сомның тауары әкелінген [13].

Жәрменке құрылғаннан бастап, шекаралық аймакта болғандыктан 1915 жылға дейін Ресей империясы Ішкі істер министрлігінін бакылауында болып, одан кейін жер мәселелері жөніндегі министрлік құзырына өтеді. Әу баста мамырдын 15-нен шілденін 15 дейін өтізілетін болып белгіленгенімен кейінірек ол маусымнын 15-нен тамыздын 15-не дейін өзгертілді. Каркара жәрменкесіне келетін саудагерлер келетін калалар географиясынын кенеюімен бірге мұндағы сауда айналымынын көлемі де ұлғая түскен. Мысалы, 1908-1915 жж. Жәрменке өзінін шарыктау шегіне жетіп, осы жылдары саудадан түскен айналым 1 млн. сомды құрады. 1916 жылғы көтерілісте Каркара жәрменкесін жұмысы токтап калды. Көтерілген казактар мен патша әскерлерінін арасында болған кактығыс салдарынан мұндағы казына үйлері мен сауда үйшіктері түгелдей өртеніп кетті. Оның үстіне күші басым отаршылардын тегеурініне төтеп бере алмаған көтерілісшілер Қытай асып кеткендіктен жәрменке орны көпке дейін қаңырап бос тұрды. Тек 1924 жылдың 15 сәуірінде Түркістан Республикасынын экономикалык кенесі Каркара жәрменкесін кайта құру туралы каулы шығарды. Дегенмен бірер жылдар бойы жәрменке онша жандана алмады. Себебі 1916 жылғы көтеріліс, Казан төнкерісі халық шаруашылығын әбден есенгіретіп кеткен еді. Жәрменкенің бұдан әрі жандануы 1928 жылға сәйкес келеді.

Сонымен, XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басындағы Жаркент уезінде Қаркара жәрмеңкесінің қалыптасуы мен дамуы [illegible] дамуына өзіндік ықпал етті. Сол тұстағы [illegible] қарым-қатынастарында Қаркара жәрмеңкесі [illegible]

Қорыта келгенде, Қаркара жәрмеңкесінің тарихын [illegible] істерін анықтап, XIX ғасырдың ортасы – XX ғасыр басындағы тарихымызды тағы бір жаңа қырынан сараладық деп білеміз.

1. Литвинова А.К. К вопросу о формировании национального [illegible] Ученые записки КазГУ – 1957. XXIII. – С.135.
2. Касымбаев Ж.К. Роль городов Восточного Казахстана в развитии [illegible] XIX в. – Изв. АН Каз ССР. – Сер.общ. наук. 1976. №5.
3. Жакупбекова Д.Ж. Торговых промышленных предпринимателей [illegible] XIX вв. (Дисс. к.и.н.). Алматы, 1993.
4. Наумов С.Н. Ярмарочная торговля в системе социально-экономических [illegible] Казахстана. (Дисс. к.и.н.). Алматы, 1996.
5. Ермаханова М.А. Торгово-экономические связи Казахстана со Средней Азией [illegible] XIX-начале XX вв. (Дисс. к.и.н.). Алматы, 2002.
6. КР ОММ. 64-қ., 1-т., 125-іс. 4-п.
7. КР ОММ. 44-қ., 1-т., 45320-іс. 20 п.
8. Сонда. 25 п.
9. Сонда. 30 п.
10. КР ОММ. 44-қ., 1., 48319-іс. 2 п.
11. Обзор Семиреченской области за 1897 год. Верный, 1898. с. 21.
12. Обзор Семиреченской области за 1908 год. Верный, 1910. с. 62.
13. Обзор Семиреченской области за 1913 год. Верный, 1915. с.72.

РАХИМОВА К.Л.
Р.Б.Сүлейменов ат. Шығыстану институтының ізденушісі
(Алматы қ.)

ТАРИХШЫ МҰХАММАД-САЛИХ ҚОЖАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Бүгінде егеменді еліміздің тарихы қайта жазылып, ғасырлар қатпарында қалып кеткен талай оқиғалар мен тарихи тұлғалар бейнесі қайта қалпына келтірілуде. Осындай тарихымыз қайта түлеп, түрлі дереккөздер арқылы тарихи үдерістерді жаңғыртып жатқан кезде, Отан тарихының көне қазан көмбесінде жабулы жатқан тарихи оқиғалары жайлы құнды деректер мен мәліметтері мол, көлемді туындының бірі «Тарих-и жадида-йи Ташканд» шығармасы. Оның авторы Мұхаммад-Салих қожа Ташканди.

Қазақ тарихшыларының ішінде алғашқылардың бірі болып бұл шығармаға тоқталып біраз аудармалар жасаған ғалым Ж. Төлебаева болды. Өзінің ғылыми зерттеу жұмысында, XIX ғасырдағы парсы тілінде жазылған тарихи жылнамалар қатарында қарастырды[1]. Сондай-ақ, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында осы туындыдан бір қатар аудармалар жасап, «Қазақ тарихы туралы парсы деректемелері» атты жинақтарын шығарды. Дегенмен де, бұл тарихшы есімі қазақ жұртшылығына бірнама белгілі болып келгендіктен онын өмірі мен шығармашылығына кеңірек тоқталуды жөн санаймыз.

Автордың толық аты-жөні Мұхаммад-Салих Рахмат кожа ұлы (Кара кожа) Ташканди. Уллиса, осы күнгі мәлім зерттеулерде Мұхаммад-Салих дамулла Рахим Кара-ходжа ұлы деп беріледі. Солардың бірқатарын салыстырып өтсек, Ч.Стори «Дамулла Мухаммад-Салих-хаджа Ташкандиның Дамулла Рахим-хаджа б Мулла Абд ар-Рахим-хаджа» [2] деп жазса, олардың аталмалары деректері бойынша бірде «атасының аты Абдурахим кожа, ал әкесінің аты домла Рахим Каракожа... яғни Мухаммад Солих Рахим Кара кожа ұлы », деп берсе [3], келесі бірі былайша жазады: «Мухаммад Солихходжа домла Рахмат кожа ұлы. Атасы мулла Мухаммад Рахим ходжа, өз әкесі домла Рахмат кожа (лакаб аты Кара ходжа)»[4]. Белгілі тарихшы Т. Бейсембиев «Мухаммад Салихтың әкесі Мулла Рахмат (Кара-хаджа)» [5,120-21 беттер] деп көрсетеді. Енді біз колжазбадағы автордың өз сөздеріне көз жүгіртейік: «Ардакты атамыз хазрат Шейх Хованди Тахур әулетінен шыккан «сейд» кожалар ұрпағы дамулла Кара Рахим кожа Ишан Карабоғдиги » [6] десе, әкесі жайлы жазған тұсында: «Мулла Рахмат Кара кожадан екі ұл дүниеге келді, бірі дамулла Мұхаммад Али Кожа (лакабы дамулла Ишан кожа), екіншісі «Тарих-и жадида-йи Ташканд» пен осы насап-нама авторы дамулла Мұхаммад Салих кожа» [6,452 бет] деп береді. Автордың тек аты ғана емес, туған жылында да кайшылыктар кездеседі, ғалымдар Ч. Стори, У. Султанов т.б. 1830-31 жылдар арасында дүниеге келді десе, екінші ғалымдар А. Уринбаев, О. Буриев «Автор 1830 жылы туылды, – дей келе былай деп жазады: «шығарманың соңғы бөлімінде атасынан дәріс алған жылдарын 1249 х. жыл деп (1833-1834) 365 парак шетіне көрсеткен, бұған карағанда автордын туған жылы 1830-дан ертерек болуы керек» дейді. Ал, Т. Бейсембиев «Шығарма авторы 1248/1832-33 ж. дүниеге келді, деп көрсетіп автордын өз шығармасына сілтеме береді» [5,120 Б]. Біздің де ойымыз осы токтамға саяды. Өйткені біздің колымыздағы колжазба көшірмесі №11072,11073 (581-83беттерде) мен №7791 колжазбадағы мәліметтерге жүгінсек автор 1255/1839-40

[illegible] ағасы әкесі оған діни сауатын ашып, оқу үйреткенде жасым 7 де [illegible]», деп жазады[6,578 бет].

Сонымен автор 1248/1832-33 ж. Ташкентте Қарегди (қожажабада Карабогди, қазіргі «Санаат сарай» маңында) махалласында, Шейх Омар Бағистани әулетінің ұрпақтарының, оқыған [illegible] отбасында дүниеге келеді. Ал қашан қайтыс болғаны белгісіз. Бірақ шығармадағы [illegible] оқиғаларға қарағанда 1890 жылдарда ол әлі тірі болғанын көреміз.

«Мұхаммад-Салих шығармада атасы Мулла Рахим-ходжа жалғыжазған тұстарында оның насаб-номасы Шайх Хованди Тахурға барып ұласатынын, оның оқымысты кісі болғанын, Ташкенттегі Қиыт махалласында, Бекмұхаммад бидің мешітінде имам болып қызмет еткенін және сонда шәкірттерге дәріс бергенін айтады. Ал әкесі Мулла Рахмат Кара кожанын да оқыған діндар адам екенін мактанышпен баяндап, «сирек кездесетін ғулама» «дәуір мұғалімі еді» деп еске алады [6,453]. Сонымен Мұхаммад-Салих өздерінің болмыс-бітімімен, әдет-ғұрпымен дараланған [illegible]никалық топтардың бірі – кожалар әулетінен шыккан. Мұхаммад-Салихтың айтуынша, атасы өздерінің Ташкенттің беделді Шейх Хованди Тахур әулетінен екендігін дәлелдейтін құжатты Қоқан ханы Алимханның казыханасында 871/1466-1866 ж. мөрлетіп, бекіттіріп алған екен. Бұл әулет «Тарих-и жадида-йи Ташканд» туындысында жазылғандай арғы тектері Омар ибн ал-Хаттаб (6242-644) халиф ұрпақтарынан тарап, 26-ұрпақта шейх Хованди Тахур, Ходжа Ахрор Валий (1404-1490), ал 30-ұрпақтары Шейх Ибрахимнан Қожа Ахмет Яссауи мен ұштасады екен (1040-1167) [6,541-48]. Себебі Шейх Ибраһим Қожа Бағистанидің қарындасына үйленген еді. Сонымен қатар Мұхаммад-Салих анасы жағынан (Абылай сұлтан әулетінен тараған Сыдықтөре Кенесары ұлы, Рустемтөре Спандияр ұлы, Көккөзтөре ұлы Хан төре) қазақ сұлтандарымен де туысатындығын баяндаған, деп көрсетеді ғалым Y. Султанов [3.18].

Кітапта бұл әулеттің барлық ер азаматтары құрметті «шейх» шеніне не болғанын және олардың кейбірі тіпті Ташкенттің қоғамдық-саяси өмірінде ерекше рөл аткарғанын жазады. Мұхаммад-Салих кожа Ташканди өз заманының жанжақты білім алған ірі тарихшысы болған. Ол тек тарихшы ғана емес, жағрафия, әдебиет, медицина, фармакология (дәрумендік) ғылымдарын терең меңгерген ғалым адам. Мұхаммад-Салих кожа Ташкандидің өмірі мен қызметі жайлы мағлұмат беретін негізгі дерккөз - оның айтулы туындысы «Тарих-и жадида-йи Ташканд».

Мұхаммад Салихтың жеке өмірі жайлы өз кітабынан басқа еш жерде дерек жоқ болғандықтан, бізге оның өзінің насыпнамасында атап өткен

ұлы Карамат хожа, ағасы Мұхаммад али кожа (лакаб аты Ишан кожа) екеуінен басқа жандар белгісіз. [6,581,825]

Алғашқы сауат ашу сабақтарын, яғни бастауыш білімді, сонымен бірге арабша тіл және әдеп дәрісін 1255/1839-1840 ж. атасы мулла Рахим кожадан алады. Алайда атасы 1847 жылы Ташкентте таралған оба ауруынан көз жұмады. Одан арғы білімін 1255-/1840 -1265/1848ж. ол басқа мұғалімдерден және Ташкенттегі Ишанқұлы дадханын, Лашкар Бекзадесінің, Ходжа Ахрордың медреселерінде жалғастырады. 1849-1850 жылдарда ол Қоканға барады және бір ай Азимбай медресесінде Кази Рахим Джан Ташканди мен Дамулла Файз ахунд Шахрисабзиден дәріс алады. 1853-1854 жылдарда алты ай Наманганда сол дәуірдің беделді адамы Ишан Бакаходжанын муриді болады [5, 120 б.].

Осы кезде ол сопылық ағым «накшбанд» өкілдерімен жақын танысады. Накышбанд ағымының көрнекті өкілі Муен Бузуркпен бірнеше рет кездесіп сұхбаттасады. Сонымен катар ол осы кезеңде Ош жеріндегі Сүлейман тағына және Ферғана жазығында, Марғиландағы әулиелі жерлерге зиарат қылып кайтады. 1856 жылы Бұхараға барып Кукладаш медресесінде дәріс алады. Өз білімін жетілдіруде заманының озык діндарлары Мулла Ходжа, Султан Ходжа, Яхс Ходжа Мүфтий және басқалардан білім алады. Ол сонымен катар, білім іздеп ежелгі калалар Шахрисабз, Самарканд, Каршиға сапар шегеді. 1863 жылы білім алуды тәмәмдаған Мұхаммад-Салих Ташкентке кайта оралады. Ташкенттегі атасы имамдык еткен Бекмұхаммадби мешітінде атасының ісін жалғастырып имамдык етеді. Сол дәуірдегі замана тарихын жетік біліп кана коймай, өзі де – Абу Тахир-кожанын «Самария» шығармасы секілді Ташкент және оның тарихы жайлы үлкен шығарма жазуды арман етеді. Дәл осы жылдары ол өзінін туындысы «Тарих-и джадида-йи Ташканд» шығармасын жаза бастайды. Шығарманы жазуға автор 25 жыл өмірін арнаған екен, нақтырак айсак 1279/1863ж. зу-л-хиджжа айынан (май айынын соны) бастап, 1307/ 1887-1888 жылдары аяктап шығады. Тарихты сыдырта айтып сыр шертетін тарихнамашылдык дәстүрді жіті менгерген ол, өз туындысында сол дәстүрді жалғастырады.

Мұхаммад-Салих өз заманына терен білімді, ой өрісі кен адам болған. Оның география, медицина, фармакология жайлы білімінін терендігін біз шығармасындағы жер-су, елді мекендерді суреттеуімен катар, сол жерлердегі дәрілік өсімдіктер, түрлі емдік шараларды баяндауынан көре аламыз. Өзбекстанның Абу Райхан Бируни атындағы Шығыстану институтының кызметкері А. Насыров «Ташкенттің ғалымдары мен акындары» деген еңбегінде былай деп жазады: «Мұхаммад Салих парсы

тілі мен әдебиетін жақсы көрген, математика, астрономия, тарихты жетік білді және Мауреннахр тарихына [illegible] шеберлердің несі болды» [7]. Сонымен қатар Мұхаммад-Салихтың парсы ақындары Сағди Ширази, Жалал ад-дин Руми, Абдурахман Жами, Алишер Навои т.б. туындыларын сүйіп оқығандығын және олардан [illegible] өлең жазғандығын, әдебиетке деген құштарлығын осы шығармалар [illegible] өлең жолдары дәлелдейді. Бұл оны тағы бір жаңа қырынан көрсетеді.

Мұхаммад-Салихтың үлкен мұрасы «Тарих-и жаңа-ин Ташкент» туындысы Ортаазиялық парсы тілінде жазылған, сол [illegible] туралы. Оның бізге мәлім үш нұсқасы бар, олар Өзбекстан Ғылым Академиясы Шығыстану институтының қолжазбалар корындасақталған. Шығармаының алғашқы томы сол кезеңде қалыптасқан шығыс тарихшыларының шежіре дәстүрінде жазылған, яғни бүгінгі ғылымда компилятивтік деп саналады. Алайда орта ғасырлық жазба әдебиетте «компиляция» деген ұғым болмағандығы бәрімізге аян. Сол кездегі авторлардың жазған еңбектеріндегі ғылыми жетістіктердің барлығы мұсылман қауымына ортақ дүние болып есептелді. Ғылымға құштар әрбір адам ол еңбектерден қалағанынша пайдалана алды. Осындай тәсілмен небір ғажайып өнер туындылары дүниеге келді. Бұл дәстүр, әрбір тарихшыға өзіне дейінгі тарихи шығармаларды, тегінде тарихты жақсы білудің, ол жазылған дүниені өз кезегінде жаңа оқиғаларымен толықтыру қажеттігін тудырды. Осылайша, бабалар мұрасы ғасырлар шыңын аттап өтіп бізге жетіп отырды. Сондай тамаша туындының бірі Мұхаммад-Салих еңбегі болып саналады. Аталмыш бірінші том, сол тарихнамалық дәстүрді жалғастырып өзне дейінгі көптеген тарихи шығармалардағы Адам атадан бергі тарихты қамтиды.

Ал екінші томы үш тараудан тұрады, алғашқысы «жаннат мекен Ферғана» тарихына және онда билік еткен сұлтандар хақында (пп. 297б-360б), екінші тарауы Ташкент, Ферғана, Бұхара тарихына (пп. 361а-870а), үшінші тарауы Ташкент және Ташкент велоятының тарихи топографиясы мен климаты, табиғаты, ауыл шаруашылығы, қала тұрғындарының және қала төңірегіндегі халықтың өмірін, кәсібін суреттеуге арналған (пп. 873а-1040б). Оның мынадай тізімдері бізге белгілі [5, С 120-121.]:

1) № 7791, 1040 пп., автордың өз қолжазбасы;

2) № 11702, 302пп., екінші томның бірінші тарауы және екінші тарауының жартысы;

3) № 11703, 294пп., екінші томның екінші тарауының екінші жартысы және үшінші тарауының барлығы:

4) № 5732/I, 192пп., 1940, екінші томнын бірінші тарауы және екінші тарау ның бірінші жартысы (Nasyrov Abdulla).

5) № 5732/II, 209пп., 1940, алдыңғы тізімнін жалғасы (Nasyrov Abdulla)

Десек те, Мұхаммад-Салихтын бұл туындысын осы күнге дейін Қазақ тарихының дереккөзі ретінде тікелей зерттеушілер аз, онын есесіне оны түрлі аспектіде жалпы такырыптардың катарында карастырған зерттеушілер баршылык. Шығыстанушылардын бірнеше буыны назар аударып, біршама ғылыми зерттеулерде пайдаланғанымен шығарма толык әрі тыңғылыкты зерттелген жок. Әр кезде әр тарихшы өзіне кажетті нәрселерді үзік-үзік аударып өз жұмыстарында пайдаланғаны болмаса, шығарма әлі күнге толығымен деректанулык, сонын ішінде Қазакстан тарихына катысты, әсіресе Дешті Қыпшак пен Ташкен иелігіне карасты Онтүстік Казакстан тарихына катысты деректер тұрғысынан жан-жакты талдаудан өтпеген. Біздін максатымыз – осы тұрғыда зерттеу жүргізу. Демек, мұндай қайталанбас тарихи туындыларға деректанулык талдау жасауға арналған зерттеу казіргі таңдағы Казакстан тарихындағы өзекті мәселелердін бірі болып отыр. Өйткені бұл шығармадағы Казакстан тарихы жайлы деректер еліміздің тарихын тануға, тарихтағы «актаңдактарды» жоюға комакты үлес косары анык.

1. Жанбасбаева Ж.М. Персоязычные источники по истории взаимоотношений казахов с соседними народами в XVIII-первой половине XIX века. Дисс. ... д.и.н. – Ташкент 1991

2. Стори Ч.А. Персидская литература. – Москва, 1972. – С. 1199-1200

3. Ураимбоев А., Бурнев О. Ташкент Мухаммад Солих таснифоти. – Ташкент, 1983. – 7 б

4. Султанов У. Мухаммад Солиххужа ва унинг «Тарихи ожаншоиён Тошканд» асари. – Ташкент 2007. – 13-17 бб

5. Бейсембиев Т. Кокандская историография. Исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков. – Алматы, 2009. – 120-121 бб.

6. Мухаммад Солих Тошканди. Тарихи ожаншоиён Тошканд. – №11073. – 429-430 бб

7. Султанов У. Мухаммад Солиххужа Тошканди хаети ва ижоди. – MOZIYDAN SAFO. – 4. 28.2005 – Ташкент. – С. 34.

СЕКЦИЯ № 1

ЭТНОЛОГИЯ, ЭТНОГРАФИЯ

ІОҚТАБАЙ А.
ҰҒА-ның [illegible] институты
Тарих және [illegible] институты
т.ғ.к., доцент (Алматы қ.)

ШОҚАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАЙЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Қазақ байларының малдарының санын және қоғамдағы алатын орны мен рөлін дәлме-дәл көрсеткен бірден-бір зерттеуші Ш. Уәлиханов. Шоканның деректері ауызша тарихтың мәліметтерімен де сәйкес келеді. Себебі Шоқан бұл байлармен замандас, әкесі Шыңғыс істес, аралас-құралас болды. Шоканның жазуынша арғын ішіндегі қуандық Сапақ байда 18 мың, каржас Азнабайда 25 мың жылқы болған. [1, 31, 91бб.] Байлар ғасырлар бойы жылқының санын көбейтіп қана қоймай асылдандырып, жаңа тұқымдар алып, әскерді жорық аттарымен, елді ат майымен, соғыммен, мейрамдарды азық-түлікпен қамтамасыз еткен байлардың рөлі ерекше. Көшпенділер қоғамында бай тек қана есепсіз байлықтың иесі емес. «Бай» терминінің мәнін дұрыс көрсете білген түркі-моңғол халықтары тарихының білгірі Л.П. Потапов: «Бай» сөзін этнографтар «богатый» деп аударып жүр... бұл қанағаттанарлық балама емес. «бай» әлеуметтік ұғымнан жоғары құдіреттілік мағынада», – деген. [2, 236 б.]

«Бай» сөзінің мағынасын анық ашып көрсеткен И. Хантинский: «... Қазақ тілінде «жақсы және «бай» ұғымдары мәндес. Сондықтан цивилизация әкелген өмірдің материалдық (байлық А.Т.) және адамгершілік, парасаттылық арасындағы бөлініс қазаққа түсініксіз. Ол сансыз көп малға ие болса, оның өмірі жан-жақты рухани толысқан болу керек», – дейді. «Бай – елдің ырысы», «Байда болса – елінде де бар», «Бай қашанда шіркін бай ғой». – деп айтылған сөздер сол байдан жақсылық көрген, көмек алған адамдардың сөзі. Қазақ қоғамының негізгі тірегі ру десек, ру болу үшін елді ұстайтын би, жерін қорғайтын батыры, елін бағатын байы болу керек. Байдың аткаратын міндетінің өзі елді басқаратын биден, елді, жерді корғайтын батырдан кем болмаған. Себебі,

отыс-кеспемен кеткенмен зейнетақы қоры жоқ, рудың кедей-кепшігін, кемтар-кемшілдерін бай одаққан, бәрі байдың қолына қараған. Саран Шыкбермес Шыныолінар, Карынбайлар сасық байлар әрине болған, оларды халық бай деп есептемеген. Қазақ орыска бодан болғанда, хандар, билер заманы кетіп кетті, бәрі өзгерді, паракорлар, өз халқын тонаған байлар шықты. Кошпелі пісір қоғамында таптық, антогонистік өшпенділік болған емес. Қазақтың кең даласында мал да, жайылым да жеткілікті болатын. Халық өлеңінде.

Қазағым қыстайтын еді қырға барып,
Қолденең шыныраулы шынға барып.
Жарлымын деп айтушы еді жүз қой бітсе,
Қой, жылқы толық болса мынға барып.

Белгісіз акыннын осы өлең жолдарын казак жерінде ұзак жылдар басшы кызметте істеген орыс чиновнигі Гейнс те растайды. «Шынында бұрын мың койы, жүз жылкысы бар казакты кедей санайтын, бұрындағы койы мен жылкысынын көлеміне сан жетпейтін адамдар казір аз калды деп айтады». [4. 151 б.] А.К. Гейнс бұл әнгімені XIX ғасырдын аяғында жазады. XVIII ғасырдын ортасынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі бейбітшіл заманда мал басы казак жерінде үстемелеп өскен, малдың сыймағанынан казактар батыста Астрахань, Орынбор мен Ор, Новосібір, Қорғаннын бос жерлеріне келе бастады, патша әкімшілігінен рұқсат алып, аренда акысын толеп шекаранын ар жағына өтіп, малын бакты. Шығыста Алтай, Тарбағатай, Іле аймактарын толық иеленіп Гансу, Баркөл провинцияларына дейін жетті. Көне түркілер, кыпшактар заманында байлардың жылкысы орасан көп болып, бейнелеп айтсак астрономиялык сандарға жеткен. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында:

Карабайдың токсан мын жылкысы бар,
Сексен үш жаска келген сол күнінде.

Казір «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосынын пайда болғанына 1500 жыл деп есептесек, көне түркі заманында Алтай мен Дунай арасын емін-еркін көшіп жүрген дала шонжарларында жылкынын орасан көп болғанын көреміз. XIX ғасырдын өзінде казак байларында жылкы саны мыңдап емес, он мыңдап саналған.

Сұрасан руымды Куандык-ты,
Баска елге көрсетіпті жуандыкты,
Аккошкар, Сайдалынын заманында,

Бір көлден кырык мын жылкы суарыпты, – деп өз елінін байлығын акын Құлтума Өтемісұлы мактаныш етеді.

Жылкылы байлар жайында деректер ел аузындағы аныз болып

[illegible]. Әрине ауызекі әңгімелерде жылқы [illegible] [illegible].

Сондыктан біз жазба деректер мен ауызша [illegible] салыстырдык. «... Бай қазақтардың қолында бес [illegible] мыңнан жылқылары бар. Мұндай байлар тіпті өзінің [illegible] санын білмейді», – деп жазады И. Фальк. [5, 221 б.] Орта ордада (Орта жүзде А.Т.) жылкы табындары он мыңнан асатын адамдар бар» – деп көрсетеді И. Георги. [5, 228 б.]

Орта жүздегі жиырма мың жылкысы бар алшындар [illegible] баяндайды [6, 31 б.]. Демек, XVIII ғасырдағы орыс деректері [illegible] ауызекі мәліметтерінің шындығын дәлелдей түседі. Қазақ [illegible] көптігі жайында хабар шетелдерге де жеткен. Француз ғалымы Гуттен-Чапский: «Қазақтардың жылқы табындары ғаламат үлкен, бай иеліктерінде 8000–10000 баска дейін болады, кедейлерінің өзінде 20-дан кем болмайды». [7, 124 б.]

Орыс зерттеушісі Сапактың 10 мың жылкысының үстінде толып жатқан түйелері және баска малдары бар, 100-дей малшылары бағады, бай көшкенде 150 түйеге жүк артады. Сапақтың жылкылары шоқтығы биік, тұрпаты ұзын, бәдені сұлу. Ол өзі ақыл-парасатты, барымтаға ешқашан катыспайды, сондыктан тыныш өмір сүреді. Қуандық Алда мен Жұман атты байларда бір деректерде 23 мың жылқы бар. Жанақ ақын Түбекпен айтысқанда:

Алтай-Қарпық байым бар Алда – Жұман,
Тап өзінің жылқысы жиырма үш мың.

Нүркен бай өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болған, XIX ғасырдың бірінші жартысында-ақ қажылыққа барған. Қазақтың сонау ортағасырларда Дешті-қыпшақ даласынан Құлынды даласына жылкыларын айдап апарып кыстатып, құлындатып келетін дәстүріне сәйкес Батыс-Сібір губернаторлығынан 11 мың десятина жерді Ертістің оң жағалауынан (Құлынды даласы) жалға алып, жылқысын аман-есен кыстатып, құлындатып әкеледі екен.

Әр жақта аты шыққан Нүркен бай,
Ішеді алтын аяк, аққұйрық шай.
Байлығы алты Алаштан асып кеткен,
Құлындайды жылында жеті жүз тай.

XIX ғасырдың аяғында Ресеймен шекаралас Орал, Торғай, Ақмола облыстарында орыстың көпестері мен ауқатты адамдары табынды жылқы шаруашылығымен шұғылдана бастаған. 1890 жылдары Орал облысында 7539 бас биесі бар 59 жылқы табыны болған. Бұлардың

бар болғы қазақ жылқыларын өсірді. Табынды жылқы шаруашылығының [illegible] жете білген жайық орыс-казагі П. Овчинников балаларымен бірге [illegible], қулыларын есептемегенде жылқы санын 2500 басқа жеткізген [illegible] 90 ағыр-үйірге бөлген. П. Овчинниковтың жылқы бағуын сырлап қаныққаны соншалық, казак байларындай әр табынды түске бөліп бақтырған. Құла табын, торы табын, т.б. бірін-бірінеараластырмаған. Орыс байларының жылқышысы болған 102 жастағы Оспанов Арыстанғалидың айтуынша П. Овчинниковтың жылқы бағу әдісі, казактікінен айнымаған жүргізген казак кедейлері орыс байының жылқысын бағып, биесін сауып шаруасын жүргізген. Петр Овчинников өз отбасында тек кана жылқы мен көп сүйіп жеп, жыл он екі ай қымыз ішкен.

Зайсан-Шілікті аймағында В. Сорокин деген бай жылқысын 12 мыңға жеткізген деген сөз бар. П. Овчинников пен В. Сорокиннің жылыкы санын үлкен көлемде ұстап, табынды жылыкы шаруашылығымен шұғылдануы казактың жылыкы мәдениетінін басқа халыкка әсерін және өміршеңдігін көрсетеді.

Астрахань, Орынбор, Сібір казактарының атты әскерлері барлығы дерлік казак жылкыларын мініске пайдаланған. Орал казак әскерінде Россиянын басқа казак әскерлеріне карағанда жылкынын көп болуы олардың алдымен казак жылкыларын өсіріп, табынды жылкы шаруашылығымен шұғылдануында болса керек. 1864 жылы Сібір казак әскерлерінін карауында ғана казакы тұкымды 3178 айғыр 22 826 биє бағылды.

Орыс халкы өмір бойы он-он бестен, ары кетсе жүз жылкыға дейін аткорада (конюшня) өсірген, табынды жылкы шаруашылығының аркасында жылкы санын мыңдаған басқа жеткізуге болатынын түсіне білді, онын үстіне кыска карай жемшөп дайындап, жұттан сактады. Біз көбінесе басқа халыктардын казак халкына тигізген әсері жайында айтуға әуеспіз. Қазак халкының ғасырлар бойы жинактаған жылкы өсіру тәсілдерін орыстардың пайдалануын, казак халкынын тікелей әсері деп бағалау керек.

Бүкіл казак жеріндегі жылкынын басқа малдармен салыстырғандағы үлес салмағы 13,5 %, жылкынын Акмола облысы бойынша үлес салмағы 28 %, одан соң Семей 19,4 % , Торғай 17 %, Жетісу 10,7 %, Орал 8,9 %, Сырдария 6,9 %. Акмола облысы бойынша әрбір үш малдын біреуі жылкы, себебі ежелден Арка жылкымен данкы шыккан, «Жылкыны мыңдап өсірген, Арканын нулы жері екен», демей ме казак. Сонымен катар статистикалык мәліметтерде, сиыр кейде түйе кедейлер мен орташалардікі, ал жылкы аукатты байлардын колында болғаны анык

байқалады. Қазақ қоғамында ежелден ешкі келейінің малы деп есептеледі. «Келеі ешкі жияр, ешкімен есін жияр», дейді халық даналығы.

Торғ түлік малдың қазақ жеріндегі өсіп-өніп дамуына келесі Орталық, Оңтүстік, Солтүстік-Батыс және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда жылқы мен ірі қара өсірілгені, Ресей құрған мал базарларының жақындығы ауа райының әсіресе қыс мезгіліндегі қатаңдығы әсер етті. Батыс, Оңтүстік-Батыс, Жетісу және Оңтүстік Қазақстанның табиғат жағдайы қой мен түйе түлігіне қолайлы болды. Мұның ішінде қазақ жерінің тарихи аймақтарының өзінде мал өсірудің ерекшеліктері бар. Мысалы, Маңғыстауда «үш түлік» десе, Баян Өлгий аймағында (МХР) «бес түлік» деп атайды. Тарбағатай аймағында (ҚХР) – қой, Іле аймағында (ҚХР) – қой мен жылқы, Алтай аймағында (ҚХР) – жылқы мен сиыр. Іабеан қаланшұнқырында қой басымырақ.

Ертеден жылқылар отаны – Арка жылқылы байларымен, Жетісу қойлы байларымен, Үшқиян түйелі байларымен атағы шыққан. Сол себепті халық:

«Аркаға барсаң жылқышымын деме,

Жетісуға барсаң қойшымын деме,

Үшқиянға (Еділ, Жайық, Маңғыстау) барсаң түйекешпін деме», – деп тоқ айтқан.

Жылқы санының көбеюіне, жалпы мал шаруашылығының дамуына ауық-ауық болып тұратын жұт – нағыз апат болды. Алдымен малдарын басқа жаққа айдап әкетуге мүмкіншілігі болмаған келеі және орта шаруалар көп зардап шекті.

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы, 1985

2. Потапов Л.П. Сакральное значение слово «богатый» в Алтая– Саянских тюркских языках (по топографическим материалам) // TURCOLOGICA. 1986. К восьмидесятилетию академика А.Н. Кононова. Л. 1986. - С. 164–178.

3. [ЖК. 1903.№ 7. Пб.] [79 Пб.]

4. Гейне А.К. Собрание литературных трудов – Спб., 1897. –Т.I. – 589 с.

5. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под рео. проф. Асфендиярова С.А. и проф. Гроте П.А. – Изд. 2. – Алматы, 1997. – сб. I. Конец XVIII в. – XVIII в. – 350 с.

5. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Соч. П.Н. Рычкова 1762. – Оренбург, 1887. – 405 с.

6. Граф Гуттен-Чапский История лошади. Журнал Коннозаводства - 1895. - №5-6

ОРАЗБЕК Н.
младший научный сотрудник
Института истории и этнологии
им. Ч.Ч.Валиханова (г. Алматы)

СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ АУЛ: ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ И ЭТНОСОЦИАЛЬНЫЕ ПРОЦЕССЫ
(к постановке проблемы)

Целью данного научного Проекта должна стать пионерская, новаторская, первопроходческая разработка общих и частных проблем исторического, историко-культурного, этнокультурного и этносоциального развития, в динамике, современного казахского аула, концептуальное обобщение (в русле новых научных парадигм) накопленных фактических и аналитических материалов. Главный упор на всестороннее, комплексное, системное (с опорой на стационарные полевые экспедиции) историко-этнолого-культурологическое изучение уникального своеобразия развития казахского аула (в начале XX-го века представлявшего собой классический кочевнический полукочевнический тип этносоциума, пережившего антигуманные, тотальные по своей природе социально-экономико-культурные эксцессы советского периода, переживающего жесткие трансформационные процессы в историческом настоящем).

Следующие основные задачи ждут своего решения:

– изучение всего круга научно-библиографических источников, периодики;

– проведение, как минимум, нескольких комплексных, стационарных (сроком не менее одного месяца) полевых этнографических исследований для исследования новейшего «среза» казахско-аульной действительности, ибо темп динамики развития Казахстана, всех параметров развития казахстанского общества и казахского этносоциума очень и очень высок, а посткочевническая казахская этническая культура с одной стороны столь хрупка и уязвима, а с другой – (на наш взгляд) далеко не исчерпала своей чарующей пассионарности, гибкости и способности к творческой адаптации, эволюции и прогрессу.

– научные командировки в библиотеки и научные центры России, страны «дальнего» зарубежья;

– сбор различных сведений в госучреждениях разного ранга;

– систематизация и аналитическое обобщение собранных материалов

итоговая научная монография) по различным аспектам темы Проекта (а также сопутствующие поэтапные статьи, тексты выступлений в СМИ).

Основным итогом предлагаемого Проекта должна быть подготовка обобщающего (первого в казахстанской историографии) труда по современным этнокультурным и этносоциальным процессам в казахском ауле (в объеме 20–30 п.л.), который носил бы фундаментальный, теоретико-концептуальный, научно-справочный, а также познавательный характер. Необходимость подготовки подобной научной монографии достаточно очевидна, актуальна и, безусловно, будет востребована самыми широкими слоями интегрирующегося народа Республики Казахстан. Обнародование материалов нашего исследования предполагается осуществить и в форме статей проблемно-теоретического и научно-популярного характера, введения новых данных и материалов в энциклопедические издания республиканского масштаба, возможно, написания учебника, а также в форме брошюр, буклетов, альбомов.

В настоящее время Казахстан переживает сложнейший, насыщенный, противоречивый этап своего развития. Очевидны наши успехи в экономике, политической и социальной сферах.

Важно помнить, что среди основных составляющих успешного динамичного развития какой-либо страны (как-то: географические, геоэкономические, геополитические факторы, природные ресурсы, интеллектуально-технический и научный потенциал, межгосударственная кооперация в различных сферах, развитие банковско-финансовой сферы, инвестиционный климат и т.д., и т.п.) – наиважнейшим компонентом является человеческий фактор (одухотворяющий и стимулирующий сам процесс поступательного, позитивного движения к гармоничному прогрессу, процветанию...), потенциал позитивных, креативных возможностей народа (всех этносов) населяющего данную страну (представляющего гражданское общество данного государственного образования), уровень диалектического единства процесса развития этнических культур в условиях демократии, цивилизованности и толерантности и процесс интеграции всех страт, всех этнических культур в рамках гражданского общества страны.

Исторический опыт человечества показывает, что наиважнейшим условием поступательного, прогрессивного, динамического движения какой-либо страны вперед – являются такие духовные категории, как мир, согласие, толерантность, добрососедство, открытость, «симфоничность» среди населения гражданского общества, этносов данной страны. Этносы Казахстана должны и в интеллектуально-мировоззренческом аспекте стать

истинными субъектами потока исторического времени, активизировать процесс этносамопознания, осознанно строить свое общее казахстанское будущее.

«Казахский народ является государствообразующим этносом, поэтому он несет ответственность перед другими этносами, а другие этносы должны относиться с пониманием к самовыражению казахской нации» (Н.А. Назарбаев). Но, также, и перед собственно казахским этносом стоит насущная, актуальнейшая проблема «внутри»-этнической консолидации. Микрокосм казахского аула, к сожалению, до сих пор остается «терра-инкогнито» на «ландшафтной» карте историко-этнолого-культурологической казахстаники. (В советское время «в фаворе» были истмат, научный коммунизм, партстроительство и псевдоистория его величества гегемон-пролетариата: по определению, по-моему, Л.Д. Ландау – науки противоестественные).

К сожалению, академическая наука Казахстана в прошлом упускала из поля своих научных интересов данную проблематику (динамика развития казахского аула). К счастью, наступило то время и те возможности, которые, надеемся, откроют новую страницу в летописи исторических наук Казахстана – и предлагаемый научный Проект будет (надеемся) реализован.

В Казахстане об ауле и его проблемах писали и пишут многие, но, в основном, поверхностно (журналисты, так называемые политологи), либо сугубо в узком профессиональном ключе (экономисты, правоведы) и т.п. Концептуально-аналитического исследования проблем современного казахского аула с позиций историка, этнолога, социолога (в англо-саксонском понимании этой профессии, отрасли науки), культуролога, пока в нашей республике не проводилось. Наш проект, мы полагаем, закроет хотя бы часть лакуны.

Этимологиялық мәліметтерден басқа, талдау барысында бізді орыс тілі жүйесіндегі сол лексемалардың сіңу деңгейі мен оның қолданылу белсенділігі қызықтырады. Сондай-ақ кірме сөздердің деривациялық байланыстары зерттелсе және де қазіргі орыс тілінің активті/пассивті сөздік құрамына қатысты тюркизмдердің сипаты анықталса, шығу төркіні түркілік шет тілдік сөздердің семантикалық ерекшеліктері айқындалады.

Қарастырылатын лексика әскери-әкімшілік алаңымен анық сәйкестікке ие болғандықтан, біз оны тақырыптық жіктеліске сәйкес сипаттаймыз.

Әскери қызметке қатысты тұлғалар атауларын төмендегідей бөлуге болады:

1) Әскери қызметпен байланысы бар тұлғалар жиынтығын білдіретін сөздер:

2) Әскери жасақ командирлерін білдіретін сөздер:

1) Әскери қызметтегі жауынгерлерді білдіретін сөздер.

Әскери қызметпен байланысы бар тұлғалар жиынтығын білдіретін сөздерді карастырайық: караул, янычары.

Караул лексемасы Алтын Орда дәуірінде кіріккен [1,536]. Караул орыс сөзінің, оның түркілік нұсқасы qaraul, qarakul, якут. Харабыл < монг. xarakul сөздерінің этимологиясы ғалымдармен толықтай зерттелген [2,141] Қазақша карауыл; күзетші мағынасында. Түркияда kara kol («кара колдар» manus nigra), яғни «янычарлық жасақ», «жазалау отряды» деп түсіндірілді. Сөз құрамы ертаул, есаул сөздерімен бірдей [1, 536.]. Атаулары мен оның дериваттары қазіргі орыс тілі колданысында белсенді (әсіресе әскер дағдыларында): караульник, караульня, караульщик, караульщица жан есімдері, караульный сын есімі, караулить, караулиться, караулка етістіктері.

Янычары лексемасы уāñі čeгі «жана жасақ:» деген түрік терминінен пайда болған. Бірінші сөзі – түрік сөзі, XII-XIII ғасырларда түрікше уаñі деп айтылғаны мәлім. Çeгi- жауынгер: солдат; армия мағынасын береді Çeribaşı- янчар корпусының басшысы.2. Сыған табырының басшысы [4,181; 2, 295]

Әкімшілік және әскер-әкімшілік кызметке катысы бар тұлғалардың атаулары. Аталған топтың лексикасын төмендегідей бөлген кисынды:

1) Жоғары лауазым атаулары;

2) Жоғары сословиелер, жоғары шен (мемлекеттік, әскери-әкімшілік және діни) тұлғаларының атаулары;

3) Орта және төменгі сословие тұлғаларының атаулары;

4) Әкімшілік сәйкестікке ие әлеуметтік және этникалық топтар атаулары.

Жоғары лауазымдардың келесідей атауларын карастырайық: паша, султан, мурза, бег, каган, тархан.

«Жоғары түріктік азаматтық және әскери шені» мағынасындағы паша сөзі Афанасий Никитинде пайда болады. Лексеманың кірмелік сипатында күмән жок: түрікше paša [2,223;4,223]. Бірак парс. Pātaxšā > pādišāh «падишах», «патша» [3, 3 т., 223]. Паша сөзінің шығу тегі әлі дәлелденбеген. Түркілік баш «бас» сөзінен болуы мүмкін. Тарихта б және п дыбыстары өзара алмаскан болуы да мүмкін. А. Заки-Валиди paşa сөзі padişah сөзінен шыкпаған дейді. Кейде paşat деп жазылып, başşa деп дыбысталады. Мысырлык кыпшактар bas сөзіне косылатын šad лауазымын колданды. Ал мамлюктарда šod сөзі «инспектор», «ревизор» мағынасында колданылды. Кыпшак мамлюктары оны ежелде мекен еткен жерлерінен алып келуі мүмкін. Тарихшы Hüsammeddin Efendi Данишментоглу

Шеддин Мухаммед өзінің paşat сөзін «анатолий селжуктарының халифасы» деген мағынада берген дейді, алайда дереккөзін көрсетпеген. Mühessümbaşi пікірінше, paşa лексемасы түркімендік сөйленістерде жасы үлкен ағаға арналып айтылады. Бұл болжам этимологтармен дәлелденбей отыр. Түрікше паша «Осман Империясы кезінде жоғары азаматтық және әскери лауазым» деген мағынаны береді [2.1167]. Қазіргі түрік әскерінде паша сөзінің орнына генерал сөзі қолданылады. Паша лексемасы мысалы мағынасында пайдаланылады: paşa gibi yaşama «пашадай өмір сүру»; paşa kapısı «жоғары порта», «үкіметтік мекеме»; paşa olmak «көп шу», « маужырау (шараптан)»; paşazade «пашаның ұлы» [2.1167].

Қазіргі орыс тілінде экзотизм ретінде қымет етіп, дериваттарға ие емес.

Паша сөзінен туындайтын пашалық сөзі екі мағынаға ие: « пашаның ары немесе лауазымы»; пашаның басқаруындағы әкімшілік аймақ». Түрік тілінен кіріккен. Қазіргі сөздіктер аталмыш экзотизмнің бір ғана мағынасын береді «пашамен басқарылатын аймақ»; дериваттары аталмайды.

Түркі тіліне кіріккен «жоғары билік басшысы», «монарх», «патша» мәніндегі араб сөзі султан түрік тілінен келуі ықтимал [2. 1346.]. Султан, салтан экзотизмдерімен қатар, орыс тілінде бұл сөз «шашақ түріндегі әшекей» мағынасында қолданылады. Едәуір көрнекті султанмен монарх жанындағы адамдардың бас киімдері безендірілген. Қазіргі түрік тілінде sultan сөзі тарих туралы сөз болған кезде қолданылады, ол антропонимияда, фольклорда және әндерде кездеседі.

Орыс тілінде султан сөзі «шығыс монархы» мағынасында сөзжасамда айтарлықтай белсенді қолданылады, мысалы: зат есімдер султанство, султанчик, султанша; сын есімдер султанов, султанский; үстеулер по-султанский.

«Сұлтан билігі», «сұлтан мемлекеті», «басқару» мағынасындағы султанат сөзі салтанат лексемасынан жасалуы мүмкін. Осылайша бұл сөз бастапқы тілдерінде – араб – және түркі тілдерінде дыбысталады. Орыс тіліндегі -ат тұлғасының шығу тегі араб тілінің әйел текті сөздердің көрсеткіші болып табылады. Қазіргі орыс тілінде султанат сөзі «сұлтан басқаратын монархиялық мемлекет» деген мағынада жұмсалады. Тілде сонымен қатар султанатский туынды сын есімі қолданылады.

Мырза лексемасы XIV ғасырдан бері «қазақ аксүйегі», «татарлар мен башқұрттар аксүйектері» деген мағынасымен белгілі [3.12.:8.569] Сөз тат., шағат. мирза (мырза, морза) «князьдық тектің ханзадасы» < парс. Emirzade «әмірдің, билеушінің ұлы» деген мағынадағы сөздерден кіріккен. Мирза

тілінде орыс құжаттарында да қолданылады. XVIII ғасырдан бері мурза сөзі орыс ақсүйектеріне қатысты қолданылды. Түркі тілдерінде мырза, мирза мен мурза (морза) семантикалық жағынан айырмашылықтары бар: бірінші «жалпы», «сауатты адам», «шенеунік», екіншісі – тек «белгілі адам», «ақсүйек» мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде мырза-жоғарғы мәртебелі адамдарға құрмет ретінде пайдаланады. Мысалы: Мырзалар!, Жамбыл мырза.

Қазіргі орыс сөздіктерінде мурза лексемасы историзм ретінде қарастырылады. Даль сөздігі оның бір дериваты - мурзацкий сын есімін атап көрсетеді.

Бег, бек, бей, бий сөздері «князьдық лауазым» мағынасында белгілі. Бұл шағ. bäg, азерб. bäk, түрік. bey, тат. bej тілдерінен келген түркі кірме сөзі [4, 141]. Бей лексемасы – ортағасырлық түрік термині «князь», «феодал». Ол Осман империясында «князь», «ақсүйек», «мырза» мағынасында өмір сүрді, кемалдық дәуірде баска да лауазымдар сиякты алып тасталынды. Енисей-орхон тілінде бег болып дыбысталды [7,107]. Қазіргі түрік тілінде бей сөзі есімнен кейін ілтипатты білдіреді, мысалы: Osman bey «Осман мырза». Г.Ф. Максютова «қазіргі түркі тілдерінде бег сөзінің келесідей мағыналарын табуға болады» дейді: «эксплуататорлар класының өкілі» (көсем, жетекші, вельможа, атакты тек тұлғалары; лауазым – қызметтік шен, жоғары шен; көрнекті, ықпалды, беделді [10, 184-187.]. Яғни бег сөзі түркі халықтарымен ежелден бері қолданылады. Г.Ф. Максютованың берген мәліметіне қарағанда, егер бек сөзі есімнің (Бек-Болат) алдында тұрса әскери қолбасшыны білдіреді, егер есімнің соңынан тіркессе князьды білдіріп, аристократия өкілінің лауазымы болып табылады [9].

Қазіргі орысша сөздіктер лексеманың екі нұсқасын ұсынады: бей және бек. Біріншісі – Таяу және Орталық Шығыстың кейбір мемлекеттеріндегі ұсақ феодалдық билеушілер мен қызметтік тұлғалар лауазымын, екіншісі – осы лауазымға ие тұлға, есімге қосымша атау. Дериваттары жоқ.

Ертедегі орыс киев князьдары тазаруға дейін, аварлар мен хазарлар монархтарының салтымен каган-kağan(hağan,hakan) лауазымын иеленген. Бұл лауазым ежелгі түркілерде VI ғасырда пайда болған. Оған дейін түркілер мен моңғолдардың тәуелсіз монархтары шаньюй- Şanyü атағын иеленген. Түркілік каган бір зерттеушілердің пікірінше кан кан «хандардың ханы» тіркесінің кірігуінен пайда болған, екіншілерінің пікірінше кыт. ке киан «ұлы билеуші» сөзінен шыккан [9,67]. Қайткенде де, каранды Kağan және Kan(Han) хан < кыт. Хиан сөзінен бөліп алуға болмайды. Аталмыш сөздің этимологиясына аз зерттеу арналмады.

Түрік билеушілері тек қана «Каган» лауазымын қолданған. Тойукук кітабынан да осыны көруге болады, тек қана қырғыз билеушілері «Хан»деп қолданған.

Қазіргі таңда каган сөзі мен одан туынды каганат сөзі тек историзмдер ретінде қолданылады.

Тархан сөзі түрлі түркі тілдерінен келген, онда тархан «ханның жақыны», «хан кеңесінің мүшесі»,« лауазымға ие болғаннан кейін тоғызыншы ұрпағына дейін салықтан босатылған» деген мағынаны береді. Түркілерде тархандар ежелгі уақыттардан бері барлық түркі мемлекеттерінде белгілі. Орхон Енесей ескерткерткіш жазуларында tar-kan- bir ünvan; vezir: nazır; tarkanlar деп береді[7]. Яғни, қызметтік шен, жоғары шен; көрнекті, ықпалды, беделді, таркандар мағынасын береді. Тархан сөзінің этимологиясы туралы ортақ қалыптасқан пікір жоқ: тархан < көне түркі тар «көне лауазым» және хан [Рясенен]. < -е tak «ойлау», «талқылау» [4, 19] Тархан сөзінен орыс тілінде тарханный сын есімі пайда болған.

Сонымен қорыта келгенде түркі –түрік сөздері орыс тілінің морфологиялық заңдылықтарына еніп, игерілгені соншалықты, кейбір ғылыми еңбектерінде оларды байырғы орыс сөздері деп қарастырады. Олар орыс тілінің заңдылығына сай септеледі, жіктеледі, көптік жалғауын қабылдайды. Кірме сөздер күрделі сөздер құрамында да бар.

1. В.И. Даль. Толковый словарь живого великорусского языка. – Москва,2006.
2. Turkçe sözlük-1,2 cilt. – TTKBE-Ankara, 1988.
3. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва, 1962.
4. Турецко- русский словарь. - Москва, 19[illegible]
5. орысша- қазақша, қазақша –орысша терминологиялық сөздік. – Алматы, Сөзік, 2004.
6. Hamza Zülfikar. Terim yapma yolları ve sorunları. – Ankara, 1999.
7. Muharrem Ergin. Orhun abideleri. – Istanbul, 1995.
8. Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969.
9. Mustafa Kalkan. Orda ve savaş strateşileri. – Izmir 1995.
10. Г.Х. Максютова. Башкорт хәйләләренән хәрәкәт. – Уфа, 1987.

АРЫПОВА А.К
Алматы техникалық колледжінің
әдебиет пәнінің оқытушысы

ШОКАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ӘДЕБИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

XIX ғасырда ғылым саласына елеулі үлес қосқан ұлт зиялысы, қоғам қайраткері Шокан Уәлихановтың ғылыми зерттеулері мазмұны жағынан бірнеше салаларға аса жақын еңбектер болып табылады. Шоканды тарихшылар тарихшы, филологтар әдебиетші, географтар географшы, этнографтар этнограф ретінде танып, оның зерттеулерін кең ауқымды пайдаланып келеді. Оның мұралары социология, экономика салаларында үлкен сұраныска ие.

Шокан Шыңғысұлы қазақ әдебиеті тарихна елеулі үлес қосты. Ол әрбір ғылыми зерттеулерінде шығыс халықтарының сөз өнері, тілі, әдебиеті салалары жайында байсалды ой-тұжырымдар айта білді. Ғалым әдеби аныз, әңгімелерді, жыр-дастандарды жинаушы ғана емес, оны зерттеуші ретінде танымал.

Белгілі филолог, ғалым Ш. Сәтбаева Шокан Уәлихановтың сөз өнеріне, ауыз әдебиетіне деген ынта-ықыласы мен қызығушылығы бала кезінен басталғанын жазған. Әжесі Айғанымның аныз, әңгімелерін, ертегілерін естіген бала Шоканның он-он бір жасынан ел аузында сақталған тамаша сөз үлгерін жинауға қатысуы, ақын айтыстарын, шешендік сайыстарды көруі ғылымға терең үңілуіне жол ашқан.

Ш.Ш. Уәлиханов қазақ әдебиетін рухани мәдениетіміздің бастауы ретінде көріп, оны Орта Азия халықтарының әдебиетімен салыстыруға тырысты. Ол: «...бүкіл халық аузынан айтылған шығармалар тарихтық, филологиялық және де психологиялық назардан тыс қалмауы керек», - деп жазды [1, 11,19-б.].

Ғалым басқа еңбектері сияқты әдебиет пен тіл мәселесіне арналған еңбектерін де орыс тілінде жазған. Олай жазуының бірден-бір себебі, қазақ әдебиетінін бай мұрасын Европа ғалымдары да оқып, білсе, қазақ әдебиетінің тамаша үлгілерімен жете танысса деген тілектен туындаған.

Шокан еңбектерін терең зерттеген академик Әлікей Хаканұлы Марғұлан оның әдебиет пен тіл саласындағы қалдырған еңбектерін «әдеби мұра» ретінде бағалаған [2, 90-91-бб.].

Шоканды әдебиетші ретінде көрсетуде филолог-ғалымдар М.Әуезов, С. Мұқанов, З. Ахметов, Р. Бердібаев, Х. Сүйіншәлиев, Б. Әбілқасымов

және тағы басқалар еңбектеріне талдау жасап оның ой-тұжырымдарының қазақ әдебиеті тарихы мен тіл саласындағы маңыздылығын айқындап берген.

Жалпы Ш. Уәлихановтың «Қазақ халық поэзиясының түрлері», «Қазақ шежіресі», «Тәңірі», Жоңғария очерктері», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ұлы жүз қазақтарының аңыздар» және тағы басқа очерктерін әдебиет саласына аса қажетті, маңыздылығы зор іргелі зерттеулер деп айтуымызға болады. Шоқан барлық ғылыми еңбектерінде ауыз әдебиет үлгілерін тамаша қолдана білген. Оның ішінде аңыз-әңгімелерін, өлең, жырларды, қиялғажайып ертегілерді, мақал-мәтел, эпостық жырлар, жұмбақ айтыс және музыкалық мұраларды атап өтуге болады

Шоқан Сібір кадет корпусында оқымаған кезінде өзінде әкесімен бірге халық аузында сақталған түрлі әдеби шығармалар, көне аңыз-әңгімелерді естіп, оларды қағаз бетіне түсіруге тырысқан. «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» мен «Ер Көкше» деген халық шығармаларын жазып алып, кадет корпусындағы ұстазы Н.Ф. Костылецкиге берген [3, 22-б.]. Кейін оның бұл жазып алған үлгілерін ғалым И.Н. Березин пайдаланған.

Ш. Уәлиханов тарихи жырлардың шығу тегін терең зерттеген. Мәселен, 1851 жылы ол әкесімен бірге Құсмұрында Жанак акынның айтуы бойынша жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпостық жырын құнды мұра ретінде жоғары бағалаған. Жалпы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасының нұсқалары көп. Ол айтушы түрліше жеткізген. Шоқан бұл жырды толық жинай алмағанына қынжылған. «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген еңбегінде бұл жайында: «Ескі жырдастандарды білетіндердің өзі де аз қалды. Ескі жырларды жинау да қиын, қанша тырысқанымен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын толық жинай алмай-ақ қойдым», - деп жазған [4, 168-б.].

Шоқанның әдеби еңбектері шығыс зерттеушісі И.Н. Березин еңбектеріне байланысты жазбалардан бастау алады. Ол Қазан университетінің профессоры И.Н. Березиннің берген сауалдарына хат арқылы жауап беріп, монғол тарихына, Алтын Орда мәселесіне, Тоқтамысқа қатысты, Едіге, оның Темірланға қашуы туралы қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерінің барлығын айтқан. Бұл хатта Шоқан Алтын орда хандары туралы қыруар тарихи мағлұматтар, әдебиетке қатысты түйіндер берген [5, 21-б.].

Шоқанның іргелі шығармаларының бірі – «Қазақ халық поэзиясының түрлері» еңбегі. Онда ғалым поэзияның дамуы, жырдың сипатын айқындап береді. Жырлардың негізгі мазмұны белгілі бір халық батырларының өмірі

мен қаһармандық іс-әрекеті болып табылатындығын, жырда батырдың өмірі мен ерліктеріне байланысты оқиға қара сөзбен әңгімеленіп келсе [illegible] шығарма кейіпкерлері немесе қаһармандарына арналған. Қазақтың Еркөкше мен Еркосайға арналған екі жырының бірінде, бұл екеуі-балалы екі батыр қыпшақ тайпасынан шыққан [illegible] ерлік деректердің жоқтығын айтады. Жырдың желісі [illegible] тайпасынан экесінің орнына кек алмақ болған Еркосайдың ерлік жолдарына арналған.

Ғибрахим көрсетпеген келесі бір жыр «Орақ батыр» деп аталады. Ғалым бұл жырда Орақ батырдың бастан кешірген тағдырын әңгімелейді. Қарауыл руынан шыққан Орақ батырдың Ресейге жорыққа аттанып, орыстардың қолына түскенін түсіп, абақтыда 10 жыл отырып, содан үйренсіп, бойына-шаланы болып, туған жерге, туыстарына деген сағынышы мен бермей, ақыры елге оралатыны жайында айтылады. Бұл жырдың толық емес, үзік-үзік екендігін, ал жалпы жыр-дастанның толық нұсқасы Кіші жүздің жырауы Нұрымбайдан естігендігін келтірген.

Шокан поэзияның жоқтау өлең, қайым өлең, қара өлені туралы түсініктеме береді. Жылау немесе жоқтауды әйелдер қайтыс болған жақын адамына жанынан суырып салып айтатындығын, қайым өлең сұрақ пен жауаптан құрылатындығын, негізінде тойларда қыз бен жігіттің арасында боалытындығын, қайым өлеңдер жұмбақ, эпиграммалар, әзіл-қақтығыс, тіпті ұятсыз сөздерге дейін кетіп қалатындығын көрсетсе, ал қара өлеңді үйреншікті, төрт шумақты, әр шумағы жеке-жеке ойды білдіретіндігін айтады.

Шокан өлең дегеннің өзі бұған дейін жоқ поэзияның ерекше түрі, қазақ даласына келгеніне 50 жылдан аспаған Қазан мен Тобыл татарларынан келген жаңалыққа жатқызады.

Осы енбегінде Шокан оқымыстылардың түркі тілінен деп жүрген «жігіт» деген сөздің әр елде әртүрлі айтылуымен қатар мағыналары да бөлек екендігін дәлелдеп берген. Оның зерттеуінше, Кавказда, Анатолидағы күрттерде бұл сөз желікпе, азамат, шабандоз деген мағынаны білдірсе, Константинопольда әскери ақыл-айла, атты әскердегі тапқырлыққа қатысты да айтылған. Жігіт сөзі татарлар мен Қазан және Тобыл татарларының арасында айтылмайтындығын да айқындап береді.

Ол жыр-дастандарда «азаматтар», «шоралар» деген сөздердің жиі ұшырасатындығын, азамат деген ерікті, өз билігі өзінде, өз үйі, отбасы бар, еншісі бөлек адамды атайтындығын, «шора» сөзінің баламасы азамат сөзінің баламасы екендігін, жеке, дара деген мағынаны білдіргендіктен азамат сөзінсіз ақ қолданыла беретіндігін, ал «шора азамат» деген

ғана әскери мағынадағы сөз екендігін, бұл екі сөз қосылып орыстың «товарищ», «дружина» деген сөздерінің мағынасын беретіндігін атайды [1, 168-б.].

1856 жылы Ш. Уәлихановтың Хомеитовский басқарған әскери экспедицияға қатысуы оның ғылыми спектрінің одан әрі тереңдеуіне жол ашты. Ол Ыстықкөлге, қырғыз еліне барған кезінде ауыз ертегілермен бірге «Манас» жырының «Көкетайдың ертегісі» деп аталған бөлігін қағазға түсіріп алды. «Манас» жыры ерте заманнан бері түркі халықтарында ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан қызықты жыр, қырғыз халқының айтулы жыры. Шоқан түсіріп алған «Манас» жырының қырғыз мәтіні көп заман ғылымда белгісіз болып келген. Себебі ол жоғалып кетіп, зерттеушілер тек Шоқанның орыс тіліндегі аудармасын ғана пайдаланып келді. «Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасын табуға себепкер болған, белгілі татар ғалымы, Шоқанның замандас досы Х. Фаизхановтың Шоқанға жазған хаттары болды. Бұл хатта Х. Фаизханов Шоқанға «Сіздің дәптерлеріңіздің арасында қазақ ертегілерінен өзгеше «Көкетай хан» ертегісі аса назар аударды. Сіз оны қайдан алдыңыз? Мен осы жайды маған хабарлауыңызды өтінемін» деп жазылған еді.

Шоқанның «Манас» жырынан жазып алған «Көкетайдың ертегісін» қырғызшадан аударған Әлікей Марғұлан болды. Ол осы жыр жете зерттей отырып 1971 жылы «Шоқан және Манас» атты ғылыми зерттеу еңбегін жариялады.

Шоқанның фольклортанудағы сіңірген еңбегін зерттеген ғалым Қ.Б. Алпысбаева Шоқанның «Манас» жырын жазып алған кезінде жырдың тарихи этнографиялық маңызына аса көңіл қойып, оны асықпай отырып ғылыми негізде жазып алуға тырысқандығын, оның әрбір жыр шумақтарына, сөздеріне, кісі, жер аттарына ерекше мән беріп олардың дұрыс жазылуына көңіл бөлгендігін атап өткен [6, 44-б.].

Ш. Уәлихановтың «Манас» жырын жазып алып, жариялауы түркі тілдес әдебиетке қосқан үлкен үлесі болды. Шоқаннан кейін осы «Манас» жырын зерттеушілердің қатары көбейіп, жырдың маңызы әр қырынан зерделенді.

Қырғыз халқының тарихы, салт-дәстүрін зерттеген Шоқан «Қырғыз туралы жазбалары» деген еңбегінде Алатау қырғыздарының тілі мен сөз өнерін де нысанға алған. Ол қазақ тілінің қырғыз тілінен өзгешелігін айқындай отырып, басқа елдермен салыстыруға тырысады. Қырғыздар түркі диалектісінде сөйлейтіндігін, кейбір ориенталистердің ұйғыр тілі негізіне атап бұл тілдің өзі жазба және халықтық болып екі түрге бөлінетіндігін, оның жазба түрінің шағатай тіліне үлкен

ұқсастығы барлығын айта келе, қырғыз тілінде монгол сөздерінің көп кездесетіндігін, қазақтар оны зорға түсінітіндігін көрсетеді. Ғалым кейбір сөздерінің қырғыз тілінде өзінің мағынасына мүлдем қарама-қарсы, басқа ұғымда қолданылатындығын мысал арқылы көрсетеді. Мәселен, ол «комшак» деген сөз түрегелу дегенді білдіретіндігін, бірақ қазақ тілінде бар болса ол сөйлеген кезде айтылмайтындығын, оның орнына «тұрмақ» деген сөзді пайдаланатындығын, қырғыздардағы «аяч» деген қазақ тілінде жіңішке, қатын дегенді, «чон» деген үлкен, ұлы, ал «мала» (уақыт) сөзі қазақта көп айтылмайтындығын, ертедегі жырларда ғана кездесетіндігін, қазақтар әдетте араб тіліндегі «уақыт» деген сөз бен парсы тіліндегі «заман» деген сөзді пайдаланатындығын келтіреді. Негізінде Шоқан Шынғысұлы қырғыздың қолданатын көптеген сөздерін мысал ретінде келтіре отырып, оны қазақша сөздермен салыстырады.

Ол қырғыз сөзінде «к» әріпін «қ» болып, көл деген қол, ал «б» әріпі «м» болып, керісінше «д» әрпі «т» болып естілетіндігін, кей сөзге «ғын» деген сөздерді қосатындығын мысалы «бар» деудің орнына «барғын», «келді ме?» деген сұраққа «келелік» жауап беретіндігін келтіреді. Қысқасы ол Алатау қырғыздар түркі тілінің көптеген ерте заманғы түрлерін сақтап қалғандығын, сондықтан монғол-түрік тектес тілмен шұғылданып жүрген ориенталистерге бұл тілге назар аударуды ұсынады.

Осы еңбектің «Сөз өнері» деген бөлімде қырғыз халқының рухани дамуындағы прза немесе өлең түрінде ауызша айтылатын эпикалық аныздарға тоқталады. Ол қырғыз халық поэзиясын бірнеше түрге бөледі. Оның біріншісін ертегілер, екіншісін аныздар деп көрсетеді. Ғалым, осы екі түрдің ұқсастығы мен ерекшелігін атап береді.

Қырғыздардың ең басты поэзиялық шығармасына «Манас туралы» дастанды жатқызады. Дастанның жалпы сипатын көрсете келе, оның тамашалығы тілінде және баяндалып отырған географиялық жағынан өте дұрыс көрсетілуінде деп тұжырымдайды.

Қорытта айтқанда Ш. Уәлихановтың зерттеулерінің маңызы аса зор. Оның әдебиет пен тіл саласындағы ой-тұжырымдары осы күнге дейін өзінің мән-мағынасын жоғалтқан жоқ.

1. Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. Алматы, 1987.

2. Марғұлан Ә. Шоқан Шынғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі (Очерк). Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1980.

3. Өтемұрат С. Шоқан өскен орта. А., 1995.

4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985.

5. Чокан Валиханов. Избранные произведения. Сост.: Мажитов Ф.С., Анес Г.К., Валиханов Э.Ж. –Алматы: Изд-во «Арыс», 2009.

6. Алпысбаева Қ.Б. Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы. Алматы, 2001.

ӘШІРБЕКОВА Г.Ш.
Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемлекеттік университеті ф.ғ.к. (Қызылорда қ.)

Ш. УӘЛИХАНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұлттық көсемсөз өнерінің қалыптасу, даму кезеңдерін сонау ерте дәуірден бастап қарастыру – қазақ мәдениетінің көкжиегін, өркениет өрісін айқындай түседі. Ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздер, батырлар жырындағы, жыраулар поэзиясындағы ауызша ақпарат тарату мен хабар жеткізу публицистиканың бастау өзегі деп табылады. Бұл туралы ф.ғ.д., профессор Б. Жақып «Публицистикалық шығармашылық негіздері» атты еңбегінде кеңінен сөз етеді. Шын мәнінде публицистика жазу-сызудың пайда болуы мен мерзімді баспасөздің жарыққа шыққан кезеңінен басталады. 1870 жылы алғашқы қазақ тілінде газет «Түркістан уалаятымен» бірге ұлттық көсемсөз өнері дүниеге келіп, бүгінге шейін қалыптасып, дамуда.

Жазба әдебиетпен қатар дамыған публицистиканың қойнасында Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев есімдері тұр. Ұлттық сөз өнерінің негізін қалаған тұлғалардың ішінде мерзімді баспасөз арқылы танылған. Оған дәлел ретінде қазақ тілінде шыққан газет-журналдардағы мақалаларды айтуға болады. Ш.Уәлихановтың туралы әуелгі сөз «Түркістан уалаяты газетінде» 1872 жылы 21 қаңтардағы №2 санында жарық көрген. Тұңғыш тарихи портреттік очеркте қазақтың көрнекті ғалымы Шоқанның өмірбаяндық деректері, қызмет жолы, ағартушылығы, оның зираты хақында мағлұмат беріледі. Бұл туралы «Шоқанның есімін мәңгі есте қалдыруға орыс губернаторының өзі белсене атсалысқаны көп жайтты аңғартса керек. Ал газетте екі мәрте Шоқан жайлы жазылуын көзі тірісінде дос болған редактор Ш.Ибрагимовтің өнегелі ісі ретінде бағалауымыз қажет»,- деп жазады Б. Жақып [1, 153 б.]. Шоқан Уәлихановтың қазақ публицистикасына қосқан үлесі мен қаламгерлік қолтаңбасы туралы біршама зерттеулер жазылып, очерктері көркемдік тұрғыдан талданған. Әсіресе кенестік кезеңде баспасөз тарихын жазған Х. Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» атты еңбегінен Шоқан публицистикасы жайлы мол мәліметтер алуға болады.

Журналистиканың бағыт-бағдарын, көркемдік ерекшеліктерін айқындау үшін біз міндетті түрде публицистикаға жүгінеміз.

Публицистикалық қоғамдық пікір, талдау мен сараптау, [illegible] мен пайымдау, образ жүйесі автордың жеке қолтаңбасы арқылы [illegible] Ал журналистикада жекелеген қаламгерлердің шығармашылығын зерттеу – қазақ сөсемсөзін көркемдік, мазмұндық, жанрлық, тақырыптық жағынан байытады.

Бүгінгі таңда публицистика мәселелерін зерттеуші ғалымдардың арасында жанр мәселесі ең өзекті тақырыпқа айналып отыр. Оған себеп ақпарат алмасудағы жеделділік, батыс журналистикасының әсері мен ықпалы, журналистің талдау, сараптау, болжау әдістерінің нәтижесінде жанрлардың бір-бірімен араласып, біте қайнасуы, жанрды жыға танымау, ажырата білмеу секілді толып жатқан мәселелердің орын алуы - жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға жол ашты. Бұрынғы мен бүгінгі ғалымдардың пікірлерін сарапқа салып, журналистика жанрларының табиғатына тың түйіндер жасаған ғалым К. Қамзиннің «Қазақ көсемсөз жанрларының кемелденіу дерісі» атты еңбегі жоғарыда аталған мәселелерді жан-жақты талдауымен құнды. Жалпы біркатар ғалымдар жанрды шартты ұғым деп қарастырған. Десек те, журналистке шығармашылық жұмыста белгілі бір бағытты, тақырыпты, мәселенің мәнісін талдаудың әдіс-тәсілдерін меңгерумен бірге журналистика жанрларына машықтану да үлкен шеберлікті қажет етеді. Батыс журналистикасында репортаж жанрында ғана жазатын атақты репортерлер бар. Талдамалы жанрды жетік меңгерген тілшілердің мақалаларын жұрт асыға күтіп отырады. Бұл – журналистің шығармашылық шеберлігін, білімін, жұмысының нәтижелілігін, жұрттың оған деген сенімін көрсетеді.

Публицистика жанрларын теориялық тұрғыдан түсіндіру жеткіліксіз. Әр жанрды жыға тану үшін жекелеген публицистердің шығармашылығын талдау қажет. Көсемсөз өнерінің басында тұрған Шоқан Уәлихановтың публицистикалық мұрасы жанрлық, тақырыптық, тілдік, стильдік ерекшеліктерімен жоғары бағаланады. Бүгінгі таңда Шоқанның публицист ретіндегі зерттеушілік қырын жан-жақты ашу өзекті мәселе болып саналады. Өйткені, ғалымның публицистикалық мақалаларының тарихи танымдық маңызы, очерктерінің көркемдік сипаты, хаттарының әлеуметтік мәні жоғары. Тіпті соңғы жылдары ғана жанр ретінде қарастырып жүрген журналистік зерттеуді де алғаш рет Шоқан Уәлиханов жасаған деген ойлар айтылып жүр. Мұның бәрі – Шоқан публицистикасының өміршеңдігін танытса керек.

Ш.Уәлиханов публицистикасын жанрлық тұрғыдан үш топқа: мақалалары, очерктері, хаттары деп бөліп қарастырамыз. Публицист-Шоқанның мақалалары өз кезеңінің ғана емес, қазақ халқының бүгінге

дейін маңызын жоймаған мәселелерін сөз етеді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ел басқару, діни сауатсыздық туралы қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі жазылуы ойымыздың нақты дәлелі. Шоқанның ағартушылық идеясын аңғартатын мақалалары «еуропалық жалпы адамзаттық ғылым-білімді меңгеру, даму мен мәдениетке ортақ әрбір халықтың түпкілікті мақсаты» [2, 10 б.] екендігін түсіндіреді. «Қазақтардың қонысы туралы» мақаласында ертеден егіншілікпен айналысқан Жетісу мен Сыр бойының қазақтары секілді барлық қазақтың отырықшы болатынына сенім білдіреді. Ш.Уәлихановтың бірқатар ғылыми мақалаларында қазақ әдебиеті мен тілін дамыту мәселелері көтерілген.

Мақала жанры туралы орыс ғалымы Д.П. Бекасов: «мақала - өмір шындығы құбылыстарын жинақтайтын публицистика жанры, ол жосықты жүйеге түсірілген ойды айқын дамытуды көздейтін жанр» [3, 274 б.]. Демек, Шоқан Уәлихановтың мақалалары қоғамның өзекті мәселелерін сөз етуімен ғана емес, белсенді пікір білдіруімен ерекшеленеді.

Ш. Уәлиханов публицистикасында кеңінен қолданылатын, қаламгерлік шеберлігін танытуды көздейтін саласы – очерктері. «Ертістің жоғарғы жағалауы» очеркін жазудағы публицистің сезімталдығы, қайсарлығы, болжампаздық, аңғарымпаздық қырлары арнайы назар аударуға тұрарлық. Оның ішінде жолжазба күнделіктерінің маңызы зор. Шоқан очерктерін зерттеген ғалым М. Шындалиева: «Шоқан күнделіктерінен ерекше аңғарылатын нәрсе – оқиға аяғы бетпен тұр жалғанға өсіп-өнбеген отырады. Автор өзі жүріп өткен жерлердегі халықтың тұрмысы мен тұрмысына бей-жай қарамай, сол тұста болып жатқан оқиғаларға, құбылыстарға баға беріп, оның тарихи-әлеуметтік мәнін ашып отырыпты тырысқан. Бұл күнделіктердің публицистикалық жағымен қоса тарихи-танымдық тұрғыдан да құнды екенін» атап көрсетеді [4, 83 б.]. Кейінде баспасөздің жетекші жанрына айналған очерк қазіргі қазақ баспасөзінде сирек көрініп жүр. Тіпті очерк деп айдар тақкан дүниелердің өзінде корреспонденцияның, мақаланың, эссеінің элементтері көптеп кездесіп жатады. Очерк табиғатын тереңірек танып, оны жазудың әдіс-тәсілдерін меңгеруде Шоқан жолжазбаларының алатын орны ерекше.

Шоқан публицистикасында өзгеше сипатқа ие хаттары қазақ эпистолярлық публицистикасын байытып, сол кезеңнің маңызды тақырыптарын сөз етеді. Бұл туралы жоғарыда аталған бірқатар ғалымдар өз пікірлерін білдірген. Эпистолярлық публицистиканың хат жанры екеудің арасында ғана емес, көптің көкейіндегісін сөз етіп, тез арада шешім қабылдауды қажет ететіндігін ескерсек, Шоқан хаттары да ұлттық мәселелерді көтеруімен құнды.

Шоқан Уәлихановтың публицистикасы бір мақаланың аукымына сыймайды. Ол оның публицистикалық мұрасын жанрлық тұрғыдан тиісінше жіктеуге. Ұлттық көсемсөз өнерін жанрлық жағынан байытқан бұл тұлғалардың сол кезеңнің шындығы айқын көрінеді. Алдағы уақытта Шоқан публицистикасындағы мақалаларды, очерктерді, хаттарды қазіргі газет жанрларының белгілерімен салыстыра қарастыру міндеті тұр.

1. Қазақ журналистикасы 3 томдық. 1-т.: Қазақ баспасөзі.- А.: Таймас баспа үйі, 2008. – 352 б.
2. Бөкейхан Ә. Қазақ баспасөз тарихының очеркі. – А.: Мектеп, 1981. - 240 б.
3. Теория и практика советской периодической печати. - М.: Высшая школа, 1980. -376 с.
4. Шыныалиева М. Қазақ очеркінің қалыптасуы, даму (Генезис, эволюция, поэтика). – А., 2005. - 6 б.

АСЫЛ Қ.О.
Қорқыт Ата ат.
Қызылорда мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы

ШОҚАН ХАТТАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Журналистикадағы жанр түрлерін негізгі үш топқа бөлеміз. Олар: хабарламалы, талдамалы, көркем-публицистикалық. Ал соңғы зерттеулерге, нақтырақ айтқанда, жақын және алыс шетелдердің публишистика зерттеушілерінің пікіріне сүйенсек, бағаннын (колонка) өзі жанр ретінде қарастырылып жүр. Сондай-ақ, хаттын да эпистолярлық жанр ретінде қоғамда алар өз деңгейлік орны бар десек еш қателеспейміз. Бұған адамдардың өз күйкі тіршіліктерінің мәселесіне арналған хаттар легі жатқызылмайды, онын есесіне қоғам қайраткерлерінің сол қоғамнын іріп-шіріген, адамзатқа жат проблемалары қозғалған, небір әлеуетті мәселелер көтерілген публицистикалық дүниелері кіреді. Бұл тұрғыда сөз қозғаған атақты ғалымдар: Е. Прохоров, Н. Соколов, П. Карасев, қазақ зерттеушілері: Р. Сыздыкова, К. Жұмалиев, К. Бекхожин, Б. Жақып, тағы да басқа сөз зергерлері хаттын адам өмірінде алатын орнынын маңыздылығы мен қоғамдық ой мен пікірді қалыптастырудағы орасан зор күш екендігін атап өтеді.

Эпистолярлық сөзінің ұғымы гректін «epistola» сөзінен шыккан, казакшаға аударғандағы мағынасы – жазбаша үндеу хат. Алғашкы хат үлгілерін ежелгі гректердің пәлсапалық ойлары мен бір-біріне жазыскан хаттарынан табуға болады. Олар: Амасидтін Поликратка, Повсаниянын Ксеркске, Фелистоклдін Артаксеркске және Сенеканын,

Цицеронның, Горацийдің хаттары және осы дүниелерді эпистолярлық жанрдың алғашқы баспалдағы десе болады. «Ал қазақ даласындағы жеке адамдардың бір-біріне жазысқан хаттарының қарлығаштарын 19-ғасырдың 30-жылдарынан табамыз» [1] Ғалымдар зерттей келе бұл уақыттағы хаттарға «Махамбет Өтемісұлының 1839 жылы әр жерлерде бой көтерген қозғалыстардың колбасшы оғлырларына арнап жазған хаттарын» [2] жаткызады.

Қазақ қоғамында Ы. Алтынсарин ағартушылық қызметімен, А.Құнанбаев қара сөзбен философиялық ой-пікір өруден алдына жан салмаған көрегендігімен ең бірінші ауызға ілінер болса, бұлардың қатарында саяхатшы, суретші, этнограф, фольклорист-зерттеуші ғалым ретінде Ш.Уәлихановтың да есімі қатар аталады. Шоқан салған сара жолдың тарам-тарам өрімінің сан тарауы болғандығына оның еңбектерін парактай отырып көз жеткіземіз. Тіпті мектеп қабырғасында-ақ, ғұлама ғалымның Ыстыккөл, Құлжа, Қашқария сапарлары туралы жазған жолсапар очерктерін тұшына оқыдық. Ал ғалымның эпистолярлық жанрға негіз болатын хаттары сан алуан. Бұл туралы зерттеуші М.Фетисов: «Эпистолярное наследие Чокана Валиханова не сохранилось польностью: до нас дошло только два десятка его писем. Но все они за очень редким исключением представляют документы большой историко-литературной ценности, в которых отчетливо выражен публицистический характер, и отличаются глубокой идейностью и широким социальным диапазоном. ... Новаторство Чокана Валиханова в эпистолярном жанре состояло в том, что он сумел придать ему публицистическую силу и остроту» [3] деген ой айтады. Ғалымның бұл тұжырымына қосыла отырып, Шоқанның профессор И. Березинге, П. Семенов Тянь-Шанскийге, Н. Курочкинге, Г. Колпаковскийге, А. Майковка, К. Гутковскийге А. Достоевскийге, Г. Потанинге және өмірінің ең соңғы сәтінде әкесіне жазған аманат хатының небір өзекті мәселелерге, қазақи ұрпақ тәрбиесіне арқау болғандығын анғаруға болады.

«Публицистика да сөз өнерінің үлкен бір саласы. Ол көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы» [4] дейді зерттеуші ғалым Б. Жақып. Сол публицистиканың бір саласы ретінде қарастырылатын эпистолярлық жанр-хаттың Шоқан шығармашылығында өзіндік ерекше орны бар. Олай деуімізге себеп те жоқ емес. Оның батыс пен шығыс өлкесін аралап, салыстыра, салғастыра жүріп тапқан небір ойлары мен дүниетанымдық көкжиегі жоғарыда аты аталған адресаттарға жазған хаттарында көрініс тапқан. Шоқан өз хаттарында қазақ даласының күрделі проблемалары

мен өмірдің ашы шындығын шегіне жеткізе баяндап, туған елінің мұнын мұңдап, жоғын жоқтайды. Оның барлық хаттарында дерлік сыпайылық, жиналаңырлық, өнеге деген камқорлық лебі есіп тұрады. Мысалы, Шоканның А. Достоевскийге, Г. Потанинге, т.б. жазған хаттарында осындай үлкен сыпайгершіліктің лебі есіп тұрады. Осыған орай Шоканға ал орыс жазушылары мен саяхатшылары аскан ілтипат көрсетіп, жазған хаттарында үнемі Шоканның есіне еуропаша білім алған бірінші казак екенін және оны жаксы көріп кана коймай, ғашык екендіктерін жеткізіп отырған. Ал И. Березинге жазған хаттан Шоканның аскан білімдар, ұлтының нағыз жанашыр ұлы және терен зеректігін байкауға болады. Ол осы хатында сонау Еділ мен Жайык бойын, Әму мен Сырды жайлаған казактың шығу тегі мен оны билеп отырған хандарының шежіресін алдынызға жайып салады: Орыс ханнан, Құйыршык, Барак хан, одан сон әз Жәнібектердің ұрпағын сөз етеді [5]. Ол мұнын бәрін фактілі деректермен сөйлете отырып, орыс патшаларымен салыстыра талдайды. Кырғыз-кайсак деп, кеміте сөйлеген адамы көп заманда мұндай нәрселерді баска емес, сол елдің өкіліне айтып, хат жазысу үлкен ерлік демеске шаран жок.

Казак ұлтының, оның мұны мен зарын айта білген хаттардың алғашкы озык үлгілеріне жаткызуға болатын эпистолярлык дүниенің катарында Ы.Алтынсарин мен Ш.Уәлиханов хаттарынын алар орны ерекше. Біз сөз етіп отырған ғұлама ғалым Шоканның хаттары – казак эпистолярлык публицистикасының көш басында тұрған таптырмас туындылар. Бұлай деуімізге негізіміз де бар. Мәселен, онын хаттарын елеп-екшеп, оның өзіне тән ерекшелігін саралар болсак, мынадай корытындыға келуге болар:

1. Хаттардың деректілігі, фактілер дәлдігі (кандай мәлімет келтірсе де, накты жер-су атауы, адамдардың есімдері жинакы, ұғыныкты түрде беріледі)

2. Ыкшамдылығы (шұбаланкы сөздер тіпті де кездеспейді десе болады)

3. Турашылдығы (көніл-күйін жасырмай білдіреді, соған орай әңгімелесушісінен де соны сыпайы талап ете біледі, өзі байкаған, бағамдаған жәйттерді білдіруге шебер)

4. Жоғары мәдениеттілігінде (үнемі үлкенмен де, кішімен де тіл табысады, таласу-тартысу фактісі кездеспейді).

Осы төртінші ерекшелік жөнінде тағы да мына нәрсені айтуға болады: казіргі бұкаралык акпарат құралдарында, оның ішінде: мерзімді басылымдарда аға тұтып, дуалы аузына ел караған коғам кайраткерлері-

нің бір-бірінің мекен-жайына айтып, жазып жатқан ғайбат сөздерге толы хаттарын көргенде Шоқан, Ыбырай аллилда бас иіп келеді. Үнемі қарапайымдылық пен сыпайгершіліктен асып, өз ұлтының алдындағы патриоттық қарызын парызындай қабылдап, асқан ұлтшылдық рухта нардай болып көтере білген арлы ұлдың 30 ғана жас жасап, артында өлмес те өшпес кемел дүние қалдырған тұлғалық мінездемесі мұнымен бітпек емес. Ал оның эпистолярлық хаттарының әрқайсысы өз алдына шоқтығы биік, тарихи маңызы бар асыл дүниелер

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1993.
2. Бұрынғы сонда.
3. Фетисов М. Зарождение казахской публицистики. – А., 1961.
4. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық [illegible]
5. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. [illegible]

АЛМАТОВА Ж.Ш.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы

ӘДЕБИЕТТЕГІ ШОҚАН АСУЛАРЫ

«Ғалымның хаты өшпейді, жаксының аты өлмейді». Осындай даналық сөздері ұлы ғалымнан қалған баға жетпес бай, оғалы мұраларының ешқашан өшпейтіндігін білдірсе керек. Ол Омбы кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинап, күнделіктеріне олар жайындағы пікірлерін жазып отырған. Ұстазы Костылецкийдің қазақ эпосын қалай жинап, қарастыру керектігі жайлы берген кеңесі Шоқан Уәлихановтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына жасаған ғылыми пайымдауынан айқын аңғарылады.

«Қазақ ауыз әдебиетінің теориялық мәселелері» оның «Қазақтың халық поэмасының үлгілері туралы». «Орта жүз қазақтарының аңыз-ертегілері». «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар». «Ер Көкше», «Ер Қосай». қырғыздың «Манас» жырын зерттеулері материалдарының молдығы, теориялық қисындарының дәлдігі мен тұжырымдарының нақтылығы. пікірлерінің құндылығымен ерекшеленеді. Шоқан өз еңбектерінде қазақтың халық поэзиясын жасаушы жырау, ақындарға құрметпен қараған, шығармашылық өнеріне тәнті болғанын жасырмайды. Оларды батыстың рапсод, бардтарымен, орыстың боярларымен салыстырады. Көшпенділердің жанын жайлау еткен, өзі де өнерлерін тамашалап, сұхбаттасқан дала жүйріктерінің жаксы дүниелерін

[illegible] түсіріп алғанын білеміз. Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Тоғжан, Кемпірбай, Жанак тәрізді суырып салма акындар творчествосының [illegible] Шокан дәлелдеп берген және бұл өнер олардың бойына [illegible], сонын тамырын түптеп казады.

Кашкар сапарынын жемісі – Уәлихановтың «Алты шаһардың яғни [illegible] провинциясының Шығыстағы алты каласы жайлы» [illegible] Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік [illegible] арналып, заман ғылымынын биік деңгейінде жазылған [illegible] тұңғыш зерттеу жұмысы болды. Шокан казактың батырлар [illegible] ежелгі-герман эпостарына ұксайтындығын ашты. Тарихи жырлардын [illegible] тегін куалай келіп, Ноғайлы заманының бұл туындылары XIV-XVI ғасырларға жататынын аныктады. «Ер Көкше» жырын зерттегенде [illegible] арманын бас кейіпкері Ер Көкше батыр тарихта болған адам екенін, [illegible] 1423 жылы ұрыста каза тапканы туралы дерек келтіреді.

«Казак шежіресі» атты құнды еңбегінде түркі халыктарынын ішіндегі Ноғайлар мен «Ноғай ордалары» жөнінде айтады. Казакка етене жакын, тілі мен салтында еш айырмашылык жок бұл көшпенділер бір замандарда Алатау мен Ыстыккөлге дейін келіп коныстанған сиякты. Сондыктан, Шокан «Казактардын аңыз-жырларында ноғай мен казак көшіп кой үстінде бозторғай жұмырткалаған заман еді...» деген деректі келтіреді. Ш.Уәлиханов көп окып, көп токыған, талғамы терен ғалым болғандыктан, әдебиет жайындағы еңбектері мен зерттеулерінде әдеби салыстырулар мол ұшырасады, бұл онын каусырымы кеңдігінен, аскан білімпаздығынан хабардар етеді.

Шокан ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп, бастырып шығарумен тынбай, оларға теориялық талдаулар жасаған ғалым. Ол казак поэзиясын өлең, жыр, жоктау, кара өлең деп жіктеген. Әрине, бұл казак өлені құрылысы, заңдылығы, шкі ерекшелігі жағынан кейде нысанадан ауыткып жатса да, оны зерттеу объектісіне айналдырып, пікір козғауынын өзі аскан ерлік, бүгінгі зерттеушілер үшін үлгі-өнеге. Ш.Уәлиханов туған казак халкының әдебиетін талдап, сыныптап, оған өз тарапынан құнды пікір айткан тұңғыш зерттеуші.

Тегі, тілегі бір кырғыз ағайындардын да әдебиетін зерттеген. «Манас» эпосын алғаш рет кағазға түсіріп, кейбір бөлімдерін орысшаға аударған. «Жоңғария очерктері», «Ыстыккөл сапарының күнделігі», «Қырғыздар» атты макалаларында «Манасты» тұтас бір халыктын энциклопедиясына теңейді. Оны көне Грецияда туып, күллі жаһанның рухани мұрасына айналған данышпан Гомердін классикалық поэмасымен катар кояды. Әлемдегі теңдесі жок классикалық поэмалардын катарына койғанда ол

[illegible] мысалдармен барлық эпостардың тарихи негізінде, этнографиялық мағлұматтарының молдығына, поэтикалық құнына сүйенген.

Замандастары Шоканды «Қазақ туралы жалпын орыс әдебиетшісі» [illegible], оны зерттеу еңбектерінің кестесі [illegible], образдық жағынан [illegible]ына, сөз бояуына, айшықты поэтикалық құнарына қарап бағалап, [illegible] болған. Ш.Уәлиханов қазақ, қырғыз халықтары әдебиеттерінің [illegible]-зерттеушісі.

1. Ибрагимов С.К. Шоқанмен қайта кездесу. – А., 1990
2. Ибрагимов С.К. Шоқан өскен орта. – А., 1995
3. Қазақ энциклопедиясы. – А., 1998
4. Мұқтаров С.К., Сыдықов Г. Қазақ әдебиеті. – А., 1999

СЕКЦИЯ № 5

ГЕОГРАФИЯ

ДҮЙСЕНБАЕВА А.Қ.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ДОСТАРЫНА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫН ЖӘНЕ ӨМІРІН ТАНЫСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТАНЫТУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ (1935 – 1865 жж.)

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835-1865) – қазақтың ұлы ғалымы: ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Шын аты Мұхамедханафия, әжесінің бала күнінде «Шоканым» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен. Туған жері – қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы. Арғы атасы – қазақтың ұлы ханы – Абылай. Шоқан оның шөбересі. Өз атасы Уәли де хан болған. Ал әкесі Шыңғыс Қазақстанда хандық жүйе жойылып, аға сұлтандықтың енгізілуіне байланысты, аға сұлтан лауазымын иеленген.

«Жеті жұрттың» тілін білуге тиісті хан тұқымы болғандықтан, ауыл мектебінде оқып, арабша хат таныған. Шоқан араб, шағатай тілдерін меңгереді. Бұдан кейін оны әкесі сол кезде Сібірдегі ең тандаулы оқу орны деп есептелінетін Омбы кадет корпусына береді. Зерек те зерделі Шоқан мұнда «екі-үш жылдан кейін-ақ өз сыныптастарынан ғана емес, өзінен екі жас үлкендердің сыныбындағыларды да басып озып шығады». Ол осында белгілі шығыстанушы ғалым И.Н. Березиннің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс ханның «Жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғылыми еңбегі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын, әсіресе шығыс әдебиеті мен тарихын жақсы білетіндігін сол кездегі орыс ғалымдары да жоғары бағалап, мойындай бастаған болатын.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңесінде қалдырылады. Ол 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу бағытында жұмыс істеу үшін ұйымдастырылған экспедицияға қатысып, Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келеді. Осы сапарында қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап алады. Бұл еңбегін жоғары бағалаған генерал Г.Х. Гасфорт оны наградаға ұсынады, әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик

атағын алады. Келесі жылы М.М. Хомеентовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысып, қырғыз елін жете зерттеп, Ыстықкөл аймағының картасын жасады. «Манас» жырын жазып алып, Іле өзенінің басындағы Манас жорық жасады деген жерлерді оқып көреді. Сібір мен Тянь-Шань арасында көшіп жүрген қырғыздар Алтайдың автохтонды ежелгі тұрғындары екенін тарихта тұңғыш растап, анықтап береді. Қырғыздардың көне тарихы жөнінде жазған географ К. Риттердің, А. Гумбольттің, шығыстанушы ғалымдар Шотт пен Клапроттың еңбектеріне сын айтады, тарих, география саласындағы даңқы Петербург ғалымдарына да жетіп, жиырмадан жаңа асқан жас Шоқанды Орыс Географиялық қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды.

Шоканның Қашқарияға сапары ғалымдық-зерттеушілік саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қоқан хандығының Қашқардағы консулы әрі саяси резиденциясы көмегімен Қашқардың экономикалық-саяси құрылымын зерттеп, оған халықтың тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинады. Қашқар сапарынан «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келеді. Бұл – Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді. Ұзамай ол Германияда, Англияда жарияланады.

Шоканнан қалған мұраның бірі – бейнелеу өнеріндегі зерттеулері. Бұл еңбектер оның өнердің осы саласындағы қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі болғанын дәлелдейді. Ол негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеумен айналысқан.

Науқасы меңдегендіктен Петербургтан елге оралған Шоқан туған халқының екі жақты қанауда езілгенін көріп, 1862 жылғы сайлауда Атбасар округының аға сұлтаны болуға талпынады. «Елдестеріме пайдамды тигізу үшін аға болғым келеді. Оларды чиновниктен, қазақ байларынан қорғамақ болдым. Сондағы ең алдымен көздегенім - өз басымның мысалы аркылы жерлестеріме оқыған аға сұлтанның пайдалы екенін көрсету еді» деп жазады ол. Бұл мақсатын орындай алмай, аға сұлтандыққа өте алмай қалады. Осыдан кейін М.Г. Черняевтің экспедициясында болып, оның жазықсыз елді қырғынға ұшыраткан қанқұйлы каталдығын көргендегі жан күйзелісіне тән ауруы қосылып, Шоқанды бәрін тастап, ел арасына кетуге мәжбүр етеді. Тән ауруы мен жан ауруына шипа таба алмаған Шоқан 1865 жылы Алтынемелде, Көшентоғай деген жердегі Тезек төре ауылында қайтыс болады.

Шоканның мандайына «жарқ етіп сөнген құйрықты жұлдыздай» қысқа

[illegible] ғұмыр сүрмек болды. Бірақ ол сол аз ғана ғұмырында адам [illegible] [illegible] мүмкіндіктерін, гуманизмнің биік өресін, ұлтжанды [illegible] [illegible] ғылыми кабілет пен алғырлықтың қайран [illegible] [illegible] [illegible] барлығы болмысымен, нақты іс-әрекетімен дәлелдеп үлгерді.

18 июль. 1859 жыл.

Шоқан Уәлихановтың жазыскан хаттары.

Ф. М. Достоевскийге жазған хаты.

Сүйікті досым, Федор Михайлович!

Мен саған хатты Қазаннан жазамын деп уәде беріп едім, бірақ [illegible] себептермен, көбінесе жалкаулықтың салдарынан, Сібірдегі Петропавловскіден жазып отырмын. мұнда мен кеше кешке келдім. [illegible] генерал-губернатордың келуін күтем, одан кейін тура өз ауылыма кетпекпін. Денсаулығым жаман да емес, жаксыда емес, қымыз ішіп жүрсем дағы бұрынғыдай жөтелем, ал енді дала мен еркін ауа, пәуескі не дер екен?

Мен казір өте көңілсізбін және сондыктан көп жаза алмаймын. Көңілсіздікке ұшыраған себебім: Казаннан өзіме бір серік ертіп алып едім, ол мырза менің әбден мазамды кетіріп болды, ал одан ешбір құтыла алар емеспін: мен кайда барсам, олда сонда барады да отырады. Оның көзіме көрінуінің өзі менің зығырымды кайнатып, жынымды келтіреді. Міне, сөйтіп, сүйікті досым, өзіме өзім бәле тілеп алдым, өзімде де обал жок, бұдан серік ертпеспін-ау. Бұдан әрі жазғым келмей отыр, кош бол достым. Мария Дмитриевнаға, Михаило Михаиловичке және оның үй ішіне, Майковке, Полонскийге және біздің таныстарымыздың бәріне менен сәлем айт.

Уәлиханов.

Ф. М. Достоевскийдің Уәлихановка жазған хаты:

Семей каласы, 14 декабрь, 1856 жыл.

Құрметті досым, сіздің хатыңызды маған Александр Николаевич әкеліп тапсырды. Сіз сондай сүйкімді, жылы сөзбен жазыпсыз, хатыңызды окыганда өзінізді көргендей болдым. Сіз мені жаксы көремін деп жазыпсыз. Ендеше мен туралап-ак айтайын. Мен сізді жаксы көргендей ешуакытта да, ешкімді де, керек десе туған аға-інімді де жаксы көрген емеспін, мұның себебін құдай білсін. Ал енді, Сіз, кымбатты Уәлиханым, менің ниетімнің таза екендігіне, тегі, ешкандай дәлелсіз-ак сенетін баларсыз, егер де бұл туралы мен он кітап жазсам да көңілдегінің бәрін түгел жазып тауыса алмас едім, өйткені сезім, тәтті көңіл дегендер түсіндіруге болмайтын нәрселер ғой. N.B. Бұл құпия-сызыкша мен өзімнің досым деп жүрген бір акылды, сүйкімді адамгершілігі күшті әйелге Сіз жайында көп-көп

